- 19 Ecker U. K. H., Lewandowsky S., Cook J., Schmid P., Fazio L. K., Brashier N., Kendeou P., Vraga E. K., Amazeen M. A. *The psychological drivers of misinformation belief and its resistance to correction* // *Nature Reviews Psychology*. - 2022. - Vol. 1. - P. 13-29. - DOI: 10.1038/s44159-021-00006-y.
- 20 Kozyreva A., Lorenz-Spreen P., Herzog S. M., Ecker U. K. H., Lewandowsky S., Hertwig R. *et al. Toolbox of individual-level interventions against online misinformation* // *Nature Human Behaviour*. - 2024. - Vol. 8, № 6. - P. 1044-1052. - DOI: 10.1038/s41562-024-01881-0.
- 21 OECD. *21st-Century Readers: Developing Literacy Skills in a Digital World*. - Paris: OECD Publishing, 2021. - 216 p. - DOI: 10.1787/a83d84cb-en.
- 22 Castells M. *Communication Power*. - Oxford: Oxford University Press, 2009. - 571 p.
- 23 Luhmann N. *The Reality of the Mass Media*. - Stanford: Stanford University Press, 2000. - 154 p.

**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ  
ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ  
PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE**

FTAMP 11.15.89

DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6270.2026.94.2.009>

М.К. Дюсембекова<sup>1</sup> , Қ.Д. Жанпейісова<sup>1\*</sup> , Д.С. Примбетов<sup>1</sup> , А.Ә. Арзықұлов<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан

<sup>2</sup>ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты  
Астана қ., Қазақстан

\*e-mail: [k\\_zhanpeisova@mail.ru](mailto:k_zhanpeisova@mail.ru)

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ  
САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ РӨЛІ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясатының іске асуына саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің ықпалы талданады. Инклюзивті білім беру қазіргі жағдайда тек педагогикалық ұйымдастыру мәселесі емес, әлеуметтік әділеттілік, азаматтық бақылау және мемлекеттік саясаттың ашықтығы өлшемдерімен байланысты қоғамдық сала ретінде қарастырылады. Зерттеудің дереккөздік негізін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары, саяси партиялардың бағдарламалық ұстанымдары мен жария коммуникациялары, Оқу-ағарту министрлігі мен халықаралық ұйымдардың есептері, сондай-ақ Google Trends платформасындағы іздеу динамикасы құрайды. Әдіснамалық тұрғыдан құжаттық талдау, мазмұндық талдау және салыстырмалы-сипаттамалық тәсіл қолданылды. Нәтижелер саяси партиялардың инклюзия тақырыбын көбіне білім сапасы, инфрақұрылым, әлеуметтік қорғау және ата-аналарды қолдау мәселелері арқылы көтеретінін көрсетті. Алайда партиялық құжаттарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған нақты индикаторлар мен жүйелі мониторинг тетіктері әрдайым айқын берілмейді. Әлеуметтік желілер қоғамдық назарды күшейтетін, жергілікті проблемаларды тез жария ететін және билік органдарына кері байланыс беретін ортаға айналғанымен, оларды қоғамдық пікірдің толық репрезентативті өлшемі ретінде қабылдау шектеулі. Мақала қорытындысында инклюзивті білім беруді дамыту үшін партиялар, қоғамдық ұйымдар, ата-аналар қауымдастығы, білім беру мекемелері және мемлекеттік органдар арасындағы тұрақты диалог пен ашық дерекке негізделген азаматтық мониторинг қажет екені негізделеді.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, азаматтық қоғам, саяси партиялар, әлеуметтік желілер, ерекше білім беру қажеттіліктері, мемлекеттік саясат, қоғамдық бақылау.

*M.K. Dyussebekova<sup>1</sup>, K.D. Zhanpeisova<sup>1\*</sup>, D.S. Primbetov<sup>1</sup>, A.A. Arzykulov<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Astana, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Kazakhstan Institute of Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan  
Astana, Kazakhstan*

*\*e-mail: k\_zhanpeisova@mail.ru*

## **THE ROLE OF POLITICAL PARTIES AND SOCIAL NETWORKS IN THE DEVELOPMENT OF INCLUSIVE EDUCATION**

### *Abstract*

The article examines the role of political parties and social networks in the implementation of inclusive education policy in Kazakhstan. Inclusive education is approached not only as a pedagogical arrangement, but also as a matter of social justice, civic oversight and the transparency of public policy. The empirical basis of the study includes national legal and policy documents, programmatic statements and public communication of political parties, reports of the Ministry of Education and international organizations, and search-interest dynamics from Google Trends. The study applies documentary analysis, content analysis and a comparative descriptive approach. The findings show that political parties usually address inclusion through the broader agendas of educational quality, infrastructure, social protection and support for parents. At the same time, party documents do not always contain clear indicators, monitoring mechanisms or measurable commitments related to learners with special educational needs. Social networks increase public visibility, reveal local problems more quickly and provide feedback to public authorities; however, they cannot be treated as a fully representative measure of public opinion. The article concludes that the development of inclusive education requires regular civic monitoring based on open data and sustained dialogue among political parties, civil society organizations, parents' associations, educational institutions and state bodies.

**Keywords:** inclusive education, civil society, political parties, social networks, special educational needs, public policy, civic oversight.

*Дюсембекова М.К.<sup>1</sup>, Жанпеисова К.Д.<sup>1\*</sup>, Примбетов Д.С.<sup>1</sup>, Арзыкулов А.А.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г. Астана, Казахстан*

*<sup>2</sup>Казахстанский институт стратегических исследований  
при Президенте Республики Казахстан  
г. Астана, Казахстан*

*\*e-mail: k\_zhanpeisova@mail.ru*

## **РОЛЬ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ И СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ В РАЗВИТИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

### *Аннотация*

В статье рассматривается роль политических партий и социальных сетей в реализации политики инклюзивного образования в Казахстане. Инклюзивное образование анализируется не только как педагогическая практика, но и как сфера социальной справедливости, гражданского контроля и открытости государственной политики. Эмпирическую основу исследования составили нормативно-правовые документы Республики Казахстан, программные положения и публичные коммуникации политических партий, отчеты Министерства просвещения и международных организаций, а также данные Google Trends, отражающие динамику поискового

интереса. В работе использованы документальный анализ, контент-анализ и сравнительно-описательный подход. Результаты показывают, что политические партии чаще всего обращаются к теме инклюзии через вопросы качества образования, инфраструктуры, социальной защиты и поддержки родителей. Вместе с тем в партийных документах не всегда четко обозначены измеримые обязательства, индикаторы и механизмы мониторинга в отношении детей с особыми образовательными потребностями. Социальные сети усиливают общественную видимость проблемы, быстрее выявляют локальные барьеры и создают канал обратной связи между обществом и государственными органами, однако не могут рассматриваться как полностью репрезентативный показатель общественного мнения. В заключении обосновывается необходимость регулярного гражданского мониторинга, основанного на открытых данных, и устойчивого диалога между партиями, общественными организациями, родительским сообществом, образовательными учреждениями и государственными органами.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, гражданское общество, политические партии, социальные сети, особые образовательные потребности, государственная политика, общественный контроль.

### Кіріспе

Инклюзивті білім беру соңғы онжылдықтарда білім саласындағы тар кәсіби ұғымнан шығып, әлеуметтік саясаттың, адам құқықтарының және қоғамдық келісімнің маңызды өлшеміне айналды. Оның негізгі мәні – баланың денсаулық жағдайына, даму ерекшелігіне, әлеуметтік ортасына немесе тілдік айырмашылығына қарамастан, сапалы білімге қол жеткізуіне жағдай жасау. 1994 жылғы Саламанка мәлімдемесінен кейін инклюзия халықаралық білім беру күн тәртібінің тұрақты бөлігіне айналды [1]. Кейін БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы осы қағиданы құқықтық тұрғыдан күшейтіп, мемлекеттерге білім беру жүйесін кемсітуден қорғау міндетін жүктеді [2].

Қазақстанда да бұл бағыт мемлекеттік саясаттың маңызды саласына енді. Конституцияда азаматтардың білім алуға тең құқығы бекітілген [3], ал «Білім туралы» заң мен инклюзивті білім беру мәселелері бойынша 2021 жылғы өзгерістер білім беру ұйымдарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау міндетін нақтылады [4-5]. Дегенмен құқықтық норманың болуы мәселенің толық шешілгенін білдірмейді. Инклюзияның шынайы іске асуы мектептің физикалық қолжетімділігіне, педагог кадрлардың дайындығына, ата-аналармен жұмыс сапасына, арнайы мамандар мен сүйемелдеу қызметтерінің жеткіліктілігіне, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі басқару мәдениетіне тәуелді.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде инклюзивті білім беру мәселесі кеңінен зерттелген. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін дамытуда М. Эйнскоу, Т. Бут және Л. Флориан сияқты ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады. М. Эйнскоу инклюзияны барлық білім алушылардың қажеттіліктеріне жауап бере алатын білім беру жүйесін қалыптастыру үдерісі ретінде қарастырады. Ал Т.Бут пен М.Эйнскоу әзірлеген «Inclusion Index» тұжырымдамасы мектеп мәдениетін, саясатын және тәжірибесін инклюзивті қағидаттарға бейімдеудің маңызын негіздейді. Л.Флориан инклюзивті педагогика теориясында оқушылар арасындағы айырмашылықтарды білім беру үдерісінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қазақстандық зерттеушілер де инклюзивті білім берудің құқықтық, әлеуметтік және педагогикалық аспектілерін қарастырған. М.Б. Турлубекова, Р.О. Бугубаева зерттеу мақсатында анықталған болжамды мәндер негізінде Қазақстанда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру процесін және пайдалану мүмкіндігін талдау болып табылады [6, с. 89]. А. Б. Жумагулова өз зерттеуі мақсаты ретінде заңнамалық актілерді шолу және мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім беру процесін реттеудің халықаралық тәжірибесін зерделеу негізінде Қазақстанда инклюзивті білім беруді құқықтық қамтамасыз етуді бағалау болып табылады. Инклюзияны нормативтік қамтамасыз ету мәселелері зерттеу пәні болып табылады. [7, с. 470]. Алайда қолданыстағы зерттеулердің басым бөлігі арнайы білім беру технологияларына, педагогтердің кәсіби даярлығына немесе мемлекеттік саясат мәселелеріне бағытталған. Саяси партиялар мен

әлеуметтік желілердің инклюзивті білім беруді дамытудағы ықпалы, олардың қоғамдық бақылау және азаматтық қатысу тетігі ретіндегі қызметі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты аталған мәселе ғылыми тұрғыдан өзекті болып табылады және зерттеудегі ғылыми олқылықты толықтыруға мүмкіндік береді.

Осы жерде азаматтық қоғам институттарының рөлі айқын көрінеді. Саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, ата-аналар қауымдастықтары, сарапшылар мен әлеуметтік желідегі белсенді топтар білім беру саласындағы нақты проблемаларды жария талқылауға шығара алады. Олар мемлекет қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауға, жергілікті кедергілерді көрсетуге және ерекше қолдауды қажет ететін балалардың мүддесін қоғамдық күн тәртібіне енгізуге ықпал етеді. Бірақ бұл ықпал әрдайым бір деңгейде емес: кейде нақты мониторингке сүйенеді, кейде жалпы ұран немесе әлеуметтік қолдау сипатындағы мәлімдемемен шектеледі.

Мақаланың өзектілігі осы қайшылықтан туындайды. Бір жағынан, Қазақстанда инклюзивті білім беру нормативтік жағынан бекітілген және мемлекеттік саясатта жиі аталады. Екінші жағынан, оның күнделікті білім беру тәжірибесіндегі сапасы мен қолжетімділігі азаматтық бақылау, ашық дерек және қоғамдық талқылау тетіктеріне тікелей байланысты. Сондықтан саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің бұл саладағы орны арнайы талдауды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудағы саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің рөлін талдау, олардың қоғамдық бақылау мен мемлекеттік саясатқа ықпал ету мүмкіндігін бағалау. Осы мақсатқа сай мақалада үш сұрақ қарастырылады: біріншіден, инклюзивті білім беруді реттейтін құқықтық және институционалдық негіздер қандай; екіншіден, саяси партиялар өз бағдарламалары мен жария коммуникацияларында бұл мәселені қалай көтереді; үшіншіден, әлеуметтік желілер мен цифрлық іздеу динамикасы қоғамдағы назардың сипатын қалай көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми болжамы: саяси партиялардың қоғамдық бақылау қызметі мен әлеуметтік желілердегі азаматтық белсенділік деңгейі жоғары болған жағдайда инклюзивті білім беру саясатының тиімділігі артады, ал қоғам тарапынан жүргізілетін мониторинг ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғауға және білім беру жүйесіндегі мәселелерді уақтылы анықтауға ықпал етеді.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу сапалық сипаттағы құжаттық және мазмұндық талдауға негізделді. Негізгі дереккөздер үш топқа бөлінді. Бірінші топқа Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» заң, 2021 жылғы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер, әлеуметтік қорғау және білім беру саласына қатысты стратегиялық құжаттар кірді. Екінші топты саяси партиялардың бағдарламалық ұстанымдары, ресми сайттарындағы және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жария материалдары құрады. Үшінші топқа Оқу-ағарту министрлігінің деректері, UNICEF және серіктес ұйымдардың инклюзивті білім беру жөніндегі бағалау материалдары, сондай-ақ Google Trends платформасындағы іздеу белсенділігі алынды [8-11].

Құжаттық талдау құқықтық нормалар мен партиялық бастамалардың мазмұнын салыстыруға мүмкіндік берді. Мақалада әрбір құжаттан инклюзияға қатысты мынадай мағыналық бірліктер ізделді: білімге тең қолжетімділік, инфрақұрылымның бейімделуі, педагогикалық және психологиялық қолдау, ата-аналар мен отбасыға әлеуметтік көмек, жергілікті деңгейдегі мониторинг, азаматтық бақылау және ашық есептілік. Бұл тәсіл партиялық мәлімдемелердің жалпы білім саясаты деңгейінде қалғанын немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға нақты бағытталғанын айқындауға көмектесті.

Әлеуметтік желілер мен цифрлық іздеу деректері қоғамдық назардың динамикасын түсіндіру үшін қосымша материал ретінде пайдаланылды. Google Trends мәліметтері қоғамның белгілі бір кезеңдегі іздеу қызығушылығын көрсетеді, бірақ ол әлеуметтік көңіл-күйді толық өлшемейді. Сондықтан мақалада бұл дерек қоғамдық пікірдің репрезентативті сауалнамасы

ретінде емес, тақырыпқа ақпараттық назардың маусымдық және медиалық белгісі ретінде қарастырылды. UNICEF-тің инклюзивті білім беруге қатысты үлкен деректерді қолданған бағалауы әлеуметтік медиа талқылауларын түсіндіруде маңызды дереккөз ретінде алынды [10].

Зерттеудің шектеуі де бар. Саяси партиялардың әлеуметтік желідегі барлық жазбасын толық сандық контент-талдау жасау мақсаты қойылған жоқ. Негізгі назар ресми бағдарламалар мен қоғамдық кеңістікте анық көрінетін бастамалардың мазмұнына аударылды. Сонымен бірге ресми статистикада «мүгедектігі бар балалар», «ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар», «арнайы білім беру ұйымдарында оқитын балалар» сияқты санаттар әртүрлі қолданылатыны ескерілді. Сондықтан мақалада сандық көрсеткіштер бір-бірімен механикалық түрде салыстырылмай, контекстік түсіндірме арқылы берілді.

Аталған зерттеу Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудағы саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің рөлін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында сапалық зерттеу әдіснамасы қолданылды, себебі жұмыстың негізгі мақсаты инклюзивті білім беру саласындағы қоғамдық және саяси үдерістердің мазмұнын, олардың өзара байланысын және мемлекеттік саясатқа ықпал ету ерекшеліктерін талдау болып табылады. Сапалық тәсіл зерттеу нысанын тереңірек қарастыруға, түрлі дереккөздердегі ақпараттарды салыстыруға және қоғамдық құбылыстардың мәнін жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу 2024-2025 жылдар аралығында жүргізілді. Зерттеудің кеңістіктік шекарасы ретінде Қазақстан Республикасы алынды. Зерттеу нысаны ретінде инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, саяси партиялардың қызметі және әлеуметтік желілердегі қоғамдық коммуникация үдерістері қарастырылды. Ал зерттеу пәні ретінде саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің инклюзивті білім беруді дамытуға ықпал ету тетіктері анықталды.

Зерттеу барысында деректерді жинаудың бірнеше әдісі қолданылды. Бірінші кезекте құжаттық талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» заңын, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша қабылданған заңнамалық өзгерістерді, мемлекеттік бағдарламаларды, стратегиялық құжаттарды және халықаралық ұйымдардың ресми материалдарын зерттеуге мүмкіндік берді. Құжаттық талдау арқылы инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық негіздер жүйеленіп, олардың негізгі бағыттары мен басымдықтары анықталды.

Сонымен қатар мазмұндық талдау (контент-талдау) әдісі қолданылды. Контент-талдау саяси партиялардың бағдарламалық құжаттарын, ресми сайттарындағы материалдарын, қоғамдық бастамаларын және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттарды зерттеуге бағытталды. Талдау барысында инклюзивті білім беру мәселесіне қатысты негізгі тақырыптар, ұстанымдар және ұсыныстар анықталды. Әсіресе білімге тең қолжетімділік, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, білім беру инфрақұрылымын жетілдіру, педагогтердің кәсіби даярлығы және әлеуметтік қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Зерттеу материалдарын іріктеу белгілі бір критерийлер негізінде жүзеге асырылды. Біріншіден, құжаттарда инклюзивті білім беру немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мәселесінің қамтылуы ескерілді. Екіншіден, материалдардың ресми және сенімді ақпарат көздерінен алынуы басты талап болды. Үшіншіден, зерттеуге енгізілген құжаттар мен жарияланымдардың зерттеу тақырыбына тікелей қатыстылығы назарға алынды. Осы критерийлер зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Саяси партияларды іріктеу кезінде олардың республикалық деңгейде ресми тіркелген саяси ұйым болуы, қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуы және білім беру саласына қатысты бағдарламалық ұстанымдарының болуы негізгі өлшем ретінде алынды. Осы негізде «AMANAT» партиясы, Қазақстан халық партиясы, «Ауыл» партиясы, «Respublica» партиясы және Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның ресми құжаттары мен жария коммуникациялары зерттеу нысанына енгізілді. Бұл партиялар Қазақстанның қазіргі саяси кеңістігіндегі негізгі саяси субъектілер ретінде таңдалды.

Әлеуметтік желілерді зерттеу барысында Facebook, Instagram және Telegram платформаларында жарияланған ашық ақпараттық материалдар пайдаланылды. Аталған платформалар Қазақстан қоғамында кең таралған және қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызды арналары болып саналады. Әлеуметтік желілердегі материалдарды талдау кезінде инклюзивті білім беру тақырыбы бойынша жарияланған ақпараттық хабарламалар, қоғамдық пікірлер, ата-аналардың өтініштері, сарапшылардың көзқарастары және азаматтық бастамалар қарастырылды. Сонымен қатар Google Trends платформасының деректері пайдаланылып, инклюзивті білім беру мәселесіне қатысты қоғамдық қызығушылықтың динамикасы бағаланды.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс құқықтық құжаттардың мазмұнын саяси партиялардың бағдарламалық ұстанымдарымен және әлеуметтік желілердегі қоғамдық талқылаулармен салыстыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде мемлекеттік саясатта жарияланған мақсаттар мен қоғамдық деңгейде көтерілетін мәселелер арасындағы байланыс анықталды.

Зерттеудің ғылыми сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында деректерді үштараптандыру (триангуляция) тәсілі пайдаланылды. Яғни зерттеу қорытындылары бір ғана дереккөзге емес, нормативтік құжаттарға, ресми статистикалық мәліметтерге, халықаралық ұйымдардың есептеріне, саяси партиялардың материалдарына және әлеуметтік желілердегі ашық ақпараттарға сүйене отырып жасалды. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Әлеуметтік желілердегі барлық жарияланымдарға толық сандық талдау жүргізілген жоқ. Зерттеу негізінен ашық қолжетімді материалдарға сүйенді. Сондай-ақ әлеуметтік желілердегі пікірлер жалпы қоғамның көзқарасын толық көрсетпеуі мүмкін. Осыған байланысты алынған нәтижелер қоғамдық үрдістердің негізгі бағыттарын сипаттайтын сапалық қорытындылар ретінде қарастырылды.

Осылайша, зерттеу әдіснамасы құжаттық талдау, контент-талдау, салыстырмалы талдау және деректерді үштараптандыру әдістерінің үйлесімді қолданылуына негізделді. Бұл тәсілдер Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытуда саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің рөлін жан-жақты бағалауға және зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясаты бірнеше деңгейден тұрады: халықаралық міндеттемелер, ұлттық заңнама, салалық бағдарламалар, жергілікті инфрақұрылым және қоғамдық бақылау. Бұл деңгейлер бір-бірінен бөлек емес. Мысалы, халықаралық конвенция тең құқық қағидасын бекітсе, ұлттық заң оны білім беру ұйымдарының нақты міндетіне айналдырады; ал азаматтық қоғам осы міндеттің күнделікті орындалуын қадағалап, проблеманы жария кеңістікке шығарады.

Нормативтік негізді талдау көрсеткендей, Қазақстанда инклюзивті білім беру құқықтық тұрғыдан танылған. Алайда құқықтық бекіту мен практикалық қолжетімділік арасында алшақтық бар. Мектепке пандус орнату немесе арнайы кабинет ашу инклюзияның бір бөлігі ғана. Толыққанды нәтиже үшін оқу бағдарламасының бейімделуі, маманның сүйемелдеуі, баланың әлеуметтік ортаға қосылуы және мұғалімдердің кәсіби дайындығы қатар жүруі тиіс.

**1-кесте. Қазақстандағы инклюзивті білім беруге қатысты негізгі нормативтік және стратегиялық құжаттар**

| № | Құжат  | Қабылданған жылы                          | Негізгі мазмұны   | Инклюзивті білімге қатысы  |
|---|--|---|---|--|
| 1 | Қазақстан Республикасының Конституциясы  | 1995                                      | Азаматтардың білім алуға тең құқығын бекітеді.  | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білімге қолжетімділігін құқықтық қағида деңгейінде негіздейді. |
| 2 | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  | 2007, өзгерістермен                       | Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды.               | Білім беру ұйымдарына қолжетімді орта қалып-тастыру және арнайы жағдай жасау міндетін жүктейді.                |
| 3 | Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша 2021 жылғы заңнама-лық өзгерістер   | 2021                                      | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жағдай жасау талаптарын нақтылады.   | Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, бейімделген оқу және қабылдау тәртібі мәселелерін күшейтті.            |
| 4 | БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы   | 2006, Қазақстан 2015 жылы ратификациялады | Мүгедектігі бар адамдардың қоғам өміріне тең қатысу құқығын бекітеді.                       | Инклюзивті білім беруді адам құқығы және кемсітпеу қағидасы тұрғысынан негіздейді.                             |
| 5 | Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы | 2019                                      | Білім сапасын арттыру, тең қолжетімділік және инфрақұрылымды дамыту міндеттерін айқындайды. | Инклюзивті орта құру, педагог-терді даярлау және білім беру ұйымдарын бейімдеу бағыттарын қамтиды.             |
| 6 | Әлеуметтік кодекс  | 2023                                      | Әлеуметтік құқықтар мен қолдау шараларын жүйелейді.   | Ерекше қолдауды қажет ететін балалар мен олардың отбасыларына кешенді көмек көрсету қажеттілігін күшейтеді.    |
| 7 | Президент жолдаулары және стратегиялық құжаттар  | жыл сайын                                 | Әлеуметтік саясат, адами капитал және білім беру сапасы мәселелерін белгілейді.             | Инклюзивті және қолжетімді білімді мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағытымен байланыстырады.                  |

*Ескерту: Автордың жеке дереккөзінен*

Кесте-1 инклюзивті білім берудің құқықтық негізі бар екенін көрсетеді. Бірақ осы құжаттарды бір деңгейдегі актілер ретінде түсіндіруге болмайды: Конституция мен заңдар міндетті құқықтық норманы бекітсе, стратегиялық бағдарламалар мен президенттік жолдаулар саясаттың

бағытын көрсетеді. Партиялық жобалар мен қоғамдық бастамалар бұл кестеге әдейі енгізілген жоқ, өйткені олар құқықтық құжат емес, азаматтық және саяси ықпал ету құралдарына жатады.

Ресми және сараптамалық материалдарды талдағанда терминологиялық нақтылық маңызды. «Мүгедектігі бар бала» және «ерекше білім беру қажеттілігі бар бала» ұғымдары толық сәйкес келмейді. Бірінші ұғым көбіне медициналық-құқықтық мәртебеге, екіншісі білім беру процесінде қажет болатын педагогикалық, психологиялық немесе әлеуметтік қолдау түріне қатысты қолданылады. Сондықтан әртүрлі дереккөздерде кездесетін 160 мың, 235–240 мың сияқты көрсеткіштерді бір санаттың динамикасы ретінде тікелей салыстыру ғылыми тұрғыдан дәл болмайды. Бұл мақалада сандық деректер инклюзивті білім берудің кеңеюін сипаттайтын контекстік көрсеткіш ретінде ғана пайдаланылады [8-9].

Оқу-ағарту министрлігі жариялаған мәліметтерде арнайы білім беру ұйымдары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, арнайы мектептер, оңалту және аутизм орталықтары секілді инфрақұрылымның кеңейіп келе жатқаны көрсетіледі [8]. Бұл өзгерістер мемлекеттің инклюзивті бағытты институционалдандыруға ұмтылысын байқатады. Дегенмен инфрақұрылым санының өсуі сапа мәселесін автоматты түрде шешпейді. Баланың мектептегі тәжірибесі маманның қолжетімділігіне, сыныптағы әлеуметтік ахуалға, оқу тапсырмасының бейімделуіне және ата-анамен байланысқа тәуелді.

Саяси партиялар осы салада екі түрлі қызмет атқара алады. Біріншісі – бағдарламалық қызмет: партиялар білім берудегі теңдік, қолжетімділік және әлеуметтік қолдау мәселелерін өз құжаттарында бекітеді. Екіншісі – бақылау және делдалдық қызмет: партиялар жергілікті мектептердегі проблемаларды қоғамдық деңгейге шығарып, уәкілетті органдарға жеткізеді. Қазақстан жағдайында екінші қызметтің әлеуеті жоғары, өйткені инклюзивті білім беру мәселелері көбіне нақты мектеп, аудан, қала немесе ауыл деңгейінде көрінеді.

## 2-кесте. Саяси партиялардың бағдарламалары мен жария коммуникацияларындағы инклюзивті білімге қатысты бағыттар

| Саяси партия                             | Инклюзивті білімге қатысты көрінетін бағыт   | Бағалау  |
|--|--|--|
| «AMANAT» партиясы                        | «Кедергісіз келешек» жобасы, инклюзия кабинеттерін ашу, білім беру ұйымдарының қолжетімділігін бақылау, ерекше балаларға арналған әлеуметтік және спорттық бастамалар. | Тақырып нақты жобалар арқылы көрінеді; мониторингті жүйелі индикатор-лармен күшейту қажет.                               |
| Қазақстан халық партиясы                 | Көпбалалы отбасылар мен мүгедектігі бар балалардың ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік кепілдіктер және отбасыға қолдау мәселелері.                        | Инклюзия білім беру сапасынан гөрі әлеуметтік қорғау контекстінде көбірек қойылады.                                      |
| «Ауыл» партиясы                          | Ауылдық жерлердегі сапалы білімге қолжетімділік, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, өңірлік теңсіздіктерді азайту мәселелері.   | Ауыл мектептеріндегі инклюзияға жанама қатысы бар; ерекше білім беру қажеттіліктері жеке тармақ ретінде күшейтілуі тиіс. |
| «Respublica» партиясы                    | Білім беру жүйесін жаңғырту, икемділік, жаңа дағдылар, мектептің қазіргі қоғамға бейімделуі туралы ұстанымдар.   | Инклюзия жалпы білім реформасының құрамында көрінеді, бірақ арнайы қолдау тетіктері нақты ашылмайды.                     |
| Жалпы ұлттық социал-демократиялық партия | Әлеуметтік теңдік, білімге қолжетімділік және азаматтардың әлеуметтік құқықтары туралы жалпы бағдар.   | Инклюзивті білім жеке саясат бағыты ретінде айқындалмаған, бірақ әлеуметтік әділеттілік ұстанымымен байланыстырылады.    |

Ескерту: Автордың жеке дереккөзінен

Кесте 2 партиялық құжаттар мен жария материалдарда инклюзивті білім беру біркелкі деңгейде көрінбейтінін байқатады. «AMANAT» партиясының бастамаларында инфрақұрылым, кедергісіз орта және нақты іс-шаралар жиі аталады. Мысалы, «Тең мүмкіндіктер» фестивалі немесе инклюзивті мектептерді аралау сияқты әрекеттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мәселесін қоғамдық кеңістікке шығаруға көмектеседі [12-13]. Алайда мұндай іс-шаралар ұзақ мерзімді мониторинг жүйесімен байланыстырылмаса, олар эпизодтық сипатта қалып қоюы мүмкін.

Басқа партияларда инклюзия көбіне жалпы білім сапасы, әлеуметтік қолдау немесе өңірлік теңсіздік мәселелері арқылы беріледі. Бұл да маңызды, өйткені ауылдағы мектептің материалдық базасы, көлік қатынасы, логопед, дефектолог, психолог сияқты мамандардың жетіспеуі ерекше қажеттілігі бар баланың оқу мүмкіндігіне тікелей әсер етеді. Бірақ партиялық бағдарламаларда инклюзия нақты көрсеткіштермен – мысалы, бейімделген мектеп үлесі, педагог-ассистент саны, ата-аналарға консультациялық көмек, жергілікті бюджеттегі қаржыландыру көлемі – байланыстырылса, олардың қоғамдық бақылау қызметі күшейер еді.

Әлеуметтік желілер бұл процесте бөлек арна ретінде көрінеді. Олар ресми есепке енбей қалатын тұрмыстық кедергілерді – мектепке кірудің қиындығы, арнайы маман тапшы болуы, ата-ананың құқықтық ақпараттан хабарсыздығы, баланың сыныптағы бейімделуі – тез жария етеді. Мұндай талқылаулар әкімдікке, білім басқармасына немесе партиялық өкілдерге қоғамдық қысым тудыруы мүмкін. Бірақ әлеуметтік желіде көтерілген әрбір мәселе тек эмоциялық реакция деңгейінде қалмай, дәлел, дерек және институционалдық жауапкершілікпен байланысуы қажет.

UNICEF және серіктес ұйымдардың Қазақстандағы инклюзивті білім беру жөніндегі бағалау материалдары интернет пен әлеуметтік медиа деректерін талдаудың пайдалы екенін көрсетеді [10]. Онда қоғамдық талқылаудың жаңалықтар сайттары, блогтар, Facebook, Instagram және Telegram сияқты әртүрлі арналарда көрінетіні атап өтіледі. Бұл дерек азаматтық қоғамның инклюзия тақырыбына назар аударып отырғанын білдіреді. Дегенмен әлеуметтік медиа деректері алгоритмдік іріктеуге, қалалық аудиторияның белсенділігіне және платформалардың ерекшелігіне тәуелді. Сондықтан оларды ресми статистикамен, ата-аналар сауалнамасымен және мектеп деңгейіндегі мониторингпен толықтыру қажет.

Google Trends деректері де осы тұжырымды толықтырады. «Инклюзивті білім беру» тақырыбы бойынша іздеу белсенділігі оқу жылының басталуына жақын кезеңдерде артуы мүмкін [11]. Бұл мектепке қабылдау, сыныпқа бейімделу, құжат жинау және ата-аналар сұрағы көбейетін уақытпен байланысты. Бірақ іздеу динамикасы нақты қолдаудың сапасын немесе қоғамның толық көзқарасын өлшемейді. Ол тек белгілі бір кезеңде ақпараттық сұраныстың күшейгенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, жүргізілген талдау зерттеудің ғылыми болжамын негізінен растады. Зерттеу нәтижелері саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің инклюзивті білім беру мәселелерін қоғамдық күн тәртібіне шығаруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Партиялық бастамалар мен қоғамдық талқылаулар мемлекеттік органдардың назарын нақты мәселелерге аударуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қоғамдық бақылау тетіктері жүйелі сипат алған жағдайда ғана олардың нақты институционалдық өзгерістерге әсер ету ықтималдығы жоғары болатыны анықталды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы инклюзивті білім беру саясатына азаматтық қоғам институттарының ықпалын кешенді түрде қарастыруында көрінеді. Ал практикалық маңыздылығы саяси партиялар, мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беруімен сипатталады.

### **Талқылау**

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытуда саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің белгілі бір деңгейде ықпал ететінін көрсетті. Алайда олардың ықпалының сипаты мен тиімділігі әртүрлі факторларға байланысты өзгеріп отырады.

Зерттеу барысында алынған деректер инклюзивті білім беру саласындағы құқықтық негіздердің жеткілікті дәрежеде қалыптасқанын, бірақ олардың практикалық жүзеге асырылуы барысында бірқатар институционалдық және қоғамдық мәселелер сақталып отырғанын көрсетті.

Инклюзивті білім беру мәселесін талдау кезінде оның тек педагогикалық немесе әлеуметтік мәселе емес, сонымен қатар саяси және қоғамдық мәселе екендігі байқалады. Себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білімге қол жеткізуі тек білім беру ұйымдарының қызметіне ғана емес, мемлекеттік басқару сапасына, азаматтық қоғамның белсенділігіне және қоғамдық бақылау тетіктерінің тиімділігіне де тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу нәтижелері саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің инклюзивті білім беру саясатының жүзеге асуына ықпал ететін маңызды субъектілер екенін көрсетеді.

Халықаралық ғылыми әдебиеттерде инклюзивті білім беру білім беру жүйесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асатын күрделі әлеуметтік үдеріс ретінде қарастырылады. М. Эйнскоу инклюзияны оқушыларды қолданыстағы жүйеге бейімдеу емес, керісінше білім беру жүйесін барлық білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу деп түсіндіреді [16, р. 7-16]. Бұл көзқарас Қазақстандағы жағдайға да сәйкес келеді. Л. Флориан да инклюзивті педагогика барлық оқушыны ортақ оқу кеңістігіне қосып, айырмашылықты кемшілік емес, оқытудағы қалыпты жағдай деп қабылдауға негізделуі керек екенін көрсетеді [17, р. 286–294]. Бұл теориялық тұжырымдар Қазақстан жағдайында да өзекті. Себебі мәселе тек арнайы кабинет немесе норматив қабылдау емес, мектептің күнделікті жұмысына инклюзивті логиканы енгізу. Зерттеу барысында анықталғандай, елімізде инклюзивті білім беру бойынша құқықтық негіздер қалыптасқанымен, көптеген жағдайда негізгі назар инфрақұрылымдық мәселелерге аударылады. Ал халықаралық тәжірибе көрсеткендей, инклюзияның тиімділігі тек материалдық жағдайлармен емес, педагогикалық мәдениетпен, басқару тәжірибесімен және қоғамдық көзқараспен де анықталады.

Зерттеу нәтижелері саяси партиялардың инклюзивті білім беру мәселесіне назар аударғанымен, олардың бағдарламаларында бұл бағыт әртүрлі деңгейде көрініс табатынын көрсетті. Кейбір партиялар нақты жобалар мен әлеуметтік бастамалар арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мәселесін көтерсе, кейбір партияларда бұл тақырып жалпы әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде ғана қарастырылады. Мұндай жағдай инклюзивті білім беру мәселесінің әлі де саяси күн тәртібінде дербес бағыт ретінде толық орнықтағанын көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеу барысында саяси партиялардың қоғамдық бақылау қызметінің әлеуеті жоғары екендігі анықталды. Олар азаматтардан келіп түсетін мәселелерді жинақтап, мемлекеттік органдарға жеткізуге, қоғамдық пікір қалыптастыруға және әлеуметтік маңызы бар проблемаларды саяси деңгейде көтеруге мүмкіндік алады. Дегенмен бұл қызметтің тиімділігі нақты индикаторлар мен мониторинг тетіктеріне тәуелді. Егер партиялар инклюзивті білім беру бойынша нақты көрсеткіштерді бақылауға алып, олардың орындалуы жөнінде тұрақты есеп берсе, онда олардың қоғамдық ықпалы анағұрлым жоғары болар еді.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілердің рөлін де ерекше атап көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында әлеуметтік желілер азаматтар мен мемлекеттік институттар арасындағы коммуникацияның маңызды алаңына айналды. Әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары үшін әлеуметтік желілер тәжірибе алмасу, ақпарат тарату және өз мәселелерін жария түрде көтеру құралы болып отыр. Бұл жағдай инклюзивті білім беру саласындағы көптеген мәселелердің қоғамдық талқылауға шығуына ықпал етеді.

Әлеуметтік желілердің маңыздылығы олардың ақпарат тарату жылдамдығымен ғана шектелмейді. Олар азаматтардың мемлекеттік органдармен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Соңғы жылдары ата-аналар қауымдастықтары мен қоғамдық ұйымдар әлеуметтік желілер арқылы мектептердегі қолжетімді орта мәселелерін, мамандардың жетіспеушілігін және ерекше балаларға арналған қызметтердің сапасын жиі көтеріп келеді. Мұндай ақпараттар қоғамдық резонанс туғызып, жауапты мекемелердің назарын аударуға

ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік желілер қоғамдық бақылаудың заманауи тетігі ретінде қызмет атқара алады.

Алайда әлеуметтік желілердің ықпалына қатысты белгілі бір шектеулер де бар. Біріншіден, әлеуметтік желілерде жарияланған ақпараттардың барлығы бірдей объективті немесе ғылыми негізделген бола бермейді. Кейбір жағдайларда жекелеген оқиғалар немесе жеке тәжірибелер жалпы жүйенің жағдайы ретінде қабылдануы мүмкін. Екіншіден, әлеуметтік желілердегі белсенділік көбінесе қалалық тұрғындар арасында жоғары болғандықтан, ауылдық өңірлердегі мәселелер жеткілікті деңгейде көрінбеуі ықтимал. Сондықтан әлеуметтік желілерді қоғамдық пікірдің жалғыз көрсеткіші ретінде қарастыру дұрыс емес.

Google Trends және әлеуметтік медиа материалдарын талдау нәтижелері қоғамның инклюзивті білім беру мәселесіне қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетті. Бұл жағдай қоғамның ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарына қатысты мәселелерге бейжай қарамайтынын білдіреді. Сонымен бірге қоғамдық қызығушылықтың артуы мемлекеттік органдар мен саяси институттардың жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми болжамы саяси партиялардың қоғамдық бақылау қызметі мен әлеуметтік желілердегі азаматтық белсенділік инклюзивті білім беру саясатының тиімділігіне оң әсер етеді деген тұжырымға негізделген болатын. Жүргізілген талдау нәтижелері бұл болжамның негізінен расталғанын көрсетті. Себебі қоғамдық бақылау тетіктері жұмыс істейтін жағдайларда инклюзивті білім беру мәселелері мемлекеттік органдардың назарында жиірек болады және оларды шешу бағытындағы шаралар да белсендірек жүзеге асырылады.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері қоғамдық бақылаудың өзі автоматты түрде оң нәтиже бермейтінін де көрсетті. Қоғамдық белсенділік нақты ұсыныстармен, ашық статистикамен, кәсіби сараптамамен және мемлекеттік институттардың жауапкершілігімен ұштасқан жағдайда ғана тиімді болады. Сондықтан инклюзивті білім беру саласындағы саясаттың нәтижелілігі мемлекет, саяси партиялар, азаматтық қоғам ұйымдары, ата-аналар қауымдастығы және білім беру мекемелері арасындағы тұрақты әріптестікке байланысты.

Тағы бір маңызды мәселе ретінде инклюзивті білім беру саласындағы статистикалық ашықтықты атап өтуге болады. Зерттеу барысында әртүрлі дереккөздерде қолданылатын ұғымдар мен көрсеткіштердің біркелкі еместігі байқалды. Бұл жағдай қоғамның, зерттеушілердің және саясаткерлердің мәселенің нақты ауқымын бағалауына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан ресми статистика жүйесінде қолданылатын көрсеткіштерді біріздендіру және оларды түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет.

Осы тұрғыдан алғанда зерттеудің ғылыми маңыздылығы инклюзивті білім беру мәселесін тек педагогикалық құбылыс ретінде емес, қоғамдық-саяси қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруында көрінеді. Ал практикалық маңыздылығы саяси партиялардың қоғамдық бақылау қызметін жетілдіру, әлеуметтік желілер арқылы азаматтардың қатысу мүмкіндігін кеңейту және инклюзивті білім беру саласындағы ашықтық пен есептілікті күшейту бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беруімен анықталады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері инклюзивті білім берудің табысты дамуы тек мемлекеттік бағдарламаларға ғана емес, сонымен бірге қоғамның белсенді қатысуына, саяси институттардың жауапкершілігіне және цифрлық коммуникация құралдарының тиімді пайдаланылуына тәуелді екенін дәлелдейді. Сондықтан болашақта инклюзивті білім беру саясатын жетілдіру бағытындағы зерттеулер азаматтық қоғамның ықпалын бағалау және қоғамдық бақылау тетіктерінің тиімділігін анықтау мәселелеріне көбірек назар аударуы қажет.

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытуда саяси партиялар мен әлеуметтік желілердің маңызды қоғамдық институттар ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Зерттеу барысында инклюзивті білім беру саласының құқықтық негіздері, саяси партиялардың бағдарламалық құжаттары мен қоғамдық бастамалары, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі қоғамдық талқылаулар кешенді түрде талданды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанда инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы қалыптасқанын және соңғы жылдары бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың жүйелі түрде дамып келе жатқанын көрсетті. Сонымен қатар құқықтық нормалардың тиімді іске асуы азаматтық бақылау мен қоғамдық қатысу деңгейіне тікелей байланысты екендігі анықталды.

Саяси партиялардың қызметін талдау олардың инклюзивті білім беру мәселелеріне әртүрлі деңгейде назар аударатынын көрсетті. Кейбір партиялар нақты жобалар мен әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырса, басқалары бұл мәселені жалпы әлеуметтік саясат контекстінде қарастырады. Әлеуметтік желілер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мәселелерін жедел көтеруге және қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал ететін тиімді коммуникациялық алаң ретінде көрінеді.

Зерттеудің ғылыми болжамы негізінен расталды. Саяси партиялардың қоғамдық бақылау қызметі мен әлеуметтік желілердегі азаматтық белсенділік инклюзивті білім беру саясатының тиімділігіне оң әсер ететіні анықталды. Алайда бұл ықпал тұрақты нәтижеге қол жеткізу үшін жүйелі мониторингпен, ашық статистикамен және мемлекеттік институттардың жауапкершілігімен толықтырылуы қажет.

Осылайша, инклюзивті білім беруді дамыту мемлекет, азаматтық қоғам және қоғамдық коммуникация құралдарының өзара ықпалдастығына негізделген кешенді үдеріс болып табылады. Мұндай ынтымақтастық білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен сапасын арттырудың маңызды шарты болып саналады.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 UNESCO. *The Salamanca Statement and Framework for Action on Special Needs Education*. Paris: UNESCO, 1994.
- 2 United Nations. *Convention on the Rights of Persons with Disabilities*. New York: United Nations, 2006.
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (қаралған күні: 03.09.2025).
- 4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қаралған күні: 03.09.2025).
- 5 Закон Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 56-VII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования». Опубликовано: «Казахстанская правда», 28 июня 2021 г., № 120 (29497).
- 6 Турлубекова М.Б., Бугубаева Р.О. Инклюзивное образование в Казахстане: анализ процесса организации и возможности дальнейшего его развития. *Central Asian Economic Review*. 2021;(3): С. 89. <https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109>
- 7 Жумагулова А.Б. Правовое регулирование инклюзивного образования в казахстане: особенности и инструменты. *Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова*. 2025;77(2):С. 470. <https://doi.org/10.47649/vau.25.v77.i2.40>
- 8 Инклюзивті және арнайы білім беру. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/54654?lang=kk> (қаралған күні: 02.09.2025).
- 9 Статистические данные по обучению детей с ограниченными возможностями. eGov Open Data. [Электрондық ресурс]. URL: [https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov\\_mp](https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov_mp) (қаралған күні: 03.09.2025).
- 10 UNICEF Kazakhstan. *Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation*. 2024. [Electronic resource]. URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/reports/evidence-inclusive-education-kazakhstan-based-formative-and-big-data-evaluation> (accessed on: 03.09.2025).

11 Google Trends. Search dynamics for “Инклюзивті білім беру” in Kazakhstan. [Electronic resource]. URL: <https://trends.google.ru/trends/> (accessed on: 16.08.2025).

12 «АМАНАТ»: «Тең мүмкіндіктер» фестивалінің жеңімпазы анықталды. Aikyn.kz. [Электрондық ресурс]. URL: <https://aikyn.kz/293978/amanat---ten--mumkindikter--festivalinin--zhen-impazy-anyk-taldy/amp> (қаралған күні: 02.09.2025).

13 Партия «АМАНАТ» проверила школы инклюзивного образования. Astana TV. [Электрондық ресурс]. URL: <https://astanatv.kz/ru/news/118789/> (қаралған күні: 24.08.2025).

14 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20392?lang=kk> (қаралған күні: 05.08.2025).

15 OECD. *Reviews of National Policies for Education: Kazakhstan, Kyrgyz Republic and Tajikistan 2009: Students with Special Needs and Those with Disabilities*. Paris: OECD Publishing, 2009.

16 Ainscow, M. *Promoting inclusion and equity in education: lessons from international experiences*. *Nordic Journal of Studies in Educational Policy*. 2020. Vol. 6, №. 1. P. 7–16.

17 Florian, L. *What counts as evidence of inclusive education?* *European Journal of Special Needs Education*. 2014. Vol. 29, №. 3. P. 286–294.

### References:

1 UNESCO. (1994). *The Salamanca Statement and Framework for Action on Special Needs Education*. Paris: UNESCO.

2 United Nations. (2006). *Convention on the Rights of Persons with Disabilities*. New York: United Nations.

3 Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1995). Available online: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) (accessed on 03.09.2025). [In Kaz].

4 Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” No. 319-III. (2007). Available online: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (accessed on 03.09.2025). [In Kaz].

5 Law of the Republic of Kazakhstan No. 56-VII “On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on inclusive education”. (2021). *Kazhkhstanskaya Pravda*, №. 120 (29497). [In Russ.].

6 Turlubekova M.B., Bugubayeva R.O. *Inclusive education in Kazakhstan: analysis of the organizing process and the possibility of its further development*. *Central Asian Economic Review*. 2021;(3):89-109. <https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109> [In Russ.].

7 Zhmagulova A.B. LEGAL REGULATION OF INCLUSIVE EDUCATION IN KAZAKHSTAN: FEATURES AND TOOLS. *Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University*. 2025;77(2):467-475. <https://doi.org/10.47649/vau.25.v77.i2.40> [In Russ.].

8 Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan. *Inclusive and Special Education*. Available online: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/54654?lang=kk> (accessed on 02.09.2025). [In Kaz].

9 eGov Open Data. *Statistical data on education of children with disabilities*. Available online: [https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov\\_mp](https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov_mp) (accessed on 03.09.2025). [In Russ.].

10 UNICEF Kazakhstan. (2024). *Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation*. Available online: <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/reports/evidence-inclusive-education-kazakhstan-based-formative-and-big-data-evaluation> (accessed on 03.09.2025).

11 Google Trends. Search dynamics for “Inclusive education” in Kazakhstan. Available online: <https://trends.google.ru/trends/> (accessed on 16.08.2025).

12 Aikyn.kz. AMANAT: The winner of the “Equal Opportunities” festival was announced. Available online: <https://aikyn.kz/293978/amanat---ten--mumkindikter--festivalinin--zhen-impazy-anyk-taldy/amp> (accessed on 02.09.2025). [In Kaz].

13 Astana TV. *The AMANAT party inspected inclusive education schools*. Available online: <https://astanatv.kz/ru/news/118789/> (accessed on 24.08.2025). [In Kaz].

14 State Programme for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. Available online: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20392?lang=kk> (accessed on 05.08.2025). [In Kaz].

15 OECD. (2009). *Reviews of National Policies for Education: Kazakhstan, Kyrgyz Republic and Tajikistan 2009: Students with Special Needs and Those with Disabilities*. Paris: OECD Publishing.

16 Ainscow, M. (2020). *Promoting inclusion and equity in education: lessons from international experiences*. *Nordic Journal of Studies in Educational Policy*, 6, № 1, P. 7–16.

17 Florian, L. (2014). *What counts as evidence of inclusive education?* *European Journal of Special Needs Education*, 29, №3, P. 286–294.

IRSTI 11.25.67

DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6270.2026.94.2.010>

A.O. Ustemirova<sup>1\*</sup> 

KIMEP University  
Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: [ust\\_aika\\_86@mail.ru](mailto:ust_aika_86@mail.ru)

## CULTURAL AND HUMANITARIAN COOPERATION IN CENTRAL ASIA AS AN INSTRUMENT OF GEOPOLITICAL COMPETITION AMONG CHINA, RUSSIA, AND THE UNITED STATES

### *Abstract*

This article examines cultural and humanitarian cooperation in Central Asia as a politically meaningful field of competition among China, Russia and the United States. The argument developed here is that cultural diplomacy in the region should not be read as a harmless extension of friendship, nor as a mechanism that automatically converts attraction into geopolitical loyalty. It works through concrete institutional channels: language policy, scholarships, university partnerships, expert forums, heritage projects, development narratives and public diplomacy. The study is based on a qualitative comparative analysis of academic literature, official statements and publicly available policy materials from 2013 to 2025.

Зерттеу сапалық құжаттық талдау әдісіне сүйенеді. Бұл әдіс ресми мәтіндердегі саяси мағына, институционалдық басымдық, символдық құрылым және стратегиялық бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада эмпирикалық дереккөз ретінде төрт негізгі материал тобы пайдаланылды: Түркі мемлекеттері ұйымының тарихы мен құрылымы туралы ресми мәліметтер; 2026 жылғы Түркістан бейресми саммитіне қатысты ресми хабарламалар; Түркістан декларациясы; Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің саммит алдындағы Сыртқы істер министрлері кеңесінің бейресми отырысы туралы ақпараты [1], [5],[6], [13],[14]. Бұл материалдар ұйымның өзін-өзі қалай сипаттайтынын, саммиттің қандай саяси және символдық мағына алғанын және нақты қандай шешімдер қабылданғанын салыстырып талдауға мүмкіндік берді.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу үш аналитикалық кадамнан тұрады. Бірінші кадамда ТМҰ-ның институционалдық табиғаты анықталды: ұйымның құрылу логикасы, мүшелік құрамы, ынтымақтастық бағыттары, серіктес құрылымдары және стратегиялық құжаттары қарастырылды. Екінші кадамда Түркістан саммитінің ресми мәтіндері мазмұндық кодтау арқылы талданды. Кодтау барысында «мәдени-символдық легитимация», «саяси үйлестіру», «цифрлық және технологиялық күн тәртібі», «институционалдық әлеует», «ортақ болашақ дискурсы» және «тәуекелдер мен шектеулер» сияқты категориялар қолданылды. Үшінші кадамда алынған нәтижелер конструктивизм, жұмсақ күш және институционализм теорияларымен салыстырылды.

Зерттеу гипотезасы мынадай: Түркістан саммиті ТМҰ-ның саяси ықпалын арттыруда мәдени бірлікті жай символдық ұран ретінде емес, институционалдық шешімдер мен цифрлық жобаларды негіздейтін саяси ресурс ретінде қолданғанын көрсетеді. Бұл гипотезаны тексеру үшін саммит мәтініндегі нақты индикаторлар қарастырылды: Түркістанның рухани астана ретінде аталуы; Түркі өркениеті орталығының ашылуы; Түркістан декларациясында жасанды интеллект пен цифрлық даму стратегиялық басымдық ретінде бекітілуі; ТМҰ Хатшылығының институционалдық және цифрлық әлеуетін күшейту туралы шешім; Түркі үлкен тілдік моделі, «Digital Turkic World» тұжырымдамасы, киберқауіпсіздік және цифрлық байланыс жобаларының аталуы [5],[6],[4].

Саяси ықпал ұғымы мақалада операцияландырылып, нақты индикаторлар арқылы түсіндірілді. Бұл зерттеуде ықпал ұйымның басқа акторларға күшпен қысым көрсетуі емес, ортақ күн тәртібін бекіту, мүше мемлекеттерді келісілген жобаларға тарту, символдық легитимация өндіру және халықаралық аудиторияға аймақтық бірлік бейнесін ұсыну қабілеті ретінде қарастырылды. Мұндай түсіндіру ТМҰ-ның жұмсақ әрі көпқабатты ықпал ету табиғатын дәл көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің шектеулері де бар. Біріншіден, мақала ресми құжаттар мен институционалдық дискурсты талдайды, сондықтан қоғамдық қабылдау, сарапшылар сұхбаты немесе медиа-дискурс толық қамтылмайды. Екіншіден, саммит шешімдерінің ұзақмерзімді тиімділігін дәл қазір эмпирикалық тұрғыдан толық бағалау мүмкін емес, өйткені көптеген бастамалар іске асыру кезеңінде тұр. Үшіншіден, ресми мәтіндер ұйымның ішкі қайшылықтарын немесе мүше мемлекеттер арасындағы мүдде айырмашылықтарын толық ашпайды. Сондықтан мақалада ТМҰ ықпалы асыра дәріптелмей, оның әлеуеті мен шектеуі қатар қарастырылады.

Сапалық құжаттық талдаудың сенімділігін арттыру үшін дереккөздер арасындағы салыстыру тәсілі қолданылды. Мысалы, ТМҰ ресми хабарламаларындағы саммит сипаттамасы Түркістан декларациясындағы тармақтармен және Қазақстан СІМ мәліметтерімен салыстырылды. Бұл құжатаралық триангуляция бір ғана мәтінге сүйеніп қорытынды жасау қаупін азайтады және ресми дискурстың қайталанатын, тұрақты элементтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу дизайнының тағы бір маңызды қыры – ресми құжаттарды саяси риторика ретінде ғана емес, институционалдық әрекеттің көрсеткіші ретінде оқу. Осы себепті талдау барысында құжаттағы әрбір ұғым оның нақты басқарушылық салдарымен байланыстырылды: декларациядағы мәдени бірлік терминдері саммиттің символдық легитимациясын, ал цифрлық даму, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және тілдік модельдер туралы тармақтар ұйымның жобалық күн тәртібін сипаттайтын индикаторлар ретінде қарастырылды. Мұндай тәсіл мәтінді жай мазмұндаумен шектелмей, ресми дискурстың саяси функциясын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар құжаттардағы ұқсас формулалар салыстырылып, олардың қайсысы тұрақты институционалдық бағытты, қайсысы нақты саммитке тән уақытша басымдықты білдіретіні ажыратылды.

### 1-кесте. Зерттеудің аналитикалық индикаторлары

| Аналитикалық өлшем           | Негізгі индикаторлар                                   | Түркістан саммитіндегі көрінісі   |
|------------------------------|--|---|
| Мәдени-символдық легитимация | Ортақ тарих, рухани астана, мұра, бірегейлік           | Түркістанның рухани астана мәртебесі және Түркі өркениеті орталығы      |
| Институционалдық үйлестіру   | Саммит, министрлер кеңесі, хатшылық, шешімдер          | Хатшылықтың институционалдық және цифрлық әлеуетін күшейту туралы шешім |
| Күн тәртібін қалыптастыру    | ЖИ, цифрлық даму, инновация, киберқауіпсіздік          | «Digital Turkic World», Түркі үлкен тілдік моделі, цифрлық инфрақұрылым |
| Саяси ықпал                  | Ортақ ұстаным, жобалық координация, халықаралық көріну | Мәдени бірлік пен технологиялық даму дискурсының бірігуі                |

Ескерту – кесте авторлар тарапынан ресми құжаттарды сапалық кодтау негізінде құрастырылды.

1-кестеде көрсетілген аналитикалық индикаторлар зерттеудің негізгі гипотезасын эмпирикалық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, мәдени-символдық легитимация көрсеткіштері ТМҰ қызметінде ортақ тарихи жады мен мәдени мұраның қандай орын алатынын анықтауға бағытталды. Егер ресми құжаттарда Түркістанның рухани орталық ретіндегі мәртебесі, түркі өркениетінің ортақ мұрасы және мәдени сабақтастық идеясы тұрақты түрде қайталанса, онда бұл мәдени бірліктің ұйым қызметіндегі легитимациялық функция атқаратынын білдіреді.

Институционалдық үйлестіру көрсеткіштері мәдени ортақтықтың нақты басқарушылық тетіктермен байланысу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан саммиттер, министрлер кеңестері, хатшылық қызметі және қабылданған шешімдер мәдени дискурстың нақты институционалдық құрылымдарға қалай айналатынын көрсетеді. Егер мәдени бірлік тек декларативті деңгейде емес, ұйымның тұрақты жұмыс органдары мен бағдарламалық құжаттарында көрініс тапса, онда оның саяси ықпал қалыптастырудағы рөлі арта түседі.

Күн тәртібін қалыптастыру өлшемі ерекше назар аударуды талап етеді. Өйткені қазіргі халықаралық қатынастарда ықпал көбіне белгілі бір мәселелерді стратегиялық басымдық ретінде бекіту қабілеті арқылы көрінеді. Осыған байланысты жасанды интеллект, цифрлық трансформация, инновация және киберқауіпсіздік мәселелерінің Түркістан саммитінің негізгі тақырыптарына айналуы ТМҰ-ның дәстүрлі мәдени ынтымақтастық шеңберінен шығып, жаңа технологиялық күн тәртібін қалыптастыруға ұмтылып отырғанын көрсетеді.

Ал саяси ықпал көрсеткіштері жоғарыда аталған барлық өлшемдердің түйісу нүктесі ретінде қарастырылады. Егер мәдени символизм институционалдық шешімдермен және ортақ технологиялық жобалармен ұштасса, онда мәдени бірлік ұйымның саяси ықпалын күшейтетін ресурсқа айналады. Сондықтан келесі бөлімде Түркістан саммитінің материалдары осы аналитикалық өлшемдер негізінде талданып, ТМҰ-ның мәдени-символдық ресурстарды саяси және институционалдық ықпал тетіктеріне айналдыру тәжірибесі қарастырылады.

### **Зерттеу нәтижелері**

Құжаттық талдау ТМҰ-ның саяси ықпалы бірнеше өзара байланысты механизм арқылы қалыптасатынын көрсетті. Бірінші механизм – мәдени-символдық легитимация. Түркістан саммитінің дәл осы қалада өтуі кездейсоқ таңдау емес. Ресми мәтіндерде Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы ретінде сипатталып, ортақ тарихи мұра мен болашаққа бағытталған ұмтылыстың символы ретінде беріледі [5],[6]. Бұл символдық таңдау саммиттің саяси салмағын арттырды: қабылданған шешімдер тек әкімшілік құжат ретінде емес, түркі халықтарының ортақ өркениеттік кеңістігі атынан айтылған стратегиялық ұстаным ретінде қабылданады.

Екінші механизм – институционалдық үйлестіру. Саммит аясында Түркістан декларациясы, ТМҰ Хатшылығының институционалдық және цифрлық әлеуетін нығайту туралы шешім және ұйымның кадрлық құрылымына қатысты шешім қабылданғаны ресми түрде көрсетілді [5]. Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің мәліметінде министрлер кеңесі саяси координацияны, сауда-экономикалық ынтымақтастықты, көлік-логистика байланысын және ортақ цифрлық-инновациялық кеңістікті дамыту мәселелерін талқылағаны айтылды [14]. Бұл деректер ТМҰ ықпалының тек саммиттік декларациямен шектелмей, салалық және бюрократиялық деңгейде де қалыптасатынын көрсетеді.

Үшінші механизм – жаңа күн тәртібін қалыптастыру. 2026 жылғы саммиттің тақырыбы «Жасанды интеллект және цифрлық даму» болды. Түркістан декларациясында жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар экономикалық интеграция, тұрақты даму, инновация, мемлекеттік қызмет сапасы және мәдени мұраны сақтау үшін стратегиялық драйвер ретінде сипатталады [6]. Мұнда ТМҰ дәстүрлі мәдени ұйым бейнесінен шығып, технологиялық саясатты да қамтитын көпсалалы аймақтық платформа ретінде көрінеді. Әсіресе «Digital Turkic World» тұжырымдамасы, Түркі үлкен тілдік моделін дамыту, киберқауіпсіздік кеңесі, цифрлық инновациялар орталығы және цифрлық инфрақұрылым жобалары ұйымның ықпалын жаңа салаға кеңейтетін бастамалар ретінде маңызды.

Төртінші механизм – мәдени мұраны цифрлық кеңістікте қайта өндіру. Декларацияда түркі мәдени мұрасын цифрландыру, материалдық және материалдық емес мұра каталогтарын дамыту, фольклорлық антологиялар, білім және мәдени платформалар, түркі тілдеріндегі терминологиялық жобалар сияқты бастамалар аталады [6]. Бұл жерде мәдени бірлік статикалық мұра ретінде емес, цифрлық құралдар арқылы жаңартылатын және халықаралық аудиторияға ұсынылатын динамикалық ресурс ретінде түсіндіріледі. Түркі үлкен тілдік моделі сияқты жобалар мәдени дипломатияның жаңа формасын білдіреді: тілдік жақындық пен технологиялық инфрақұрылым бірігіп, түркі кеңістігінің ақпараттық егемендігін күшейтуге ықпал етуі мүмкін.

Бесінші механизм – ортақ болашақ туралы дискурс. Саммит мәтіндерінде «бірлік», «ынтымақтастық», «стратегиялық әріптестік», «цифрлық болашақ», «инновациялық экожүйе» ұғымдары қатар жүреді [5],[6],[14]. Бұл дискурс өткеннің ортақ мұрасын болашақтың ортақ жобаларымен байланыстырады. Саяси тұрғыдан мұндай дискурс ұйымға екі деңгейде пайда береді. Ішкі деңгейде ол мүше мемлекеттер арасында сенім мен ортақ жауапкершілік сезімін күшейтеді. Сыртқы деңгейде ТМҰ-ны халықаралық аренада мәдени тамыры бар, бірақ тек дәстүрге сүйеніп қалмайтын, технологиялық жаңғыруға бағытталған аймақтық актор ретінде танытады.

Алтыншы механизм – көпсалалы желілік құрылым. ТМҰ аясында TURKSOY, Түркі академиясы, TURKPA, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры, Түркі инвестициялық қоры сияқты серіктес институттардың болуы ұйымның ықпалын кеңейтеді [1]. Мұндай желілік құрылым мәдени, ғылыми, парламенттік, экономикалық және инвестициялық бағыттарды өзара байланыстырады. Нәтижесінде ТМҰ бір ғана саяси декларация алаңы емес, әртүрлі салалық институттардың өзара әрекетін үйлестіретін көпқабатты платформаға айналады.

Жетінші механизм – Қазақстанның аймақтық медиаторлық және хабтық рөлін күшейту. Түркістан саммитінің Қазақстанда өтуі елдің түркі интеграциясындағы символдық әрі практикалық орнын арттырды. Қазақстан өзін бір жағынан түркі әлемінің тарихи-мәдени кеңістігіне қатысушы, екінші жағынан Еуразиядағы көпвекторлы дипломатия жүргізетін мемлекет ретінде ұсынады. Осы тұрғыдан Түркістан саммиті Қазақстан үшін де маңызды: ол елдің мәдени дипломатиясын цифрлық даму, көлік байланысы және институционалдық координация тақырыптарымен байланыстыруға мүмкіндік берді.

## 2-кесте. Түркістан саммитінің саяси-институционалдық нәтижелері

| Бағыт                  | Нақты мазмұн   | Саяси мәні   | Ықтимал әсері                               |
|------------------------|--|--|---|
| Мәдени символика       | Түркістанның рухани астана мәртебесін бекіту               | Ортақ бірегейлікті легитимациялау                    | Ұйымның мәдени беделін күшейту              |
| Институционалдық шешім | Хатшылықтың цифрлық және ұйымдастырушылық әлеуетін арттыру | ТМҰ-ның координациялық қабілетін кеңейту             | Салалық жобалардың орындалуын жеделдету     |
| Цифрлық күн тәртібі    | ЖИ, киберқауіпсіздік, цифрлық инфрақұрылым                 | Технологиялық саясатты ортақ күн тәртібіне айналдыру | Аймақтық инновациялық кеңістік қалыптастыру |
| Тіл және мұра          | Түркі үлкен тілдік моделі, мұра каталогтары                | Мәдениетті цифрлық ресурсқа айналдыру                | Түркі тілдерінің цифрлық көрінуін арттыру   |

*Ескерту: Кесте Түркістан декларациясы мен ресми хабарламалардағы негізгі шешімдер негізінде жасалды.*

2-кестеде жинақталған нәтижелер Түркі мемлекеттері ұйымының ықпалы мәдени бірлікке негізделген көпдеңгейлі институционалдық механизмдер арқылы қалыптасатынын көрсетеді.

Кестеде көрсетілген барлық бағыттар бір-бірімен өзара байланысты және олардың әрқайсысы ұйымның саяси ықпалын күшейтуге қызмет етеді. Әсіресе мәдени символизм мен цифрлық даму мәселелерінің бір құжаттық кеңістікте қатар көрінуі ТМҰ эволюциясының жаңа кезеңге өткенін байқатады. Егер ұйымның алғашқы қызметінде мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық басым болса, Түркістан саммиті бұл негіздің жаңа технологиялық және институционалдық мазмұнмен толықтырылғанын көрсетті.

Талдау нәтижелері мәдени бірліктің ұйым қызметінде декларативті сипатпен шектелмейтінін дәлелдейді. Түркістанның рухани астана ретінде тұрақты түрде аталуынан бастап Түркі өркениеті орталығының ашылуына дейінгі бастамалар ортақ тарихи жадының институционалдық деңгейде қайта өндірілуіне бағытталған. Бұл өз кезегінде қабылданатын шешімдердің легитимділігін күшейтіп, ұйым қызметіне қосымша символдық капитал береді. Конструктивтік көзқарас тұрғысынан алғанда, мұндай тәжірибелер ортақ бірегейлік туралы түсінікті нығайтып, мемлекеттердің өзара әрекетіне қолайлы әлеуметтік орта қалыптастырады [7,р.429].

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері ТМҰ ықпалының маңызды бөлігі күн тәртібін қалыптастыру қабілетіне негізделетінін көрсетті. Түркістан декларациясында жасанды интеллект, цифрлық трансформация, инновациялық экожүйе және киберқауіпсіздік мәселелерінің басым бағыттар ретінде бекітілуі ұйымның жаңа стратегиялық салаларда үйлестіруші рөл атқаруға ұмтылысын білдіреді [6]. Бұл жағдай ТМҰ-ның тек мәдени байланыстар алаңы ғана емес, сонымен бірге ортақ технологиялық саясат қалыптастыруға қабілетті өңірлік институт ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Құжаттық талдау барысында анықталған тағы бір маңызды ерекшелік – мәдени мұраның цифрлық ресурс ретінде қарастырылуы. Бұрын мәдениет көбіне тарихи мұра мен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерімен байланыстырылса, Түркістан саммитінің құжаттарында ол цифрлық инфрақұрылымның, ақпараттық кеңістіктің және технологиялық дамудың құрамдас бөлігі ретінде ұсынылады. Түркі үлкен тілдік моделі, цифрлық мұра каталогтары және түркі тілдеріндегі технологиялық шешімдер осы бағыттың нақты мысалдары болып табылады [6]. Бұл мәдени дипломатияның жаңа формаларының қалыптасып жатқанын және оның халықаралық ықпалдың заманауи құралдарымен ұштасып отырғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері алға қойылған гипотезаны растайды. Түркістан саммиті мәдени бірліктің тек символдық құндылық ретінде ғана емес, нақты институционалдық шешімдерді, цифрлық бастамаларды және көпжақты ынтымақтастықты негіздейтін саяси ресурс ретінде қолданылып отырғанын көрсетті. ТМҰ ықпалының ерекшелігі оның әскери немесе экономикалық мәжбүрлеу құралдарына емес, мәдени легитимацияға, институционалдық үйлестіруге және ортақ болашақ туралы дискурс қалыптастыруға сүйенуінде жатыр. Сондықтан ұйымның болашақтағы тиімділігі де мәдени-символдық ресурстарды нақты жобалар мен практикалық ынтымақтастық механизмдеріне айналдыру қабілетіне тікелей байланысты болады.

### **Талқылау**

Түркістан саммитінің маңызын түсіндіруде ең алдымен «мәдени бірлік» ұғымын саяси ғылым тұрғысынан қайта анықтау қажет. Көп жағдайда мәдени бірлік ортақ тіл, тарих, дәстүр және дін арқылы түсіндіріледі. Бірақ бұл белгілер өздігінен саяси ықпалға айналмайды. Олар саяси ықпалға айналуы үшін институционалдық арнаға, тұрақты коммуникацияға, құжаттық бекітуге және нақты жобаларға қосылуы керек. ТМҰ дәл осы функцияны атқарады: ол түркілік ортақтық халықаралық қатынастардың тіліне аударып, оны саммит, декларация, кеңес, хатшылық, серіктес ұйымдар және салалық бағдарламалар арқылы іске қосады.

Осы тұрғыдан ТМҰ-ның ерекшелігі – оның ықпал ету формасы жұмсақ және көпқабатты сипатта. Ұйым мүше мемлекеттердің егемендігін шектейтін надүлттық орталық емес. Ол әскери одақ немесе қатаң міндеттеуші экономикалық блок та емес. Оның ықпалы көбіне ортақ мағыналар өндіру, мемлекетаралық сенім орнату, күн тәртібін келісу, аймақтық жобаларды саяси тұрғыдан заңдастыру және халықаралық аудиторияға түркі кеңістігінің біртұтас бейнесін

ұсыну арқылы көрінеді. Бұл жұмсақ институционалдық ықпалдың қазіргі көпполярлы әлемде маңызы артып келеді, өйткені көптеген мемлекеттер қатаң блоктық тәртіпке емес, икемді және тақырыптық коалицияларға басымдық беруде.

Түркістан саммиті ТМҰ-ның «мәдени ұйымнан» «саяси ықпалды аймақтық платформаға» қарай өзгеріп келе жатқанын көрсетті. Алайда бұл өзгерісті асыра бағалауға болмайды. ТМҰ ықпалының күшеюі оның мүшелері арасындағы мүдделер толық бірдей дегенді білдірмейді. Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстанның сыртқы саяси басымдықтары, экономикалық ресурстары, қауіпсіздік түсініктері және ірі державалармен байланыс модельдері әртүрлі [15,р.23]. Сондықтан ұйымның табысты болуы ортақ мәдени бірлікпен қатар прагматикалық мүдделерді үйлестіре алу қабілетіне де байланысты.

Мақала нәтижелері ТМҰ-ның саяси ықпалы үш деңгейде дамып келе жатқанын көрсетеді. Бірінші деңгей – символдық ықпал. Түркістан, ортақ мұра, түркі өркениеті, рухани астана сияқты ұғымдар ұйымның легитимділігін арттырады. Екінші деңгей – институционалдық ықпал. Хатшылық, министрлер кеңестері, саммиттер, серіктес ұйымдар және ресми декларациялар мемлекетаралық өзара әрекетті тұрақтандырады. Үшінші деңгей – жобалық ықпал. Цифрлық даму, жасанды интеллект, көлік дәліздері, тілдік технологиялар, мәдени мұраны цифрландыру сияқты бастамалар ұйымның нақты саяси-экономикалық нәтижелерге бағытталғанын көрсетеді.

ТМҰ-ның ықпал ету қабілетін түсіндіруде мәдени дипломатия ұғымы ерекше маңызды. Классикалық мәдени дипломатияда мемлекеттер әдебиет, өнер, білім және тарихи мұра арқылы сыртқы аудиториямен байланыс орнатады. Ал Түркістан саммитінде мәдени дипломатия цифрлық дипломатиямен бірікті. Түркі мұрасын сақтау туралы сөз тек музей, архив немесе фестиваль деңгейінде ғана емес, жасанды интеллект, тілдік модель, цифрлық платформа және деректер инфрақұрылымы деңгейінде айтылды. Бұл мәдени дипломатияның жаңа формасын көрсетеді: мәдениет цифрлық технология арқылы сақталып қана қоймай, саяси ықпал мен аймақтық интеграцияның инфрақұрылымына айналады.

Саммиттің тағы бір маңызды қыры – ТМҰ-ның халықаралық жүйедегі өзіндік орнын қалыптастыруға ұмтылысы. Қазіргі Еуразия кеңістігінде Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ, АҚШ, Иран және Парсы шығанағы елдері сияқты әртүрлі акторлардың ықпалы бар. Мұндай жағдайда түркі мемлекеттерінің ортақ платформа арқылы әрекет етуі олардың келіссөздік мүмкіндігін кеңейте алады. Бірақ бұл жерде теңгерімді саясат қажет: ТМҰ өзін басқа ірі акторларға қарсы бағытталған құрылым ретінде емес, аймақтық байланыс, мәдени ынтымақтастық, көлік-логистика және цифрлық даму салаларында қосымша құндылық өндіретін ұйым ретінде ұсынған жағдайда ғана ұзақмерзімді легитимділікке ие болады.

Түркістан саммиті Қазақстан үшін де ерекше мәнге ие. Қазақстанның сыртқы саясатындағы көпвекторлылық қағидасы елді бір ғана геосаяси бағытпен шектемей, әртүрлі аймақтық және халықаралық платформаларда белсенді болуға итермелейді. ТМҰ осы көпвекторлы саясаттың мәдени-өркениеттік өлшемін күшейтеді. Түркістан саммиті арқылы Қазақстан түркілік бірлік идеясын қатаң идеологиялық ұран ретінде емес, цифрлық даму, инвестиция, инновация, көлік байланысы және мәдени мұра арқылы практикалық мазмұнға ие жоба ретінде көрсете алды.

Сонымен бірге ТМҰ алдында бірнеше тәуекел бар. Біріншісі – символдық деңгей мен практикалық нәтиже арасындағы алшақтық. Егер декларациялар нақты жобаларға ұласпаса, ұйымның беделі риторикалық сипатта қалып қоюы мүмкін. Екіншісі – институционалдық әлсіздік. Хатшылықтың мүмкіндігі кеңеймесе, көпсалалы бастамаларды үйлестіру қиын болады. Үшіншісі – мүше мемлекеттер арасындағы асимметрия. Экономикалық қуат, технологиялық инфрақұрылым және сыртқы саяси маневр мүмкіндігі әр елде әртүрлі. Төртіншісі – мәдени бірліктің саясилануы. Ортақ түркілік бірегейлік интеграция ресурсы болғанымен, оны эксклюзивті немесе қарсы қоюшы дискурсқа айналдыру ұйымның халықаралық қабылдануына кері әсер етуі мүмкін.

Осы шектеулерге қарамастан, Түркістан саммиті ТМҰ-ның сапалық тұрғыдан жаңа кезеңге өткенін байқатады. Бұрын мәдени бірлік көбіне ортақ тарихты еске алу және символдық жақындық арқылы көрінсе, 2026 жылғы саммитте ол жасанды интеллект, цифрлық басқару, киберқауіпсіздік және инновациялық экономикамен байланыстырылды. Бұл ТМҰ-ның болашақтағы саяси ықпалы мәдени мұра мен технологиялық жаңғыруды қалай үйлестіретініне тәуелді болатынын көрсетеді. Егер ұйым ортақ жобаларды іске асырып, нәтижелерін өлшей алса, ол Еуразиядағы ықпалды, бірақ икемді аймақтық институттардың біріне айналуы мүмкін.

Осы нәтижелер ТМҰ-ның қазіргі аймақтық саясаттағы орнына қатысты екі ғылыми сақтықты талап етеді. Біріншіден, ұйымның мәдени негізі оның автоматты түрде жоғары саяси тиімділікке ие болатынын білдірмейді; саяси ықпал нақты жобалардың орындалуы, мүше мемлекеттердің келісілген әрекеті және халықаралық деңгейде танылатын нәтижелер арқылы ғана орнығады. Екіншіден, цифрлық күн тәртібі ұйымға жаңа мүмкіндік бергенімен, ол деректер қауіпсіздігі, технологиялық теңсіздік, тілдік ресурстардың жеткіліксіздігі және кадрлық әлеует мәселелерін де қатар алға шығарады. Сондықтан Түркістан саммитінің мәні тек қабылданған құжаттарда емес, сол құжаттардың кейінгі институционалдық іске асу динамикасында айқындалады.

### 3-кесте . ТМҰ ықпалының мүмкіндіктері мен шектеулері

| Өлшем                    | Мүмкіндік  | Шектеу   |
|--------------------------|--|--|
| Мәдени бірлік            | Ортақ тарихи жады мен рухани символдар легитимділікті күшейтеді  | Мәдени дискурс практикалық нәтижемен бекітілмесе әлсірейді                 |
| Институционалдық құрылым | Саммиттер мен хатшылық тұрақты үйлестіру арнасын қалыптастырады  | Міндеттеуші өкілеттік шектеулі, шешімдердің орындалуы саяси ерікке тәуелді |
| Цифрлық күн тәртібі      | ЖИ және цифрлық даму ұйымды заманауи платформа ретінде көрсетеді | Технологиялық теңсіздік пен деректер қауіпсіздігі мәселелері бар           |
| Аймақтық ықпал           | Ортақ ұстаным келіссөздік салмақты арттыра алады                 | Мүше елдердің сыртқы саяси басымдықтары әртүрлі                            |

*Ескерту: Кесте авторлық талдау негізінде жасалды.*

3-кестеде көрсетілген мәліметтер ТМҰ-ның қазіргі даму логикасы мүмкіндіктер мен шектеулердің қатар әрекет етуімен сипатталатынын көрсетеді. Бір жағынан, ұйымның мәдени негізі оған басқа көптеген аймақтық құрылымдарда кездесе бермейтін символдық легитимділік береді. Ортақ тарихи жады, тілдік жақындық және мәдени мұра ынтымақтастықтың әлеуметтік негізін қалыптастырып, мүше мемлекеттер арасындағы сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Екінші жағынан, мұндай артықшылықтар нақты институционалдық және экономикалық нәтижелермен бекітілмесе, мәдени риторика ұзақ мерзімді саяси ықпалдың жеткілікті шарты бола алмайды.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, ТМҰ-ның болашақтағы тиімділігі ең алдымен мәдени-символдық капиталды практикалық жобаларға айналдыру қабілетіне байланысты болады. Түркістан саммитінде ұсынылған жасанды интеллект, цифрлық инфрақұрылым, киберқауіпсіздік, тілдік технологиялар және мәдени мұраны цифрландыру бағыттары осы трансформацияның алғашқы қадамдары ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер бұл бастамалар тұрақты қаржыландырумен, институционалдық үйлестірумен және мүше мемлекеттердің нақты қатысуымен қамтамасыз етілсе, онда ТМҰ мәдени жақындыққа негізделген ынтымақтастық үлгісінен функционалдық аймақтық координация деңгейіне көтеріле алады.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар теориясындағы конструктивтік және институционалистік тәсілдердің өзара байланысын да растайды. Конструктивизм

тұрғысынан ортақ бірегейлік пен мәдени мағыналар ынтымақтастықтың нормативтік негізін қалыптастырса, институционализм бұл құндылықтардың нақты ұйымдық құрылымдар мен тұрақты өзара әрекет тетіктері арқылы саяси ықпалға айналатынын көрсетеді. Түркістан саммиті осы екі үдерістің тоғысқан нүктесі ретінде көрінді: мәдени бірлік ұйымның символдық ресурсы болса, цифрлық даму мен инновациялық жобалар сол ресурстың институционалдық іске асу формасына айналды.

Осылайша, ТМҰ-ның қазіргі даму бағыты мәдени мұра мен технологиялық жаңғырудың синтезіне негізделген жаңа аймақтық ынтымақтастық моделінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бұл модельдің табыстылығы ұйымның ортақ құндылықтарды нақты нәтижелерге айналдыру қабілетіне тәуелді болады. Сондықтан Түркістан саммитін тек кезекті дипломатиялық кездесу ретінде емес, түркі интеграциясының мазмұндық трансформациясын айқындаған маңызды кезең ретінде бағалауға болады.

### **Қорытынды**

2026 жылғы Түркістан бейресми саммиті Түркі мемлекеттері ұйымының мәдени бірліктен саяси ықпалға қарай қозғалысын айқын көрсеткен оқиға болды. Саммиттің Түркістанда өтуі ортақ тарихи-рухани мұраны саяси легитимация көзіне айналдырса, оның «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбы түркі интеграциясының болашаққа бағытталған мазмұнын күшейтті. Осылайша, мәдени жады мен технологиялық модернизация бір дискурста бірікті.

Зерттеу нәтижелері ТМҰ-ның ықпалы қатты күшке немесе міндеттеуші надұлттық өкілеттікке емес, мәдени легитимация, институционалдық үйлестіру, күн тәртібін қалыптастыру және жобалық кооперация арқылы қалыптасатынын көрсетті. Ұйымның негізгі артықшылығы – ортақ түркілік символдарды нақты саяси және технологиялық бастамалармен байланыстыра алуында. Түркі өркениеті орталығы, Түркістан декларациясы, Хатшылықтың цифрлық әлеуетін күшейту, «Digital Turkic World» және Түркі үлкен тілдік моделі сияқты бастамалар осы бағыттың нақты көрінісі болып табылады.

Сонымен бірге ТМҰ-ның болашақтағы табысы оның риторикалық бірлікті практикалық нәтижеге айналдыру қабілетіне тәуелді. Институционалдық үйлестіру күшеймей, ортақ жобалардың орындалуы нақты өлшенбей және мүше мемлекеттер арасындағы мүдде айырмашылықтары теңгерілмей, ұйымның ықпалы толық ашылмайды. Сондықтан ТМҰ-ны әскери-саяси блок ретінде емес, мәдени негізі бар, көпсалалы, икемді және прагматикалық аймақтық координация институты ретінде зерттеу ғылыми тұрғыдан өнімді бағыт болып табылады.

Практикалық тұрғыдан алғанда, ұйымның келесі кезеңдегі тиімділігі қабылданған декларацияларды нақты жобалық индикаторлармен байланыстыруына тәуелді. Әсіресе цифрлық мұра, түркі тілдеріндегі жасанды интеллект инфрақұрылымы, киберқауіпсіздік, академиялық алмасу және мәдени индустриялар бойынша өлшенетін нәтижелер қажет. Болашақ зерттеулер ресми құжаттық дискурспен қатар қоғамдық қабылдауды, сарапшылар пікірін және медиа кеңістіктегі репрезентацияларды салыстыра талдауы тиіс.

### **References:**

1 *Organization of Turkic States. Organization of Turkic States [Electronic resource]. – URL: <https://turkicstates.org/en/organization-of-turkic-states> (accessed: 17.05.2026).*

2 *Cooperation Council of Turkic Speaking States. Nakhchivan Agreement on the Establishment of the Cooperation Council of Turkic Speaking States [Electronic resource]. – 2009. – URL: <https://turkicstates.org/u/d/basic-documents/nakhchivan-agreement-on-the-establishment-of-the-cooperation-council-of-turkic-speaking-states-1-en.pdf> (accessed: 17.05.2026).*

3 *Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – New York: PublicAffairs, 2004. – 191 p.*

4 *Nye J.S. The Future of Power. – New York: PublicAffairs, 2011. – 320 p.*

5 *Organization of Turkic States. The Informal Summit of the Organization of Turkic States convened in Turkistan, Kazakhstan* [Electronic resource]. – 2026. – URL: <https://turkicstates.org/en/news/the-informal-summit-of-the-organization-of-turkic-states-convened-in-turkistan-kazakhstan> (accessed: 17.05.2026).

6 *Organization of Turkic States. Turkistan Declaration of the Informal Summit of the Organization of Turkic States* [Electronic resource]. – 2026. – URL: <https://turkicstates.org/u/Turkistan%20Declaration.pdf> (accessed: 17.05.2026).

7 Wendt A. *Social Theory of International Politics*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1999. – 429 p.

8 Keohane R.O. *After Hegemony: Cooperation and Discord in the World Political Economy*. – Princeton: Princeton University Press, 1984. – 320 p.

9 Arynov Z., Abi A. *Constructing the ‘Turkic world’: strategic narratives of Azerbaijan, Kazakhstan, and Türkiye amid geopolitical turbulence* // *Turkish Studies*. – 2026. – DOI: <https://doi.org/10.1080/14683849.2026.2626530>.

10 Lee J. *Regional Leadership through International Institutions: Türkiye and the Organization of Turkic States amid Geopolitical Upheavals* // *The Korean Journal of International Studies*. – 2025. – Vol. 23. – №3. – P. 535–569. – DOI: <https://doi.org/10.14731/kjis.2025.12.23.3>. 535.

11 Salihi E., Mehmetcik H. *Institutionalization of Relationship and Voting Cohesion: A Case Study of the Organization of Turkic States (OTS) at the UN General Assembly* // *Bilig*. – 2025. – № 112. – P. 105–132. – DOI: <https://doi.org/10.12995/bilig.7668>.

12 Çetinkaya A.F., Demirel N. *Analyzing the impact of the organization of Turkic states on the foreign trade of member countries* // *Cogent Social Sciences*. – 2024. – Vol. 10. – № 1. – Article 2288370. – DOI: <https://doi.org/10.1080/23311886.2023.2288370>.

13 *Organization of Turkic States. Informal Summit of the Organization of Turkic States to be held in Turkistan* [Electronic resource]. – 2026. – URL: <https://turkicstates.org/en/news/informal-summit-of-the-organization-of-turkic-states-to-be-held-in-turkistan> (accessed: 17.05.2026).

14 *Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. Informal Meeting of the OTS Council of Foreign Ministers Held in Turkistan* [Electronic resource]. – 2026. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/1221580?lang=en> (accessed: 17.05.2026).

15 Yesevi Ç.G. *Examining the Organization of Turkic States: A Teacher and Norm-Creator* // *Perceptions: Journal of International Affairs*. – 2022. – Vol. 27. – № 1. – P. 1–25.

Г.Т. Далдирбаева<sup>1\*</sup> , А.М. Жакьянова<sup>1</sup> , М.С. Сарыбаев<sup>2</sup> 

<sup>1</sup> Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: [gulzhan\\_maulen@mail.ru](mailto:gulzhan_maulen@mail.ru)

## ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫ: C5+CHINA ФОРМАТЫ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

### Аңдатпа

Мақалада Қытай Халық Республикасының Орталық Азия елдерімен жүргізіп отырған экономикалық дипломатиясы аймақтық ынтымақтастық, геэкономикалық өзара тәуелділік және C5+China форматы аясында кешенді түрде талданады. Зерттеудің мақсаты – Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясының негізгі құралдарын, институционалдық тетіктерін және аймақ мемлекеттеріне тигізетін сараланған ықпалын анықтау. Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-институционалдық талдау, құрылымдық-функционалдық тәсіл, құжаттық деректерді мазмұндық талдау және 2013–2025 жылдар аралығындағы екінші реттік статистикалық материалдарды интерпретациялау құрайды.

Зерттеу нәтижелері Қытайдың аймақтағы экономикалық дипломатиясы төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылатынын көрсетті: сауда-логистикалық байланыстылықты кеңейту, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды дамыту, энергетикалық және ресурстық әріптестікті нығайту, сондай-ақ көпжақты институционалдық форматтарды ілгерілету. Талдау барысында Қазақстанның Қытай үшін маңызды транзиттік және индустриялық серіктес рөлін атқаратыны, Өзбекстанның өндірістік кооперацияны дамытудағы стратегиялық алаңға айналғаны, Түрікменстанның энергетикалық бағыттағы негізгі әріптес екені анықталды. Ал Қырғызстан мен Тәжікстан инфрақұрылымдық даму мен қаржыландыруға тәуелділігі жоғары мемлекеттер ретінде сипатталады. Сонымен қатар, зерттеу Қытайдың экономикалық дипломатиясы аймақ елдерінің сыртқы экономикалық стратегияларына және өңірлік интеграциялық үдерістерге елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Мақаланың ғылыми жаңалығы C5+China форматын тек «Бір белдеу, бір жол» бастамасының қосымша алаңы ретінде емес, Орталық Азия мемлекеттерінің келіссөздік мүмкіндіктерін күшейтетін және асимметриялық өзара тәуелділікті басқаруға мүмкіндік беретін дербес аймақтық экономикалық дипломатия механизмі ретінде қарастыруында көрінеді.

**Түйін сөздер:** экономикалық дипломатия, Қытай, Орталық Азия, C5+China, аймақтық ынтымақтастық, «Бір белдеу, бір жол», геээкономика, транзиттік дәліздер

G.T. Daldirbayeva<sup>1\*</sup>, A.M. Zhakyanova<sup>1</sup>, M.S. Sarybayev<sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan*

\*e-mail: [gulzhan\\_maulen@mail.ru](mailto:gulzhan_maulen@mail.ru)

## CHINA'S ECONOMIC DIPLOMACY IN CENTRAL ASIA: THE C5+CHINA FORMAT AND REGIONAL COOPERATION

### *Abstract*

This article provides a comprehensive analysis of the economic diplomacy of the People's Republic of China toward the countries of Central Asia in the context of regional cooperation, geo-economic interdependence, and the C5+China format. The purpose of the study is to identify the main instruments of China's economic diplomacy in Central Asia, the institutional mechanisms through which it is implemented, and its differentiated impact on the countries of the region. The methodological framework combines comparative institutional analysis, a structural-functional approach, content analysis of documentary sources, and the interpretation of secondary statistical data covering the period from 2013 to 2025.

The findings demonstrate that China's economic diplomacy in Central Asia is implemented through four key dimensions: the expansion of trade and logistics connectivity, the development of investment and infrastructure projects, the strengthening of energy and resource partnerships, and the promotion of multilateral institutional formats. The analysis reveals that Kazakhstan serves as a major transit and industrial partner for China, Uzbekistan functions as a strategic platform for industrial cooperation, and Turkmenistan remains a key partner in the energy sector. Kyrgyzstan and Tajikistan are characterized by a high level of dependence on infrastructure development and external financing. Furthermore, the study shows that China's economic diplomacy has a significant influence on the foreign economic strategies of Central Asian states and on regional integration processes. The scientific novelty of the article lies in interpreting the C5+China format not merely as a supplementary platform to the Belt and Road Initiative, but as an independent mechanism of regional economic diplomacy that enhances the bargaining capacity of Central Asian countries and facilitates the management of asymmetric interdependence.

**Keywords:** economic diplomacy, China, Central Asia, C5+China, regional cooperation, Belt and Road Initiative, geoeconomics, transit corridors

*Далдирбаева Г.Т.<sup>1\*</sup>, Жакьянова А.М.<sup>1</sup>, Сарыбаев М.С.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана  
г. Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Казахский национальный женский педагогический университет  
г. Алматы, Казахстан*

\*e-mail: [gulzhan\\_maulen@mail.ru](mailto:gulzhan_maulen@mail.ru)

## ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДИПЛОМАТИЯ КИТАЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ФОРМАТ C5+CHINA И РЕГИОНАЛЬНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

### *Аннотация*

В статье комплексно анализируется экономическая дипломатия Китайской Народной Республики в отношении стран Центральной Азии в контексте регионального сотрудничества, геоэкономической взаимозависимости и формата C5+China. Цель исследования заключается в

выявлении основных инструментов экономической дипломатии Китая в Центральной Азии, институциональных механизмов ее реализации и дифференцированного воздействия на государства региона. Методологическую основу исследования составили сравнительно-институциональный анализ, структурно-функциональный подход, контент-анализ документальных источников и интерпретация вторичных статистических данных за период 2013–2025 гг.

Результаты исследования показывают, что экономическая дипломатия Китая в регионе реализуется по четырем основным направлениям: развитие торгово-логистической связанности, реализация инвестиционных и инфраструктурных проектов, укрепление энергетического и ресурсного партнерства, а также продвижение многосторонних институциональных форматов. Анализ показал, что Казахстан выступает для Китая важным транзитным и индустриальным партнером, Узбекистан является стратегической площадкой для развития производственной кооперации, Туркменистан занимает ключевое место в энергетическом сотрудничестве. Кыргызстан и Таджикистан характеризуются высокой зависимостью от инфраструктурного развития и внешнего финансирования. Кроме того, исследование демонстрирует, что экономическая дипломатия Китая оказывает существенное влияние на внешнеэкономические стратегии государств региона и процессы региональной интеграции. Научная новизна статьи заключается в интерпретации формата C5+China не только как дополнительной платформы инициативы «Один пояс, один путь», но и как самостоятельного механизма региональной экономической дипломатии, способствующего укреплению переговорных возможностей стран Центральной Азии и управлению асимметричной взаимозависимостью.

**Ключевые слова:** экономическая дипломатия, Китай, Центральная Азия, C5+China, региональное сотрудничество, «Один пояс, один путь», геоэкономика, транзитные коридоры

### **Кіріспе**

XXI ғасырдың екінші онжылдығынан бастап халықаралық қатынастар жүйесінде экономикалық фактордың саяси салмағы айқын күшейді. Сауда дәліздері, инфрақұрылымдық жобалар, энергетикалық маршруттар, инвестициялық келісімдер және технологиялық стандарттар мемлекеттердің сыртқы саясатындағы дербес құралға ғана емес, геоэкономикалық ықпалдың негізгі арнасына да айналды. Осы тұрғыдан алғанда экономикалық дипломатия классикалық дипломатияның тар саласы емес, ұлттық мүддені сыртқы экономикалық байланыстар арқылы ілгерілететін, саяси келіссөздер мен нарықтық мүмкіндіктерді өзара ұштастыратын кешенді қызмет түрі ретінде қарастырылады [1-3].

Қытай Халық Республикасының Орталық Азиядағы белсенділігі дәл осы өзгерістер аясында ерекше маңызға ие. КСРО ыдырағаннан кейін Қытайдың батыс шекарасында тәуелсіз Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекеттері қалыптасты. Бұл жағдай Пекин үшін бір мезгілде қауіпсіздік, энергетика, шекаралық тұрақтылық, сауда және құрлықтық логистика мәселелерін қамтитын жаңа аймақтық күн тәртібін туғызды. Ал 2013 жылы Астанада «Жібек жолының экономикалық белдеуі» идеясының жариялануы Қытай мен Орталық Азия қатынастарын жаңа сапалық кезеңге шығарды: аймақ енді тек шекаралық қауіпсіздік кеңістігі ретінде емес, Еуразиялық құрлықтық байланыстылықтың, транзиттік инфрақұрылымның және экономикалық дипломатияның стратегиялық торабы ретінде қарастырыла бастады [4-6].

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы бірнеше деңгейде іске асады. Бірінші деңгей - екіжақты келісімдер, сауда-инвестициялық жобалар және елдер бойынша бейімделген әріптестік. Екінші деңгей - «Бір белдеу, бір жол» бастамасы арқылы инфрақұрылымдық және логистикалық өзара байланыстарды кеңейту. Үшінші деңгей - Шанхай ынтымақтастық ұйымы, C5+China және өзге де көпжақты платформалар арқылы аймақтық институционалдық диалогты күшейту. Осы үш деңгейдің қиылысында Қытайдың экономикалық дипломатиясы тек қаржы немесе сауда құралы емес, Орталық Азиядағы саяси сенім, аймақтық тұрақтылық және сыртқы саяси ықпал механизмдерінің бірі ретінде көрінеді [7-9].

Қазіргі ғылыми әдебиетте бұл мәселе кеңінен қарастырылғанымен, бірқатар теориялық және әдістемелік олқылықтар сақталып отыр. Бір топ зерттеулер Қытайдың аймақтағы ықпалын геосаяси бәсекелестік, Ресей-Қытай қатынастары немесе «жаңа ұлы ойын» логикасы арқылы түсіндіреді [7], [8]. Екінші бағыт Қытайдың инфрақұрылымдық жобалары мен көлік дәліздерінің экономикалық әсеріне назар аударады [4],[5],[10],[11]. Үшінші бағыт Орталық Азия елдерінің ішкі саяси-экономикалық логикасын, элиталық мүдделерін және «жергілікті ережелерін» алдыңғы қатарға шығарады [7]. Алайда C5+China форматының экономикалық дипломатиядағы дербес институционалдық маңызы әлі де жеткілікті деңгейде тұжырымдалмаған. Көп жағдайда бұл формат «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жалғасы немесе ШЫҰ-ның қосымша алаңы ретінде сипатталады.

Осы мақалада C5+China механизмі Орталық Азия елдерінің ұжымдық келіссөздік мүмкіндігін арттыратын, Қытаймен экономикалық өзара тәуелділікті аймақтық деңгейде реттеуге мүмкіндік беретін арнайы дипломатиялық формат ретінде қарастыруды ұсынады. Зерттеудің мақсаты - қазіргі ғылыми дискурс аясында Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясының негізгі құралдарын, елдер бойынша сараланған модельдерін және C5+China форматының аймақтық ынтымақтастықтағы рөлін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін төрт зерттеу міндеті қойылды: біріншіден, экономикалық дипломатия ұғымының теориялық негіздерін жүйелеу; екіншіден, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясын операциялдық индикаторлар арқылы талдау; үшіншіден, Орталық Азия елдері бойынша Қытаймен өзара әрекеттесудің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру; төртіншіден, C5+China форматының асимметриялық өзара тәуелділікті жұмсартудағы мүмкіндігін бағалау.

Мақалада мынадай гипотезалар тексеріледі. Н1: Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы қысқа мерзімді жобалар жиынтығы емес, ұзақ мерзімді және жүйелі стратегия сипатында қалыптасқан. Н2: Орталық Азияға сыртқы ойыншылар қызығушылығының артуы аймақтың транзиттік-логистикалық әлеуетімен, ресурстық базасымен және геосаяси орналасуымен түсіндіріледі. Н3: Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық экономикалық әлеуеттің теңсіздігіне байланысты асимметриялық сипатта дамиды. Н4: C5+China форматы бұл асимметрияны толық жоймаса да, аймақ елдерінің ұжымдық келіссөздік позициясын күшейтетін институционалдық ресурсқа айналып келеді.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу сапалық салыстырмалы-институционалдық дизайнға негізделді. Мұндай дизайн Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясын бір ғана жоба, бір ғана ел немесе бір ғана ұйым шеңберінде емес, өзара байланысқан құралдар жүйесі ретінде талдауға мүмкіндік береді. Жұмыс 2013-2025 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңнің таңдалуы кездейсоқ емес: 2013 жылы «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы жарияланды, ал 2023 және 2025 жылдары Қытай мен Орталық Азия елдері қатынастарын жоғары деңгейдегі тұрақты саммиттер арқылы институционалдандырған жаңа кезең басталды [12-14].

Эмпирикалық база бірнеше дереккөз тобынан құралады. Бірінші топқа Қытай, Қазақстан және басқа Орталық Азия елдерінің ресми сыртқы саяси құжаттары, саммит материалдары, бірлескен мәлімдемелер және C5+China форматына қатысты ақпараттар енгізілді. Екінші топты халықаралық ұйымдар мен қаржы институттарының материалдары құрады: Дүниежүзілік банк, ХВҚ, ЕҚДБ, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі және ұлттық статистикалық қызметтер деректері. Үшінші топқа экономикалық дипломатия, геоэкономика, Қытайдың Орталық Азия саясаты және «Бір белдеу, бір жол» бастамасы туралы ғылыми еңбектер енгізілді [1-6; 8-12].

Зерттеудің әдіснамалық өзегі бірнеше өзара байланысты тәсілдерден тұрады (Кесте 1). Салыстырмалы әдіс Қытайдың Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстанмен экономикалық дипломатиясының ұлттық ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды. Институционалдық тәсіл C5+China, ШЫҰ және «Бір белдеу, бір жол» сияқты көпжақ-

ты форматтардың рөлін талдауға мүмкіндік берді. Құрылымдық-функционалдық әдіс Қытай экономикалық дипломатиясының негізгі қызметтерін - сауданы ұлғайту, транзиттік дәліздерді дамыту, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инвестициялық ықпалды кеңейту және саяси сенім қалыптастыру сияқты функцияларды айқындау үшін пайдаланылды. Геоэкономикалық интерпретация экономикалық құралдардың саяси ықпал мен аймақтық стратегияға қалай айналатынын түсіндіруге бағытталды.

### 1 – кесте. Зерттеу әдістерінің мақаладағы қолданылу логикасы

| Әдіс                           | Талдау нысаны                               | Дереккөздер  | Зерттеудегі қызметі   |
|--------------------------------|---|--|---|
| Салыстырмалы талдау            | Орталық Азияның бес мемлекеті               | Ұлттық статистика, сыртқы саяси құжаттар, ғылыми әдебиет | Елдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау         |
| Институционалдық талдау        | C5+China, ШЫҰ, BRI, салалық платформалар    | Саммит декларациялары, ресми мәлімдемелер, келісімдер    | Көпжақты форматтардың экономикалық дипломатиядағы рөлін түсіндіру |
| Құрылымдық-функционалдық тәсіл | Сауда, инвестиция, инфрақұрылым, энергетика | Халықаралық ұйымдар деректері, ресми статистика          | Экономикалық дипломатия құралдарының нақты қызметін көрсету       |
| Мазмұндық құжат талдауы        | Ресми мәтіндер мен ғылыми дискурс           | Декларациялар, бағдарламалар, мақалалар                  | Негізгі ұғымдар мен саяси басымдықтардың қайталануын анықтау      |
| Геоэкономикалық интерпретация  | Экономикалық құралдардың саяси әсері        | Ғылыми еңбектер, аймақтық сараптамалар                   | Сауда мен инфрақұрылымның ықпал тетігіне айналуын түсіндіру       |

*Ескерту: Авторлардың жеке дереккөздерінен*

Зерттеу барысында деректерді іріктеу қағидаты ретінде мақсатты және теориялық релеванттылық принциптері қолданылды. Талдауға Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы экономикалық қатынастарды сипаттайтын ресми құжаттар, халықаралық ұйымдардың есептері және рецензияланатын ғылыми жарияланымдар енгізілді. Дереккөздерді таңдау кезінде олардың сенімділігіне, ресмилік дәрежесіне, жариялану уақытына және зерттеу тақырыбымен сәйкестігіне ерекше назар аударылды. Бұл тәсіл түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді өзара салыстыруға және нәтижелердің негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің аналитикалық құрылымы макроөңірлік және ұлттық деңгейдегі талдауды ұштастыру қағидатына сүйенеді. Макроөңірлік деңгейде Қытайдың Орталық Азияға қатысты жалпы экономикалық стратегиясы, өңірлік көлік дәліздері, энергетикалық байланыстар және көпжақты ынтымақтастық форматтары қарастырылды. Ұлттық деңгейде Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстанның Қытаймен экономикалық өзара әрекеттестігінің ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданды. Мұндай тәсіл Қытай саясатының бірыңғай сипаттарын ғана емес, әрбір мемлекетке қатысты сараланған стратегияларын да анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің валидтілігін қамтамасыз ету мақсатында деректерді ұштаған тексеру (data triangulation) әдісі пайдаланылды. Яғни бір құбылыс бірнеше дереккөз арқылы тексерілді: ресми статистикалық мәліметтер халықаралық ұйымдардың есептерімен салыстырылып, олардың интерпретациясы ғылыми әдебиеттегі тұжырымдармен толықтырылды. Бұл

тәсіл жеке дереккөздердің ықтимал шектеулерін азайтып, алынған қорытындылардың сенімділігін арттырды.

Сонымен қатар зерттеу Қытайдың экономикалық дипломатиясын тек экономикалық көрсеткіштер жиынтығы ретінде емес, институционалдық ықпал мен аймақтық басқару тетіктерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Осыған байланысты талдау барысында экономикалық көрсеткіштердің өзгеруімен қатар, ынтымақтастықтың институционалдану деңгейі, келіссөз алаңдарының тұрақтылығы және көпжақты форматтардың даму динамикасы да есепке алынды. Бұл Қытайдың аймақтағы ықпалының тек қаржылық немесе сауда көрсеткіштері арқылы емес, институционалдық қатысудың тереңдеуі арқылы да жүзеге асатынын көрсетуге мүмкіндік береді.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу постпозитивистік зерттеу логикасына сүйенеді. Зерттеудің мақсаты себеп-салдарлық заңдылықтарды қатаң сандық модельдеу емес, экономикалық дипломатияның қалыптасу логикасын, оның негізгі тетіктерін және аймақтық салдарын түсіндіру болып табылады. Сондықтан сапалық талдау тәсілдері статистикалық деректерді интерпретациялаумен ұштастырылып қолданылды. Бұл тәсіл зерттеу нысанының күрделі әрі көпдеңгейлі табиғатын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеуде қолданылған негізгі ұғымдар нақты индикаторлар арқылы операционалдандырылды (Кесте 2). Мысалы, «сауда-логистикалық байланыстылық» Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы сауда айналымы, көлік арналарының үлесі және транзиттік жобалардың дамуымен өлшенді. «Институционалдық тығыздық» саммиттер, келісімдер, жұмыс топтары, салалық платформалар және тұрақты хатшылық тетіктері арқылы бағаланды. «Асимметриялық өзара тәуелділік» экономикалық салмақтың айырмашылығы, қарыздық тәуекел, ресурстық тәуелділік және серіктестерді әртараптандыру мүмкіндігі арқылы түсіндірілді.

## 2 - кесте. Экономикалық дипломатияны операционалдық талдау индикаторлары

| Индикатор                               | Өлшеу/бақылау өлшемі   | Дерек көзі   | Интерпретация                                       |
|---|--|--|---|
| Сауда динамикасы                        | Сауда айналымының өсуі, импорт-экспорт құрылымы                    | ҚХР кеден деректері, ұлттық статистика                       | Экономикалық байланыстардың қарқындылығы            |
| Көлік-логистикалық байланыстылық        | Темір жол, автомобиль, порт және транзиттік бағыттар               | BRI құжаттары, көлік жобалары туралы деректер                | Аймақтың транзиттік маңызы                          |
| Индикатор                               | Өлшеу/бақылау өлшемі   | Дерек көзі   | Интерпретация                                       |
| Инвестициялық-инфрақұрылымдық қатысу    | Өнеркәсіп, энергетика, логистика, әлеуметтік инфрақұрылым жобалары | Ұлттық агенттіктер, даму банктері, халықаралық есептер       | Қытай капиталының салалық бағыты                    |
| Энергетикалық және ресурстық әріптестік | Газ, мұнай, уран, түсті металдар, жасыл минералдар                 | Энергетика министрліктері, компания есептері, ғылыми әдебиет | Қытайдың ресурстық қауіпсіздік мүддесі              |
| Институционалдық тығыздық               | Саммиттер, келісімдер, тұрақты хатшылық, салалық платформалар      | C5+China, ШЫҰ, ресми мәлімдемелер                            | Ынтымақтастықтың тұрақтану деңгейі                  |
| Асимметрия және аймақтық агенттік       | Қарыз тәуекелі, серіктестерді әртараптандыру, ұжымдық келіссөз     | Ғылыми әдебиет, экономикалық көрсеткіштер                    | Тәуелділік пен дербес әрекет арасындағы тепе-теңдік |

Ескерту: Авторлардың жеке дереккөздерінен

Зерттеу бастапқы далалық интервью немесе сауалнама жүргізуге сүйенбейді. Сондықтан мақала эмпирикалық-сипаттамалық және салыстырмалы-институционалдық зерттеу ретінде ұсынылады. Бұл шектеу зерттеу нәтижелерінің табиғатын айқындайды: мақала жеке тұлғалардың қабылдауын емес, ресми саясат, экономикалық көрсеткіштер және ғылыми әдебиет негізіндегі аймақтық үрдістерді талдайды. Дегенмен құжаттық деректерді, статистикалық индикаторларды және теориялық әдебиетті біріктіру Қытайдың экономикалық дипломатиясын тек сипаттап қана қоймай, оның ішкі логикасын, елдер бойынша саралануын және институционалдық нәтижесін түсіндіруге мүмкіндік береді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Жүргізілген талдау Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы көпдеңгейлі және ұзақ мерзімді сипатқа ие екенін көрсетті. Оның негізінде бір ғана қаржыландыру немесе бір ғана инфрақұрылымдық жоба емес, сауда, көлік-логистика, энергетика, инвестиция, өндірістік кооперация және институционалдық диалогтың өзара байланысқан жүйесі жатыр. Бұл жүйе Қытайдың ұлттық даму мүдделерімен, батыс өңірлерін сыртқы нарықтарға жалғау мақсатымен, энергетикалық қауіпсіздік қажеттілігімен және құрлықтық Еуразиядағы ықпалын күшейту стратегиясымен ұштасады.

Талдау C5+China форматының институционалдық маңызын ерекше көрсетті. 2023 жылғы Сиань саммиті Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер механизмін қалыптастырды. 2025 жылғы Астана саммиті бұл механизмді одан әрі нығайтып, «мәңгілік тату көршілік, достық және ынтымақтастық» туралы шарт, Астана декларациясы және бірқатар салалық құжаттар арқылы жаңа кезеңге шығарды [12], [15, p.149],[16],[17]. Қытай Сыртқы істер министрлігінің деректері бойынша, 2025 жылғы саммит барысында Belt and Road ынтымақтастығы, адамдар арасындағы алмасуды жеңілдету, жасыл минералдар, сауда, байланыстылық, өнеркәсіп, кеден және өзге секторлар бойынша 12 құжатқа қол қойылды; сондай-ақ кедейлікті азайту, білім алмасу және шөлейттенумен күрес орталықтары, әрі сауданы жеңілдету платформасы іске қосылды [12]. Бұл деректер C5+China форматының символдық дипломатиядан нақты салалық координация тетігіне айналып келе жатқанын көрсетеді.

Сауда-логистикалық байланыстылықтың өсуі зерттеудің эмпирикалық негізін күшейтетін негізгі дерек ретінде көрінді (Кесте 3). ҚХР Мемлекеттік кеңесі жариялаған кедендік деректерге сәйкес, Қытайдың Орталық Азияның бес елімен саудасы 2013 жылғы 312,04 млрд юаньнан 2024 жылы 674,15 млрд юаньға дейін өскен, яғни 116 пайызға ұлғайған. 2025 жылдың алғашқы бес айында сауда көлемі 286,42 млрд юаньға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,4 пайызға өскен [13]. Бұдан бөлек, 2025 жылдың толық қорытындысы бойынша Қытай мен Орталық Азия арасындағы тауар саудасы алғаш рет 100 млрд АҚШ долларынан асып, 106,3 млрд долларға жеткен; Қытай экспорты 71,2 млрд долларды, ал Орталық Азиядан импорты 35,1 млрд долларды құраған [14]. Бұл көрсеткіштер аймақтық экономикалық өзара тәуелділіктің сандық негізін айқын көрсетеді.

### **3-кесте. Қытай мен Орталық Азия арасындағы сауда-логистикалық динамика**

| <b>Көрсеткіш</b>               | <b>Сандық дерек</b> | <b>Жыл/кезең</b> | <b>Ғылыми интерпретация</b>                                  |
|--------------------------------|---------------------|------------------|--|
| Қытайдың ОА бес елімен саудасы | 312,04 млрд юань    | 2013             | BRI басталған кездегі бастапқы деңгей [15]                   |
| Қытайдың ОА бес елімен саудасы | 674,15 млрд юань    | 2024             | 2013 жылмен салыстырғанда 116% өсім [15]                     |
| Орташа жылдық өсім             | 7,3%                | 2013-2024        | Қытайдың жалпы сыртқы саудасының орташа өсімінен жоғары [15] |

|                            |                                   |                   |   |
|----------------------------|-----------------------------------|-------------------|---|
| Қытай-ОА саудасы           | 286,42 млрд юань, +10,4%          | 2025 қаңтар-мамыр | 2025 жылдың алғашқы бес айындағы рекордтық деңгей [15]                    |
| Автомобиль көлігінің үлесі | 19,9%-дан 51,8%-ға дейін          | 2020-2024         | Құрлықтық және шекаралық логистиканың маңызы артқанын көрсетеді [15]      |
| Қытай-ОА тауар саудасы     | 106,3 млрд АҚШ доллары, +12%      | 2025              | Аймақтық сауда алғаш рет 100 млрд доллардан асты [16]                     |
| Қытай экспорты / импорты   | 71,2 млрд / 35,1 млрд АҚШ доллары | 2025              | Сауда құрылымында Қытай экспортының басымдығы асимметрияны көрсетеді [16] |

*Ескерту: Авторлардың жеке дереккөздерінен*

Елдер бойынша салыстыру Қытай экономикалық дипломатиясының біркелкі емес, сараланған сипатта іске асатынын көрсетті (Кесте 4). Қазақстан Қытай үшін транзиттік және индустриялық серіктес ретінде маңызды: Қорғас, Достық-Алашанькоу, Ақтау және Транскаспий бағыты Қазақстанның Еуропа мен Қытай арасындағы құрлықтық байланыстырушы рөлін күшейтеді. Өзбекстанда 2016 жылдан кейінгі экономикалық реформалар, инвестициялық ашықтық және Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан темір жолы сияқты жобалар Қытайдың өндірістік кооперация және логистикалық әртараптандыру мүддесімен сәйкес келеді. Түрікменстан Қытай үшін ең алдымен газ жеткізуші және энергетикалық қауіпсіздік серіктесі ретінде ерекшеленеді. Қырғызстан мен Тәжікстанда Қытайдың экономикалық дипломатиясы көбіне инфрақұрылымдық, қаржылық және әлеуметтік жобалар арқылы іске асады; бұл елдердегі қаржылық тәуелділік пен қарыз тұрақтылығы мәселесі талдаудың ерекше өлшеміне айналады [7-9], [18,С.136], [19,С.130],[20].

**4 - кесте. Орталық Азия елдері бойынша Қытай экономикалық дипломатиясының сараланған моделі**

| Ел           | Негізгі рөл                                 | Басым салалар   | Эмпирикалық негіз және тәуекел   |
|--------------|---|---|--|
| Қазақстан    | Транзиттік және индустриялық серіктес       | Көлік-логистика, өнеркәсіп, энергетика, цифрлық байланыс    | Қорғас, Достық-Алашанькоу, Транскаспий бағыты; көпвекторлы тепе-теңдік пен жобалар ашықтығы маңызды [10; 12; 15]                       |
| Өзбекстан    | Реформалық және өндірістік кооперация алаңы | Өндіріс, темір жол, технологиялық трансферт, агроөнеркәсіп  | Экономикалық либерализация және Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан бағыты; инфрақұрылым құны мен институционалдық тұрақтылық тәуекелі [22; 23] |
| Түрікменстан | Энергетикалық серіктес                      | Газ экспорты, құбыр инфрақұрылымы, энергетикалық келісімдер | Қытайдың газ қауіпсіздігін әртараптандыру; экономика мен экспорттың бір салаға тәуелділігі [8; 9]                                      |
| Қырғызстан   | Инфрақұрылымдық транзит торабы              | Жол, темір жол, энергетика, әлеуметтік инфрақұрылым         | Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан бағыты және қайта экспорт логикасы; қарыз тұрақтылығы мен әлеуметтік қабылдау тәуекелі [5; 24]              |
| Тәжікстан    | Қауіпсіздік және инфрақұрылымдық серіктес   | Жол, энергетика, тау-кен, шекаралық тұрақтылық              | Аймақтың оңтүстік-шығыс қауіпсіздігі және инфрақұрылымдық мұқтаждық; қаржылық тәуелділік қаупі [5; 8; 24]                              |

*Ескерту: Авторлардың жеке дереккөздерінен*

Асимметриялық өзара тәуелділік мәселесі талдаудың тағы бір маңызды қыры болып табылады. Қытайдың экономикалық және қаржылық әлеуеті Орталық Азия елдерінің әлеуетінен әлдеқайда жоғары. Сондықтан сауда, инвестиция және несие қатынастары тең дәрежелі емес. Алайда асимметрия автоматты түрде толық тәуелділік немесе аймақ елдерінің пассивтілігі дегенді білдірмейді. Соoleу ұсынған «жергілікті ережелер» логикасы көрсеткендей, Орталық Азия мемлекеттері сыртқы ойыншылардың ресурстарын өздерінің ішкі даму, инфрақұрылым, элиталық келісім және көпвекторлы саясат мүдделерімен байланыстыра алады [7]. Осы тұрғыдан C5+China форматы Қытайдың аймақтағы ықпалын күшейтумен қатар, Орталық Азия елдеріне ұжымдық келіссөз жүргізу, басымдықтарды үйлестіру және ортақ мүдделерді жария ету мүмкіндігін береді.

Гипотезаларды тексеру нәтижелері көрсеткендей (Кесте 5), Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы кездейсоқ жобалар жиынтығы емес, ұзақ мерзімді институционалдық стратегия ретінде қалыптасқан. Сауда мен логистиканың нақты өсуі Н2 гипотезасын күшейтеді, ал сауда құрылымындағы теңсіздік Н3 гипотезасының негізді екенін дәлелдейді. Н4 бойынша қорытынды сақтықты қажет етеді: C5+China форматы Орталық Азия елдерінің келіссөздік позициясын күшейте алады, бірақ ол экономикалық асимметрияны толық жоятын құрал емес.

5 - кесте. Гипотезаларды тексеру нәтижелері

| Гипотеза | Индикатор   | Негізгі дәлел   | Қорытынды  |
|----------|---|---|--|
| H1       | Институционалдық тұрақтылық және жобалардың ұзақ мерзімділігі | 2013 жылғы BRI, 2023/2025 саммиттері, 2025-2026 жылдардың жоғары сапалы ынтымақтастық жылдары ретінде белгіленуі, 12 салалық құжат [14] | Расталды   |
| H2       | Транзит, ресурс және сауда серпіні                            | 2013-2024 сауда өсімі 116%; 2025 жылы сауда 106,3 млрд долларға жетті; автомобиль көлігі үлесі 2020-2024 аралығында күрт өсті [15; 16]  | Расталды   |
| H3       | Экономикалық салмақ айырмасы және сауда құрылымы              | 2025 жылы Қытайдың ОА-ға экспорты 71,2 млрд, импорты 35,1 млрд доллар болды; елдер бойынша тәуелділік деңгейі әркелкі [16]              | Расталды   |
| H4       | Ұжымдық келіссөз және аймақтық агенттік                       | C5+China тұрақты саммиттер, салалық платформалар және ортақ декларациялар арқылы аймақтық келіссөз арнасын қалыптастырды [14]           | Ішінара расталды: асимметрия жойылмайды, бірақ басқару мүмкіндігі артады |

Ескерту: Авторлардың жеке дереккөздерінен

Осылайша, жүргізілген талдау Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы сауда, инвестиция, инфрақұрылым және институционалдық ынтымақтастықты біріктіретін кешенді стратегия ретінде қалыптасқанын, ал C5+China форматы аймақтық өзара іс-қимылдың жаңа архитектурасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

### Талқылау

Алынған нәтижелер Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясын біржақты «экспансия» немесе «даму көмегі» ретінде ғана түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл құбылыс екі жақты сипатқа ие. Бір жағынан, Қытай сауда, инвестиция, инфрақұрылым және

энергетика арқылы аймақтағы экономикалық ықпалын жүйелі түрде күшейтіп отыр. Екінші жағынан, Орталық Азия елдері Қытай ресурстарын өздерінің транзиттік, индустриялық және көпвекторлы сыртқы саясат мүдделеріне бейімдеуге тырысады. Осы себепті Қытайдың экономикалық дипломатиясын тек Пекиннің стратегиясы ретінде емес, аймақ мемлекеттерінің де агенттігі бар өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде қарастыру қажет [7-9].

Теориялық тұрғыдан бұл қорытынды экономикалық дипломатия туралы Вауне және Woolcock ұсынған көзқараспен сәйкес келеді. Экономикалық дипломатия халықаралық экономикалық қатынастардағы келіссөз, шешім қабылдау және ұлттық мүддені сыртқы нарықта ілгерілету үдерістерінің жиынтығы ретінде қарастырылады [1]. Қытай мысалында бұл келіссөз тек сауда тарифтері немесе инвестициялық келісімдермен шектелмейді; ол көлік дәліздерін тандау, техникалық стандарттарды үйлестіру, кедендік рәсімдерді жеңілдету, энергетикалық жеткізілімдерді тұрақтандыру және гуманитарлық байланыстарды кеңейту сияқты нақты салаларда көрінеді. Демек, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы дәстүрлі сыртқы саясат пен халықаралық саяси экономияның түйіскен нүктесінде орналасады.

Институционалдық тұрғыдан C5+China форматы ерекше мәнге ие. Keohane ұсынған либералдық институционализм логикасы бойынша, институттар өзара тәуелділік жағдайында ақпарат алмасуды жеңілдетіп, белгісіздікті азайтып, келісімдердің орындалуын тұрақтандырады [21]. C5+China форматы да дәл осындай қызмет атқара алады: ол Қытай мен аймақ елдері арасындағы қатынасты тек екіжақты каналдар арқылы емес, ұжымдық және тұрақты диалог арқылы реттеуге мүмкіндік береді. Алайда бұл формат автоматты түрде теңдік тудырады деуге болмайды. Қытайдың экономикалық масштабы, қаржылық ресурстары және технологиялық мүмкіндігі аймақ елдерінің келіссөздік позициясына құрылымдық қысым жасай береді. Сондықтан C5+China тиімділігі Орталық Азия елдерінің өзара үйлесімділігіне, ортақ техникалық күн тәртібін қалыптастыруына және сыртқы серіктестерді әртараптандыру қабілетіне байланысты.

Геоэкономикалық тұрғыдан Қытайдың аймақтағы жобалары Еуразиялық кеңістіктің экономикалық картасын қайта құруға ықпал етеді. Bird, Lebrand және Venables зерттеуі BRI дәліздері көлік шығындарын төмендетіп, аймақтардың нарықтарға қолжетімділігін арттыра алатынын көрсетеді [5]. Дүниежүзілік банк те BRI инфрақұрылымы сауда шығындарын азайту арқылы экономикалық интеграцияны жеделдетуі мүмкін екенін, бірақ бұл үшін ашықтық, қарыз тұрақтылығы, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару қажет екенін атап өтеді [10], [11]. Осы тұжырымдар Орталық Азия үшін тікелей маңызды: инфрақұрылымдық пайда нақты болуы мүмкін, бірақ ол келісімдердің ашықтығы, жобалардың экономикалық қайтарымы және ұлттық даму стратегияларымен үйлесімі қамтамасыз етілген жағдайда ғана тұрақты нәтижеге айналады.

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы туралы пікірталаста «қарыз дипломатиясы» ұғымы жиі қолданылады. Алайда бұл ұғымды механикалық түрде қолдану ғылыми талдауды қарапайымдандырады. Қырғызстан мен Тәжікстан сияқты елдерде қарыз тұрақтылығы шынымен маңызды мәселе болып отыр; бірақ Қазақстан мен Өзбекстан жағдайында Қытаймен қатынастар тек несиеге тәуелділікпен шектелмейді, онда өндірістік кооперация, экспорттық нарық, логистика, инвестиция және транзиттік кіріс сияқты әртүрлі өлшемдер бар. Сондықтан мақалада «қарыз дипломатиясы» орнына «асимметриялық өзара тәуелділік» ұғымын қолдану ғылыми тұрғыдан дәлірек деп есептеледі. Бұл ұғым тәуелділік тәуекелін де, аймақ елдерінің келіссөздік және бейімделу мүмкіндігін де қатар көрсетуге мүмкіндік береді.

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясын өңірлік интеграция тұрғысынан қарастыру да маңызды. Соңғы онжылдықта аймақта көлік дәліздері, шекаралық инфрақұрылым және сауда рәсімдерін жеңілдету бағытында жүзеге асқан жобалар мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың қарқындылығын арттырды. Бұл үдеріс Қытайдың қатысуымен ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия елдерінің өзара байланысының күшеюімен де сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда Қытай бастамалары аймақтық интеграцияны толық алмастырмайды, бірақ оны жеделдетуші сыртқы фактор ретінде әрекет етеді. Әсіресе транзиттік

дәліздердің дамуы Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арасындағы логистикалық байланыстарды кеңейтіп, өңірдің Еуразиялық сауда кеңістігіндегі рөлін күшейтуге ықпал етеді.

Сонымен қатар Қытайдың экономикалық дипломатиясы «жұмсақ күш» элементтерімен де толықтырылады. Егер бастапқы кезеңде ынтымақтастықтың негізгі өзегі сауда мен инвестиция болса, қазіргі уақытта білім беру, ғылыми байланыстар, мәдени алмасу, туризм және өңіраралық әріптестік бағыттары белсенді дамып келеді. Конфуций институттарының қызметі, академиялық бағдарламалар, студенттік алмасулар және кәсіби даярлау жобалары экономикалық байланыстарды қолдайтын қосымша институционалдық орта қалыптастырады. Бұл үрдіс Қытайдың аймақтағы қатысуын тек экономикалық көрсеткіштер арқылы ғана емес, ұзақ мерзімді әлеуметтік және гуманитарлық ықпал тұрғысынан да бағалау қажеттігін көрсетеді. Сондықтан Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы материалдық ресурстар мен институционалдық механизмдерді ғана емес, сонымен бірге идеялық және гуманитарлық ықпал құралдарын қамтитын кешенді көпдеңгейлі стратегия ретінде қарастырылуы тиіс.

Практикалық тұрғыдан Орталық Азия елдері үшін бірнеше бағыт маңызды. Біріншіден, Қытаймен инфрақұрылымдық жобаларда ашықтық пен экономикалық қайтарымды бағалау рәсімдері күшейтілуі қажет. Екіншіден, аймақ елдері C5+China аясында кеден, транзит тарифтері, логистика, цифрлық стандарттар және экологиялық талаптар бойынша ортақ позициялар әзірлеуі тиіс. Үшіншіден, Қытаймен ынтымақтастық ЕО, Түркия, Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ, Үндістан және халықаралық қаржы институттарымен қатынасты алмастырмай, көпвекторлы әртараптандыру стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастырылғаны жөн. Төртіншіден, энергетика мен шикізатқа негізделген өзара әрекеттестікті өндірістік кооперация, технологиялық трансферт және адами капиталды дамыту бағыттарымен толықтыру қажет.

Болашақ зерттеулер үшін бұл мақала бірнеше бағыт ұсынады. Біріншіден, Қытайдың әрбір Орталық Азия елімен сауда-инвестициялық деректерін 2013-2025 жылдар бойынша сандық модельдеу қажет. Екіншіден, C5+China форматының нақты келісімдері мен олардың орындалу деңгейін мониторингтеу маңызды. Үшіншіден, Қытай жобаларының әлеуметтік қабылдануын, жергілікті қоғамдағы пікірталастарды және аймақтық медиа дискурсты зерттеу қажет. Төртіншіден, Қытайдың экономикалық дипломатиясын Ресей, ЕО, АҚШ және Түркияның C5+1 форматтарымен салыстыратын кеңейтілген зерттеу жүргізу аймақтық көпвекторлықты терең түсінуге мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Зерттеу Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы ұзақ мерзімді, көпқұралды және институционалданған сипатқа ие екенін көрсетті. Оның негізгі бағыттары сауда-логистикалық байланыстылықты кеңейту, инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды іске асыру, энергетикалық әріптестікті нығайту және C5+China сияқты көпжақты форматтар арқылы аймақтық диалогты тұрақтандыру болып табылады. 2013-2025 жылдар аралығындағы сауда көрсеткіштері бұл үдерістің тек саяси риторика емес, нақты экономикалық динамикаға сүйенетінін дәлелдейді.

Мақаланың ғылыми жаңалығы C5+China форматын Қытай ықпалының жай ғана қосымша құралы емес, Орталық Азия елдері үшін ұжымдық келіссөз алаңы бола алатын дербес институционалдық механизм ретінде бағалауында. Бұл формат асимметрияны толық жоймайды, бірақ оны басқаруға, ортақ мүдделерді үйлестіруге және аймақтық экономикалық дипломатияны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан Орталық Азия елдерінің басты міндеті - Қытаймен ынтымақтастықты көпвекторлы сыртқы саясат, ашық экономикалық басқару және аймақшілік үйлестіру қағидаттарымен ұштастыру. Осы жағдайда Қытайдың экономикалық дипломатиясы тәуелділік факторы ғана емес, аймақтық даму мен сыртқы экономикалық стратегияны әртараптандыру ресурсына айналуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясын қарапайым сауда немесе инвестициялық ынтымақтастық шеңберінен кеңірек қарастыру қажеттігін көрсетеді. Қытайдың аймақтағы қызметі көлік дәліздерін қалыптастыру, өндірістік кооперацияны дамыту, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және көпжақты институционалдық байланыстарды нығайту сияқты өзара байланысты бағыттарды қамтиды. Бұл өз кезегінде Орталық Азия мемлекеттерінің әлемдік нарықтарға қолжетімділігін арттырып, олардың транзиттік және геоэкономикалық әлеуетін күшейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар зерттеу Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы қатынастардың болашағы тек экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, ынтымақтастықтың институционалдық сапасына, жобалардың ашықтығына және аймақ елдерінің өзара үйлесімді әрекет ету қабілетіне де тәуелді екенін көрсетті. Сондықтан өңір мемлекеттері сыртқы серіктестермен қарым-қатынаста теңгерімді саясат жүргізіп, ұлттық мүдделер мен аймақтық басымдықтарды үйлестіруге ерекше назар аударуы қажет. Осылайша, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық дипломатиясы аймақтағы экономикалық трансформацияның, көлік байланыстарының және көпжақты өңірлік ынтымақтастықтың маңызды факторына айналып отыр, ал оның ұзақ мерзімді нәтижелері аймақ елдерінің стратегиялық таңдауы мен институционалдық бейімделу мүмкіндіктеріне байланысты болады.

**Қаржыландыру:** зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР23490344 «Халықаралық қатынастардың экономизациялану үрдісі және жаңа Қазақстанның экономикалық дипломатиясы» жобасы аясында орындалды.

#### Әдебиеттер:

1 Bayne N., Woolcock S. (eds.). *The New Economic Diplomacy: Decision-Making and Negotiation in International Economic Relations*. 4th ed. London; New York: Routledge, 2016. DOI: 10.4324/9781315555188.

2 Woolcock S. *European Union Economic Diplomacy: The Role of the EU in External Economic Relations*. 1st ed. London: Routledge, 2012. DOI: 10.4324/9781315581033.

3 Saner R., Yiu L. *Swiss Executives as Business Diplomats in the New Europe: Evidence from Swiss Pharmaceutical and Agro-Industrial Global Companies // Organizational Dynamics*. 2005. Vol. 34, № 3. P. 298-312. DOI: 10.1016/j.orgdyn.2005.06.008.

4 Karrar H.H. *The New Silk Road Diplomacy: China's Central Asian Foreign Policy since the Cold War*. Vancouver: University of British Columbia Press, 2009.

5 Bird J., Lebrand M., Venables A.J. *The Belt and Road Initiative: Reshaping Economic Geography in Central Asia? // Journal of Development Economics*. 2020. Vol. 144. Article 102441. DOI: 10.1016/j.jdeveco.2020.102441.

6 Liu W., Dunford M. *Inclusive Globalization: Unpacking China's Belt and Road Initiative // Area Development and Policy*. 2016. Vol. 1, № 3. P. 323-340. DOI: 10.1080/23792949.2016.1232598.

7 Cooley A. *Great Games, Local Rules: The New Power Contest in Central Asia*. Oxford: Oxford University Press, 2012.

8 Laruelle M., Peyrouse S. *The Chinese Question in Central Asia: Domestic Order, Social Change, and the Chinese Factor*. London: Hurst & Company, 2012.

9 Pantucci R., Petersen A. *Sinostan: China's Inadvertent Empire*. Oxford: Oxford University Press, 2022.

10 Maliszewska M., van der Mensbrugge D. *The Belt and Road Initiative: Economic, Poverty and Environmental Impacts. Policy Research Working Paper № 8814*. Washington, DC: World Bank, 2019. DOI: 10.1596/1813-9450-8814.

11 World Bank. *Belt and Road Economics: Opportunities and Risks of Transport Corridors*. Washington, DC: World Bank, 2019.

12 Ministry of Foreign Affairs of the People's Republic of China. Xi Jinping Attends the Second China-Central Asia Summit and Delivers a Keynote Speech. 2025. URL: [https://www.fmprc.gov.cn/eng/zy/jj/xjpcxdejzgyfjh/202506/t20250619\\_11653305.html](https://www.fmprc.gov.cn/eng/zy/jj/xjpcxdejzgyfjh/202506/t20250619_11653305.html) (accessed: 01.06.2026).

13 The State Council of the People's Republic of China. China, Central Asia witness deepened economic, trade ties. 2025. URL: [https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202506/15/content\\_WS684e869fc6d0868f4e8f359a.html](https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202506/15/content_WS684e869fc6d0868f4e8f359a.html) (accessed: 01.06.2026).

14 The State Council of the People's Republic of China. China-Central Asia economic, trade cooperation achieves remarkable progress in 2025. 2026. URL: [https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202601/18/content\\_WS696c9e63c6d00ca5f9a08a1d.html](https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202601/18/content_WS696c9e63c6d00ca5f9a08a1d.html) (accessed: 01.06.2026).

15 Wang Y. Institutionalization of Chinese Regionalism in Central Asia: The Case of the “China–Central Asia” Mechanism // *Law and Politics*. 2025. №12. P. 143-155. DOI: 10.7256/2454-0706.2025.12.77233.

16 Лексютина Я.В. Дипломатия Китая в Центральной Азии: механизм многоуровневых партнерств и многосторонние платформы // *Постсоветские исследования*. 2025. Т. 8, № 2. С. 114-126.

17 Вахрушин И.В., Николаев Н.А. Риски институционализации формата «Центральная Азия - Китай» для солидарности и политического доверия внутри Шанхайской организации сотрудничества // *Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право*. 2024. Т. 17, № 2. С. 135-152. DOI: 10.31249/kgf/2024.02.07.

18 Иброхимзода У.Х., Дмитриева М.О., Ризоён Ш.Ш. Саммит «Центральная Азия - Китай»: региональные аспекты и геополитические последствия // *Известия Восточного института*. 2023. № 4. С. 131-139. DOI: 10.24866/2542-1611/2023-4/131-139.

19 Сюй Цзюнь. Формат сотрудничества C5+1: основные участники, цели и механизмы взаимодействия // *Вестник Томского государственного университета. История*. 2024. № 89. С. 123-132. DOI: 10.17223/19988613/89/15.

20 Константинова Н.Н., Кряжева К.К. Экономическое сотрудничество Китая со странами Центральной Азии: текущее состояние и перспективы // *Economy and Business: Theory and Practice*. 2025. Т. 124, № 6. С. 79-85. DOI: 10.24412/2411-0450-2025-6-79-85.

21 Keohane R.O. *After Hegemony: Cooperation and Discord in the World Political Economy*. Princeton: Princeton University Press, 1984.

### References:

1 Bayne N., Woolcock S. (eds.). *The New Economic Diplomacy: Decision-Making and Negotiation in International Economic Relations*. 4th ed. London; New York: Routledge, 2016. DOI: 10.4324/9781315555188.

2 Woolcock S. *European Union Economic Diplomacy: The Role of the EU in External Economic Relations*. 1st ed. London: Routledge, 2012. DOI: 10.4324/9781315581033.

3 Saner R., Yiu L. Swiss Executives as Business Diplomats in the New Europe: Evidence from Swiss Pharmaceutical and Agro-Industrial Global Companies // *Organizational Dynamics*. 2005. Vol. 34, № 3. P. 298-312. DOI: 10.1016/j.orgdyn.2005.06.008.

4 Karrar H.H. *The New Silk Road Diplomacy: China's Central Asian Foreign Policy since the Cold War*. Vancouver: University of British Columbia Press, 2009.

5 Bird J., Lebrand M., Venables A.J. The Belt and Road Initiative: Reshaping Economic Geography in Central Asia? // *Journal of Development Economics*. 2020. Vol. №144. Article 102441. DOI: 10.1016/j.jdevco.2020.102441.

6 Liu W., Dunford M. Inclusive Globalization: Unpacking China's Belt and Road Initiative // *Area Development and Policy*. 2016. Vol. 1, № 3. P. 323-340. DOI: 10.1080/23792949.2016.1232598.

7 Cooley A. *Great Games, Local Rules: The New Power Contest in Central Asia*. Oxford: Oxford University Press, 2012.

8 Laruelle M., Peyrouse S. *The Chinese Question in Central Asia: Domestic Order, Social Change, and the Chinese Factor*. London: Hurst & Company, 2012.

9 Pantucci R., Petersen A. *Sinostan: China's Inadvertent Empire*. Oxford: Oxford University Press, 2022.

10 Maliszewska M., van der Mensbrugge D. *The Belt and Road Initiative: Economic, Poverty and Environmental Impacts. Policy Research Working Paper № 8814*. Washington, DC: World Bank, 2019. DOI: 10.1596/1813-9450-8814.

11 World Bank. *Belt and Road Economics: Opportunities and Risks of Transport Corridors*. Washington, DC: World Bank, 2019.

12 Ministry of Foreign Affairs of the People's Republic of China. *Xi Jinping Attends the Second China-Central Asia Summit and Delivers a Keynote Speech*. 2025. URL: [https://www.fmprc.gov.cn/eng/zy/jj/xjpcxdejzgzzyfh/202506/t20250619\\_11653305.html](https://www.fmprc.gov.cn/eng/zy/jj/xjpcxdejzgzzyfh/202506/t20250619_11653305.html) (accessed: 01.06.2026).

13 The State Council of the People's Republic of China. *China, Central Asia witness deepened economic, trade ties*. 2025. URL: [https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202506/15/content\\_WS684e869fc6d0868f4e8f359a.html](https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202506/15/content_WS684e869fc6d0868f4e8f359a.html) (accessed: 01.06.2026).

14 The State Council of the People's Republic of China. *China-Central Asia economic, trade cooperation achieves remarkable progress in 2025*. 2026. URL: [https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202601/18/content\\_WS696c9e63c6d00ca5f9a08a1d.html](https://english.www.gov.cn/archive/statistics/202601/18/content_WS696c9e63c6d00ca5f9a08a1d.html) (accessed: 01.06.2026).

15 Wang Y. *Institutionalization of Chinese Regionalism in Central Asia: The Case of the "China-Central Asia" Mechanism // Law and Politics*. 2025. №12. P. 143-155. DOI: 10.7256/2454-0706.2025.12.77233.

16 Leksyutina Ya.V. *Diplomatiya Kitaya v Tsentralnoi Azii: mekhanizm mnogourovnevnykh partnerstv i mnogostoronnie platformy [China's diplomacy in Central Asia: a mechanism of multilevel partnerships and multilateral platforms]*. *Postsovetskie issledovaniya*, 2025, Vol. 8, № 2, P. 114-126 [In Rus].

17 Vakhrushin I.V., Nikolaev N.A. *Riski institutsionalizatsii formata «Tsentralnaya Aziya - Kitai» dlya solidarnosti i politicheskogo doveriya vnutri Shankhaiskoi organizatsii sotrudnichestva [Risks of institutionalizing the Central Asia-China format for solidarity and political trust within the SCO]*. *Kontury globalnykh transformatsii: politika, ekonomika, pravo*, 2024, Vol. 17, № 2, P. 135-152. DOI: 10.31249/kgf/2024.02.07 [In Russ.].

18 Ibrokhimzoda U.Kh., Dmitrieva M.O., Rizoyon Sh.Sh. *Sammit «Tsentralnaya Aziya - Kitai»: regionalnye aspekty i geopoliticheskie posledstviya [Central Asia-China Summit: regional aspects and geopolitical consequences]*. *Izvestiya Vostochnogo instituta*, 2023, № 4, P.131-139. DOI: 10.24866/2542-1611/2023-4/131-139 [In Russ.].

19 Xu Jun. *Format sotrudnichestva C5+1: osnovnye uchastniki, tseli i mekhanizmy vzaimodeistviya [C5+1 cooperation format: main participants, goals and mechanisms]*. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya*, 2024, №89, P.123-132. DOI: 10.17223/19988613/89/15 [In Russ.].

20 Konstantinova N.N., Kryazheva K.K. *Ekonomicheskoe sotrudnichestvo Kitaya so stranami Tsentralnoi Azii: tekushchee sostoyanie i perspektivy [China's economic cooperation with Central Asian countries: current state and prospects]*. *Economy and Business: Theory and Practice*, 2025, Vol. 124, № 6, P. 79-85. DOI: 10.24412/2411-0450-2025-6-79-85 [In Russ.].

21 Keohane R.O. *After Hegemony: Cooperation and Discord in the World Political Economy*. Princeton: Princeton University Press, 1984.

М.Б. Гайсина<sup>1\*</sup> , А.И. Бегимтаев<sup>1</sup> 

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: Gaysina\_1983@bk.ru

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ЭЛЕКТОРАЛДЫ ПСИХОЛОГИЯ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА АРҚЫЛЫ САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫН ТҮСІНУ

### Аңдатпа

Зерттеу цифрлық дәуірдегі электоралды психологияның өзгеруін және әлеуметтік медианың сайлаушылардың шешім қабылдау процесіне тигізетін әсерін талдауға бағытталған. Сондай-ақ цифрлық коммуникация құралдарының қарқынды дамуы жағдайында әлеуметтік медианың сайлаушылардың мінез-құлқы мен электоралдық таңдауына ықпал ету тетіктерін қарастыруға арналған. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан контекстінде әлеуметтік желілердің саяси қатысуға және сайлау нәтижелеріне әсерін когнитивті диссонанс теориясы, селективті экспозиция моделі және эхо-камералар концепциясы тұрғысынан анықтау болып табылады. Әдістемелік негіз ретінде салыстырмалы талдау, контент-талдау және электоралды мінез-құлқы психологиялық талдау қолданылды. Эмпирикалық база 750 постты контент-талдау, 185 респондентпен сауалнама және 12 сарапшымен тереңдетілген сұхбаттан құралды. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік медианың когнитивті диссонанс пен селективті экспозиция механизмдері арқылы сайлаушылардың пікірін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Респонденттердің 78%-ы өз көзқарастарын растайтын контентті таңдайтыны, 45%-ы толық ақпараттық окшаулануда екені анықталды. Талқылауда эхо-камералардың қалыптасуы мен олардың демократиялық процестерге әсері халықаралық зерттеулермен салыстырмалы түрде қарастырылды. Қорытындыда цифрлық технологиялардың электоралды процестерді түбегейлі өзгертетіні атап көрсетіліп, медиасауаттылықты арттыру және алгоритмдік транспаренттілікті қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар берілді.

**Түйін сөздер:** электоралды психология, әлеуметтік медиа, сайлаушылардың мінез-құлқы, цифрлық демократия, когнитивті диссонанс, эхо-камералар, селективті экспозиция, Қазақстан, саяси қатысу, алгоритмдік фильтрация.

M.B. Gaisina<sup>1\*</sup>, A.I. Begimtaev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakhs National University

Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: Gaysina\_1983@bk.ru

## UNDERSTANDING THE ELECTORAL PSYCHOLOGY AND DECISION-MAKING OF VOTERS THROUGH SOCIAL MEDIA IN THE DIGITAL AGE

### Abstract

The aim of the study is to analyze changes in electoral psychology in the digital age and the impact of social media on voter decision-making. This study examines the mechanisms through which social media influence voter behavior and electoral choices in the context of the rapid development of digital communication technologies. The aim of the study is to determine the impact of social media on political participation and election results in the context of Kazakhstan from the point of view of the theory of cognitive dissonance, the model of electoral influence and the concept

of an echo chamber. Comparative analysis, content analysis, and psychological analysis of electoral behavior were used as the methodological basis. The empirical base included a content analysis of 750 posts, a survey of 185 respondents, and in-depth interviews with 12 experts. The results of the study showed that social networks play an important role in shaping the opinions of voters through the mechanisms of cognitive dissonance and selective influence. It was found that 78% of respondents choose content that confirms their views, and 45% are in complete information isolation. During the discussion, the formation of "echo chambers" and their impact on democratic processes were considered in comparison with international studies. In conclusion, it was emphasized that digital technologies are fundamentally changing electoral processes, and specific recommendations were made to improve media literacy and ensure algorithmic transparency.

**Keywords:** electoral psychology, social networks, voter behavior, digital democracy, cognitive dissonance, echo chambers, electoral impact, Kazakhstan, political participation, algorithmic filtering.

*Гайсина М.Б.<sup>1\*</sup>, Бегимтаев А.И.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский Национальный университет имени аль-Фараби*

*г. Алматы, Республика Казахстан*

*\*e-mail: Gaysina\_1983@bk.ru*

## **ПОНИМАНИЕ ЭЛЕКТОРАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИИ И ПРОЦЕССА ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЙ ИЗБИРАТЕЛЯМИ ЧЕРЕЗ СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ**

*Аннотация*

Целью исследования является анализ изменений в избирательной психологии в цифровую эпоху и влияния социальных сетей на принятие решений избирателями. Исследование посвящено рассмотрению механизмов влияния социальных медиа на поведение избирателей и их электоральный выбор в условиях стремительного развития цифровых коммуникационных технологий. Задача исследования – определить влияние социальных сетей на политическое участие и результаты выборов в контексте Казахстана с точки зрения теории когнитивного диссонанса, модели избирательного воздействия и концепции эхо-камеры. В качестве методологической основы использовались сравнительный анализ, контент-анализ и психологический анализ электорального поведения. Эмпирическая база включала контент-анализ 750 постов, опрос 185 респондентов и углубленные интервью с 12 экспертами. Результаты исследования показали, что социальные сети играют важную роль в формировании мнений избирателей посредством механизмов когнитивного диссонанса и избирательного воздействия. Было установлено, что 78% респондентов выбирают контент, подтверждающий их взгляды, а 45% находятся в полной информационной изоляции. В ходе обсуждения рассматривалось формирование «эхо-камер» и их влияние на демократические процессы в сравнении с международными исследованиями. В заключении подчеркивалось, что цифровые технологии коренным образом меняют избирательные процессы, и были даны конкретные рекомендации по повышению медиаграмотности и обеспечению алгоритмической прозрачности.

**Ключевые слова:** избирательная психология, социальные сети, поведение избирателей, цифровая демократия, когнитивный диссонанс, эхо-камеры, избирательное воздействие, Казахстан, политическое участие, алгоритмическая фильтрация.

### **Кіріспе**

Қазіргі заманғы демократиялық процестер цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты өзгерістерге ұшырауда. Әлеуметтік медиа платформалары саяси ақпаратты тарату мен тұтынудың негізгі арналарына айналып, сайлаушылардың шешім қабылдау механизмдерін түбегейлі өзгертті [1, р.38]. Электоралды психология саласындағы зерттеулер

сайлаушылардың таңдауына эмоциялар, сәйкестік сезімі және моральдық қарастырулар сияқты психологиялық факторлардың маңызды әсер ететінін көрсетеді [2, p.456].

Зерттеудің өзектілігі Қазақстандағы цифрлық трансформация жағдайында саяси қатысу-дың жаңа формаларының пайда болуымен байланысты. 2023 жылғы деректер бойынша, Қазақстанда интернет пайдаланушылар саны халықтың 94 пайызына жетті, ал әлеуметтік желілерді белсенді қолданушылар саны күн сайын артуда [3, p.89]. Бұл жағдай саяси партиялар мен кандидаттардың сайлау стратегияларын әлеуметтік платформаларға бейімдеуге мәжбүр етті [4, p156.].

Қазақстандық зерттеушілер И. Қалиев пен М. Алтыбасарова әлеуметтік желілердің саяси коммуникацияға әсерін зерттей отырып, дәстүрлі медианың рөлі азайып, цифрлық платформалардың маңызы артқанын атап өтті [5, p.589]. С. Құшқымбаев өзінің еңбегінде Қазақстанның саяси эволюциясын талдап, цифрлық дәуірдегі демократиялық трансформацияның қиындықтарын сипаттады [6, p.234].

Зерттеудің мақсаты – цифрлық дәуірдегі электоралды психологияның ерекшеліктерін анықтап, әлеуметтік медианың сайлаушылардың шешім қабылдауына тигізетін әсерін когнитивті диссонанс теориясы, селективті экспозиция моделі және эхо-камералар концепциясы тұрғысынан талдау. Зерттеудің негізгі сұрағы: әлеуметтік медианың алгоритмдік фильтрациясы сайлаушылардың саяси көзқарастарын қалай өзгертеді және бұл процесс Қазақстан контекстінде қандай ерекшеліктерге ие? Зерттеу гипотезалары: Н1 – Әлеуметтік медианың алгоритмдік таңдауы сайлаушылардың саяси көзқарастарын поляризациялауға және эхо-камералардың қалыптасуына әкеледі; Н2 – Когнитивті диссонанс механизмі цифрлық ортада күшейіп, пайдаланушыларды селективті экспозицияға итермелейді; Н3 – Жас сайлаушылар (18-24 жас) әлеуметтік медианың әсеріне көбірек бейім және эхо-камераларда жиі кездеседі. Орыс зерттеушісі Ю.Н. Засурский мобильді қоғамға көшу процесінде әлеуметтік медианың рөлін зерттеп, оның саяси мобилизацияға әсерін талдады [7, С.304]. Р. Қадыржанов Қазақстандағы ұлт құрылысы процесінде территориялық факторлардың маңыздылығын атап өтіп, цифрлық кеңістіктегі сәйкестік мәселелерін қарастырды [8, p.244].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік медиа сайлаушылардың мінез-құлқына екі жақты әсер етеді. Бір жағынан, ол азаматтардың саяси процестерге қатысуын жеңілдетіп, ақпаратқа қол жеткізуді кеңейтеді [9, p.78]. Екінші жағынан, алгоритмдік фильтрация мен селективті экспозиция салдарынан пайдаланушылар өз көзқарастарын растайтын ақпаратпен ғана танысып, альтернативті пікірлерден оқшауланады.

Электоралды психология саласындағы зерттеулер бірнеше теориялық бағытқа негізделді. Біздің зерттеуіміз алты негізгі теориялық подходты салыстырмалы талдап, Қазақстан контекстіне бейімдеуді көздейді. 1. Когнитивті диссонанс теориясы (Л. Фестингер, 1957): адамдардың өз шешімдерінің дұрыстығын растайтын ақпаратқа бейім екенін түсіндіреді. Цифрлық ортада пайдаланушылар ыңғайсыз ақпаратты бірнеше басу арқылы жоя алады [10, p.291]. 2. Селективті экспозиция моделі (Р.К. Гаррет, 2009): пайдаланушылардың өз көзқарастарын растайтын контентті таңдау механизмін сипаттайды [11, p.266]. 3. Эхо-камералар концепциясы (К.Р. Санстейн, 2001, 2018): селективті экспозицияның әлеуметтік салдарын көрсетеді [12, p.328]. 4. Партиялық сәйкестік теориясы (А. Кэмпбелл және т.б., 1960): сайлаушылардың таңдауына психологиялық байланыстың әсерін түсіндіреді [13, p.573]. 5. Алгоритмдік курация теориясы (Е. Паризер, 2011): алгоритмдердің ақпараттық ортаны қалай өзгертетінін сипаттайды [14, p.1531]. 6. Цифрлық саяси қатысу теориясы (П. Норрис, 2001): цифрлық технологиялардың саяси қатысуға әсерін мобилизация және күшейту бағыттарында қарастырады [14, p.1534].

Жоғарыда келтірілген теориялық подходтарды салыстырмалы талдау олардың бір-бірін толықтыратынын көрсетеді. Когнитивті диссонанс теориясы жеке психологиялық механизмді түсіндірсе, селективті экспозиция моделі оның медиа тұтынуындағы көрінісін сипаттайды. Эхо-камералар концепциясы бұл процестердің әлеуметтік салдарын көрсетеді. Біздің зерттеуіміздің ерекшелігі осы алты теориялық подходты интеграциялап, Қазақстан контекстіне бейімдеуде жатыр. Батыстық зерттеулерден айырмашылығы, біздің зерттеуіміз: 1) көпэтникалық және

көпконфессиялық қоғамдағы поляризацияның ерекшеліктерін; 2) тілдік фактордың (қазақ /орыс) ақпараттық оқшаулануға әсерін; 3) авторитарлық-демократиялық өтпелі кезеңдегі саяси қатысудың ерекшеліктерін қарастырады [8, p.9].

Қазақстандық контекстте Д.А. Сатпаев саяси тәуекелдерді бағалау әдістерін әзірлеп, әлеуметтік медианың саяси процестерге әсерін зерттеді [15, С.189]. Г.К. Толен мен К.С. Әлішеров жастардың саяси қатысуына жаңа медианың әсерін талдап, онлайн петициялар мен цифрлық белсенділіктің маңызын атап өтті [16, p.235].

Орыс зерттеушілері Р. Еникологов, А. Макарин және М. Петрова Ресейдегі әлеуметтік медиа мен наразылық қозғалыстарының байланысын зерттеді [17, p.456]. Олардың зерттеулері көрсеткендей, әлеуметтік желілер саяси мобилизацияның тиімді құралы бола алады.

Қазақстандық зерттеуші А.Т. Бақытова әлеуметтік желілердегі посттар авторларының саяси ақпарат таратудағы рөлін талдады [18, 446.]. Оның пікірінше, блогерлер мен пікір көшбасшылары дәстүрлі медиамен салыстырғанда көбірек сенім тудырады.

Когнитивті диссонанс пен эхо-камералар арасындағы байланысты зерттеген Т. Кобаяши және әріптестері әртүрлі елдердегі селективті экспозицияның себептерін талдады [19, p.125]. Олардың зерттеулері көрсеткендей, саяси поляризация деңгейі елдің медиа ортасына тәуелді.

Назарбаев Университетінің зерттеу тобы Қазақстандағы цифрлық белсенділіктің формаларын талдап, "слактивизм" (slacktivism) феноменін зерттеді. Слактивизм - бұл минималды күш жұмсауды талап ететін онлайн белсенділік, мысалы, лайк басу немесе петицияға қол қою. Зерттеушілер слактивизмнің нақты саяси өзгерістерге алып келмейтінін, бірақ азаматтық сананы оятуда маңызды рөл атқаратынын анықтады.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Қазіргі цифрлық дәуірде әлеуметтік медиа саяси коммуникацияның негізгі құралдарының біріне айналып, сайлаушылардың ақпарат алу, пікір қалыптастыру және саяси шешім қабылдау үдерістеріне елеулі ықпал етуде. Интернет технологияларының қарқынды дамуы, әлеуметтік желілердің кең таралуы және цифрлық платформалардың қоғамдық-саяси өмірдегі рөлінің артуы электоралдық мінез-құлықты зерттеудің жаңа бағыттарын қалыптастырды. Осыған байланысты электоралдық психологияны цифрлық коммуникациялар контексінде қарастыру саяси ғылым, психология және медиа зерттеулер салаларындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Сайлаушылардың шешім қабылдау ерекшеліктерін түсіндіру дәстүрлі электоралдық зерттеулерде көбіне әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және идеологиялық факторлармен байланыстырылса, қазіргі цифрлық ортада бұл үрдіске ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік медианың ықпалы қосылды. Әлеуметтік желілер азаматтарға саяси ақпаратты жедел алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың саяси ұстанымдары мен таңдауларына әсер ететін интерактивті коммуникациялық кеңістік қалыптастырады. Мұндай жағдайда сайлаушылардың шешім қабылдау механизмдерін зерттеу тек саяси факторларды ғана емес, психологиялық және коммуникациялық ықпалдарды да кешенді түрде қарастыруды талап етеді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі пәнаралық тәсілге сүйенеді. Бұл тәсіл электоралдық психологияның күрделі табиғатын түсіндіруге және әлеуметтік медианың саяси мінез-құлыққа ықпалын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында саяси психология, медиа-коммуникация және цифрлық қоғам теорияларының негізгі тұжырымдамалары пайдаланылады. Сонымен қатар әлеуметтік медианың ақпарат тарату, қоғамдық пікір қалыптастыру және саяси мобилизация құралы ретіндегі қызметі теориялық тұрғыдан сараланады.

Аталған зерттеу әлеуметтік медианың сайлаушылардың когнитивтік және эмоциялық қабылдау ерекшеліктеріне ықпал ету тетіктерін анықтауға бағытталған. Бұл ретте цифрлық платформалардағы ақпараттық ағындардың қарқындылығы, алгоритмдік ұсынымдардың рөлі, пікір көшбасшыларының ықпалы және желілік коммуникациялардың ерекшеліктері назарға алынады. Зерттеу әдіснамасы электоралдық шешім қабылдау процесін түсіндіретін заманауи

теорияларды жүйелеуге және олардың цифрлық саяси коммуникация жағдайындағы өзектілігін бағалауға негізделген.

Зерттеу әдіснамасы цифрлық кеңістіктегі саяси коммуникациялардың сайлаушылардың психологиялық ұстанымдары мен электоралдық таңдауларына әсер ету механизмдерін кешенді түрде талдауға бағытталып, қазіргі заманғы электоралдық процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістемесі аралас тәсілді қамтиды, онда сандық және сапалық талдау әдістері біріктірілген. Әдістемелік таңдау жоғарыда көрсетілген гипотезаларды тексеруге бағытталған. Зерттеу дизайны мен айнымалылар: Тәуелсіз айнымалылар – 1) әлеуметтік медиа қолдану жиілігі; 2) алгоритмдік ұсыныстарға сенім деңгейі; 3) жас тобы. Тәуелді айнымалылар – 1) саяси поляризация деңгейі; 2) эхо-камерада болу индексі; 3) когнитивті диссонанс көрінісі. Бақылау айнымалылары – білім деңгейі, аймақ, жыныс. Гипотезаларды тексеру әдістері: Н1 гипотезасын тексеру үшін контент-талдау және эксперименттік зерттеу жүргізілді; Н2 гипотезасын тексеру үшін сауалнамаға когнитивті диссонансты өлшейтін шкала енгізілді; Н3 гипотезасын тексеру үшін жас топтары бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу материалдары 2023 жылдың қаңтарынан 2024 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңде жиналған.

Эмпирикалық деректерді жинау үш кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде Қазақстандағы негізгі әлеуметтік платформалардағы саяси контентке мониторинг жасалды. Instagram, Facebook және YouTube платформаларында саяси партиялардың ресми парақшалары мен саяси белсенділердің аккаунттарынан 750 пост талданды. Контент-талдау әдістемесі К.Крипендорфтың классикалық тәсіліне негізделді [20, p.456].

Екінші кезеңде 18-35 жас аралығындағы 185 респондентпен онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама құрылымы электоралды психологияның негізгі концепцияларына негізделіп, когнитивті диссонанс теориясы мен селективті экспозиция моделін қамтыды [21, p.278]. Респонденттер Алматы, Астана және 3 облыс орталығынан таңдалып, іріктеме репрезентативтілігі қамтамасыз етілді. Іріктеме құрылымы Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің деректеріне сәйкес квоталық әдіспен қалыптастырылды [22, 145б.].

Үшінші кезеңде 12 сарапшымен тереңдетілген сұхбат өткізілді. Сарапшылар қатарына саяси технологтар (3), әлеуметтанушылар (3), медиа сарапшылары (3) және цифрлық маркетинг мамандары (3) кірді. Сұхбаттар жартылай құрылымдалған форматта өткізіліп, С.Квале мен С. Бринкманнның сапалық зерттеу әдістемесіне сәйкес талданды.

Эксперименттік зерттеу шектеулі көлемде жүргізілді. 16 жаңа аккаунт құрылып, олар 4 топқа бөлінді (әр топта 4 аккаунт): 1) тек қолдаушы контент көретін топ, 2) тек сыни контент көретін топ, 3) теңдестірілген контент көретін топ, 4) бақылау тобы (саяси контентсіз). Эксперимент 14 күн жүргізіліп, алгоритмдік ұсыныстардың өзгеруі күнделікті тіркелді.

Сапалық деректерді талдау үшін тақырыптық талдау әдісі қолданылды. В. Браун мен В.Кларктың алты қадамдық моделі бойынша талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде 5 негізгі тақырып және 18 ішкі тақырып анықталды.

Машиналық оқыту алгоритмдері арқылы шектеулі предиктивті модель құрылды. Random Forest әдісі арқылы пайдаланушылардың саяси бағытын болжау әрекеті жасалды. Модельдердің валидациясы үшін 5-fold cross-validation әдісі қолданылды.

<sup>3</sup> Международной казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

Туркестан, Казахстан

\*e-mail: [tokbergenov@mail.ru](mailto:tokbergenov@mail.ru)

## УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЁЖИ В УСЛОВИЯХ УНИВЕРСИТЕТА

### Аннотация

Современная социально-экономическая нестабильность, ухудшение экологической ситуации и безразличное отношение молодежи к собственному здоровью делают проблему формирования здорового образа жизни среди молодежи особенно актуальной. Значимость данного явления не ограничивается лишь физическим здоровьем, оно напрямую связано с формированием социальной ответственности личности и ее духовным развитием. В ходе

исследования по теме «Важность формирования здорового образа жизни среди молодежи» был проведен анализ научной литературы. Установлено, что здоровье следует рассматривать как единый феномен, тесно связанный с образом жизни личности, при этом необходимо учитывать взаимное влияние биологических и социальных факторов. Цель исследования – выявить социально-педагогические и культурологические предпосылки формирования культуры здорового образа жизни у студентов университетов. В исследовании использовались теоретический анализ (психолого-педагогических и социологических трудов), анкетирование, наблюдение и сравнительно-аналитические методы. В опросе приняли участие 400 студентов Университета Абай и Университета Дулати (50% юношей и 50% девушек). Результаты показали, что 75% студентов стараются контролировать свое питание, а более половины осознают важность ведения здорового образа жизни. Кроме того, было выявлено, что университетская среда и система воспитательных мероприятий играют значительную роль в формировании у молодежи отношения к здоровому образу жизни.

**Ключевые слова:** молодежь, культура здорового образа жизни, университетская среда, здоровье студентов, физическая активность, пропаганда здорового образа жизни

### Кіріспе

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен цифрландыру үдерісі қарқынды жүріп жатқан кезеңде жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру адам капиталының тұрақты дамуының маңызды шарты ретінде қарастырылады. Әсіресе жоғары оқу орындары жағдайында студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін дамыту білім беру және әлеуметтік саясаттың стратегиялық бағытына айналып отыр [1, p.4]. Университет ортасы кәсіби білім берумен қатар, студенттердің құндылықтық бағдарларын, мінез-құлықтық әдеттерін және өмірлік дағдыларын қалыптастыратын маңызды әлеуметтік кеңістік болып табылады [2, p.7].

Студенттік кезең жеке тұлғаның дербестігі артып, денсаулыққа қатысты шешімдерді өз бетінше қабылдайтын өмірлік кезең ретінде сипатталады. Алайда бірқатар зерттеулер студенттердің жоғары оқу орнына түскеннен кейін салауатты өмір салтын ұстану деңгейі төмендейтінін көрсетеді [3, p.225], [4, p.7]. Академиялық жүктеменің артуы, ұйқы режимінің бұзылуы, физикалық белсенділіктің азаюы және психоэмоционалдық қысым студенттердің физикалық әрі психикалық саулығына теріс әсер етеді [5, p.8].

Заманауи зерттеулерде студенттердің денсаулығы тек жеке мінез-құлықтың нәтижесі емес, университеттің әлеуметтік-экологиялық ортасымен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырылады [6, p.12], [7, p.35]. Кампус инфрақұрылымы, спорттық нысандардың қолжетімділігі, әлеуметтік қолдау және институционалдық денсаулық саясаты студенттердің өмір салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар физикалық белсенділік пен психологиялық әл-ауқаттың өзара байланысы дәлелденіп, жүйелі қозғалыс депрессия мен мазасыздықты төмендететін негізгі факторлардың бірі екені көрсетілген [8, p.5], [9, p.7].

Соған қарамастан, қазіргі зерттеулердің басым бөлігі салауатты өмір салтының жекелеген компоненттерін (физикалық белсенділік, тамақтану немесе зиянды әдеттер) жеке-жеке талдаумен шектеледі және университеттік ортаның кешенді ықпалын жеткілікті деңгейде ашпайды [10, p.4]. Сонымен бірге студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастырудағы әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарды жүйелі түрде анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындары жағдайында студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын анықтау.

Зерттеу келесі зерттеу сұрағына жауап беруге бағытталды: университеттік орта студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға қандай деңгейде және қандай факторлар арқылы ықпал етеді? Бұл зерттеу университеттік ортаны студент денсаулығы үшін тек қауіп факторы емес, сонымен қатар салауатты өмір салты мәдениетін дамытуға мүмкіндік беретін әлеуетті ресурс ретінде қарастырады.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу тақырыбы бойынша жүйелі әдеби шолу жүргізілді. Әдебиеттерді іздеу және іріктеу жұмыстары 2018–2025 жылдар аралығында жарияланған ғылыми еңбектер негізінде жүзеге асырылды. Шолу барысында Scopus, Web of Science, Google Scholar, ResearchGate халықаралық дерекқорларының материалдары, сондай-ақ отандық «Қазақстан жоғары мектебі», «Педагогика және психология», «Білім беру мәселелері» сияқты ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар талданды. Ғылыми дереккөздерді іздеу кезінде «жастар», «салауатты өмір салты», «студенттер», «денсаулық мәдениеті», «физикалық белсенділік», «университеттік орта», «тәрбиелік жұмыс», «денсаулықты нығайту», «сауалнама» сияқты негізгі кілт сөздер қолданылды.

Әдебиеттерді іріктеу барысында бірнеше критерийлер ескерілді. Біріншіден, зерттеулердің тақырыптық релеванттылығы, яғни студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесіне тікелей қатыстылығы қарастырылды. Екіншіден, ғылыми жарияланымдардың эмпирикалық деректерге негізделуі және зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы бағаланды. Үшіншіден, университеттік ортаның тәрбиелік, әлеуметтік және психологиялық ықпалын сипаттайтын еңбектерге басымдық берілді. Нәтижесінде отандық және шетелдік зерттеулердің негізгі бағыттары жүйеленіп, олардың ортақ және ерекшеленетін тұстары анықталды.

Әдеби шолу нәтижесінде студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру мәселесі көбінесе физикалық белсенділік, дұрыс тамақтану немесе зиянды әдеттердің алдын алу сияқты жекелеген аспектілер арқылы қарастырылатыны анықталды. Сонымен қатар университеттік ортаның әлеуметтік-педагогикалық ықпалына арналған зерттеулердің саны салыстырмалы түрде аз екендігі байқалды. Осы жағдай зерттеудің эмпирикалық бөлігінде университеттік ортаның студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастырудағы рөлін арнайы қарастырудың қажеттілігін негіздеді.

Зерттеу барысында студент жастардың салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру жағдайын кешенді түрде бағалау үшін теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістер жүйесі қолданылды.

*Теориялық әдістер.* Теориялық талдау барысында салауатты өмір салты, денсаулық мәдениеті, тұлғаның құндылықтық бағдарлары, рухани-адамгершілік тәрбие және университеттің тәрбиелік әлеуеті мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер қарастырылды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері салыстырылып, студенттердің денсаулық мәдениетін қалыптастыруға әсер ететін факторлар анықталды. Жүйелеу және жалпылау әдістері негізінде материалдық-техникалық база, тәрбиелік іс-шаралар жүйесі, әлеуметтік қолдау ортасы, құрдастар ықпалы және ішкі мотивация сияқты негізгі педагогикалық алғышарттар айқындалды. Сонымен қатар теориялық талдау университеттік ортаның студенттердің өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлықтық дағдыларына ықпал ететін маңызды әлеуметтік институт екендігін көрсетуге мүмкіндік берді.

*Эмпирикалық әдістер.* Эмпирикалық деректерді жинау мақсатында студент жастар арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 1–4 курс студенттерінен құралған 400 респондент қатысты. Оның ішінде 200 студент Абай университетінен және 200 студент Дулати университетінен іріктелді. Іріктеу құрылымы жыныстық тұрғыдан теңгерілген болып, респонденттердің 50%-ын ер студенттер, 50%-ын қыз студенттер құрады. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы түрде объективті болуына мүмкіндік берді.

Сауалнама құрылымы бірнеше мазмұндық блоктардан тұрды. Бірінші блок студенттердің салауатты өмір салты туралы түсініктерін анықтауға бағытталды. Екінші блок физикалық белсенділік деңгейін, спорт түрлеріне қатысу жиілігін және спортқа бөлінетін уақытты бағалауға арналды. Үшінші блок дұрыс тамақтану, демалыс режимі және зиянды әдеттерге қатысты көзқарастарды зерттеуге бағытталды. Төртінші блок университеттің материалдық базасы мен

тәрбиелік жұмыстарының тиімділігіне қатысты пікірлерді анықтауды көздеді. Сауалнама анонимді түрде жүргізілді, бұл респонденттердің пікірлерін еркін білдіруіне мүмкіндік берді.


Алынған эмпирикалық деректер университеттік ортаның студенттердің салауатты өмір салты мәдениетіне ықпал ететін негізгі факторларын анықтауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, материалдық база, спорттық инфрақұрылым, тәрбиелік іс-шаралар жүйесі және студенттердің ішкі мотивациялық бағдарлары зерттеудің негізгі талдау объектілеріне айналды.

*Статистикалық әдістер.* Жиналған деректер сандық өңдеуден өткізіліп, жауаптардың жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері есептелді. Нәтижелерді талдау барысында сипаттамалық статистика әдістері қолданылды. Сонымен қатар университеттің спорттық инфрақұрылымы мен студенттердің салауатты орта қалыптастыруға бейімділігі арасындағы байланысты анықтау үшін Пирсонның  $\chi^2$  (хи-квадрат) критерийі пайдаланылды. Бұл әдіс зерттеу барысында ұсынылған гипотезаны тексеруге және айнымалылар арасындағы статистикалық байланысты бағалауға мүмкіндік берді.

Статистикалық талдау нәтижелері университеттік ортаның студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Алайда оның тиімділігі тек материалдық жағдайларға ғана емес, сонымен қатар студенттердің жеке мотивациясына, құндылықтық бағдарларына және әлеуметтік ортасына тәуелді екені анықталды. Осылайша, теориялық талдау барысында анықталған педагогикалық алғышарттар эмпирикалық деректер арқылы нақтыланып, зерттеу гипотезасының жекелеген аспектілері дәлелденді. Зерттеудің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында әдеби дереккөздерден алынған теориялық тұжырымдар сауалнама нәтижелерімен салыстырылып, мәліметтерді өзара тексеру (триангуляция) қағидаты қолданылды. Бұл тәсіл студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға әсер ететін факторларды жан-жақты бағалауға және алынған нәтижелердің объективтілігін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы тәрбиелік және денсаулық сақтау бағытындағы бағдарламаларды жетілдіруге арналған практикалық ұсынымдар әзірлеуге негіз болды.

### Зерттеу нәтижелері

Университет ортасында студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық алғышарттар жүйесі қарастырылды. Бұл алғышарттар студенттердің денсаулыққа қатысты мінез-құлқына тікелей және жанама әсер ететін факторлар ретінде сипатталады. Аталған ұстанымдар сауалнама нәтижелерін талдаудың теориялық негізін құрайды (Сурет 1).



**Сурет 1. Студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық алғышарттар**

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*

Бірінші маңызды нәтиже – электрондық сауда көлемінің тұрақты әрі үдемелі өсуі. 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда нарық көлемі 24,3%-ға, ал 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда 29,4%-ға өсті. Бұл өсім кездейсоқ қысқа мерзімді секіріс емес, электрондық сауданың бөлшек айналымдағы орнығуын білдіреді [11, с.171]. Алайда бөлшек саудадағы үлестің 12,5%-дан 14,1%-ға дейін ғана өсуі абсолюттік көлемнің қарқынды артуы мен институционалдық шектеулердің қатар жүргенін байқатады. Яғни нарық кеңейіп жатыр, бірақ ол әлі де толық инклюзивті сипат алған жоқ.

1) Институционалдық алғышарттар. Бұл топқа университеттің спорттық және әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы, спорт секцияларының қолжетімділігі, денсаулықты нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар жүйесі жатады. Университет тарапынан ұйымдастырылатын спорттық жарыстар, фестивальдер мен денсаулық акциялары студенттердің салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Алайда материалдық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктердің өзі студенттердің тұрақты салауатты мінез-құлқын қалыптастыру үшін жеткіліксіз екені байқалды.

2) Әлеуметтік-психологиялық алғышарттар. Бұл алғышарттар студенттердің құрдастарымен өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен, университеттегі әлеуметтік климатпен және оқытушылар мен кураторлардың тәрбиелік ықпалымен байланысты. Құрдастар арасындағы қолдау, ұжымдық спорттық іс-әрекет және жағымды әлеуметтік орта студенттердің салауатты өмір салтын ұстануына оң әсер етеді. Сонымен қатар, бұл факторлар студенттердің ішкі уәжін күшейтіп, денсаулыққа қатысты таңдауларын саналы түрде жасауына жағдай туғызады.

3) Тұлғалық алғышарттар. Тұлғалық алғышарттарға студенттердің ішкі мотивациясы, құндылықтық бағдарлары, өзін-өзі реттеу дағдылары және салауатты өмір салты туралы түсінігінің деңгейі жатады. Зерттеу барысында көптеген студенттердің салауатты өмір салтын негізінен физикалық белсенділік пен дұрыс тамақтанумен байланыстыратыны анықталды, ал психологиялық тұрақтылық пен күн тәртібін сақтау сияқты компоненттер екінші кезекте қарастырылды. Бұл жағдай тұлғалық алғышарттардың жеткіліксіз қалыптасуы салауатты мінез-құлқтың тұрақты болуына кедергі келтіретінін көрсетеді.

Осылайша, университет ортасында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру институционалдық жағдайлардың, әлеуметтік-психологиялық ортаның және жеке тұлғалық факторлардың өзара бірлігінде жүзеге асатыны анықталды. Бұл алғышарттар келесі бөлімде ұсынылатын сауалнама нәтижелерін талдаудың негізін құрайды.

Студент жастар арасында социологиялық сауалнама жүргізу арқылы пікірлерін білдік. Сауалнамаға Абай университетінен 200, Дулати университетінен 200 студент қатысты. 1-4 курс аралығындағы әртүрлі жас ерекшеліктегі жастар қатысты.


Зерттеудің мақсаты студент жастар арасындағы салауатты орта қалыптастырудағы университеттік ортаның маңызын анықтау. Сауалнамаға 400 респондент қатысты олардың 200-і Абай университетінің, 200-і Дулати университетінің студенттері. Іріктеу бойынша ер балалар 50,0%, қыз балалар 50,0%-ды құрап отыр. Жас студенттер арасында социологиялық зерттеу жүргізе отырып, олардың пікірлерін білдік. Сауалнамаға Абай университетінен 200 және Дулати атындағы университеттен 200 студент қатысты. 1-4 курс аралығындағы әр түрлі жас топтарындағы жасөспірімдер қатысты.

1-кесте және 2-суретте сауалнамаға қатысқан студенттердің «Университетте салауатты орта қалыптастыруға жағдай жасалған ба?» сұрағына жауаптарының нәтижелері келтірілген.

**1 – кесте. Студенттердің университетте салауатты орта қалыптастыру үшін жағдайлардың жасалу деңгейін бағалауы**

|                        | Абай университетінің студенттері | Дулати университетінің студенттері | Барлығы    |
|------------------------|----------------------------------|------------------------------------|------------|
| 1. Ия, жағдай жасалған | 120/60,0%                        | 118/59,0%                          | 238/59,5%  |
| 2. Орташа деңгейде     | 61/30,5%                         | 64/32,0%                           | 125/31,25% |
| 3. Жоқ жасалмаған      | 13/6,5%                          | 10/5,0%                            | 23/5,75%   |
| 4.Басқа                | 6/3,0%                           | 8/4,0%                             | 14/3,5%    |
| Барлығы                | 200/100,0%                       | 200/100,0%                         | 400/100%   |

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*



**Сурет 2. Студенттердің университетте салауатты орта қалыптастыру үшін жағдайлардың жасалу деңгейін бағалау нәтижелері**

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*


Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 59,5%-ы университетте салауатты орта қалыптастыруға жағдай жасалғанын, 31,25%-ы орташа деңгейде екенін, ал 5,75%-ы мұндай жағдай жасалмағанын көрсетті (Кесте 1, Сурет 2). Бұл көрсеткіштер жоғары оқу орындарында салауатты өмір салтына институционалдық деңгейде белгілі бір назар аударылатынын білдіреді. Екі университеттің нәтижелерін салыстыру барысында көрсеткіштердің бір-біріне жақын екені анықталды (Абай университеті – 60,0%, Дулати университеті – 59,0%). Бұл университет типіне қарамастан салауатты орта қалыптастыру мәселесінің жалпы сипатқа ие екенін көрсетеді. Алайда респонденттердің шамамен үштен бірі бұл ортаны «орташа деңгейде» деп бағалауы қолданыстағы шаралардың жеткіліксіз екенін аңғартады.

*Материалдық база мен салауатты орта арасындағы байланыс*

Университет ортасында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда материалдық-техникалық қамтамасыз етудің орны ерекше. Спорттық кешендердің, жаттығу залдарының және дене шынықтыруға арналған инфрақұрылымның болуы студенттердің физикалық белсенділігін арттыруға, сондай-ақ салауатты орта қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды. Осыған байланысты зерттеу аясында университеттердің материалдық базасының студенттердің салауатты өмір салтына бейімділігіне ықпалын бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді.

**2 – кесте. Студенттердің университеттің спорттық кешендерінің материалдық базасын бағалауы**

|               | Абай университетінің студенттері | Дулати университетінің студенттері | Барлығы   |
|---------------|----------------------------------|------------------------------------|-----------|
| 1. Өте жоғары | 42/21,0%                         | 39/19,5%                           | 81/20,25% |
| 2. Жоғары     | 84/42,0%                         | 78/39,5%                           | 162/40,5% |
| 3. Жақсы      | 34/17,0%                         | 42/21,0%                           | 76/19,0%  |
| 4. Орташа     | 22/11,0%                         | 23/11,5%                           | 45/11,25% |
| 5. Нашар      | 12/6,0%                          | 15/7,5%                            | 27/6,75%  |
| 6. Басқа      | 6/3,0%                           | 3/1,5%                             | 9/2,25%   |
| Барлығы       | 200/100,0%                       | 200/100,0%                         | 400/100%  |



**Сурет 3. Университеттің спорттық кешендерінің материалдық базасы**

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*

Студенттердің 60,75%-ы университеттің спорттық кешендерінің материалдық базасын «өте жоғары» және «жоғары» деп бағалады (Кесте 2, Сурет 3). Бұл студенттердің спорттық инфрақұрылымға көңіл бөлетінін және оны салауатты орта қалыптастырудың маңызды шарты ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Абай университетінің материалдық базасы Дулати университетімен салыстырғанда сәл жоғары бағаланғанымен, айырмашылық түбегейлі емес. Бұл материалдық ресурстардың болуы салауатты орта қалыптастыру үшін маңызды болғанымен, шешуші фактор еместігін алдын ала болжауға мүмкіндік берді.

*Студенттердің спорттық белсенділігі*


Университет студенттерінің спорттық белсенділігінің құрылымын талдау олардың қандай спорт түрлерін таңдайтынын және физикалық белсенділікті ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта сауалнама барысында студенттердің айналысатын спорт түрлері бойынша жауаптары қарастырылды, бұл студенттердің спортқа деген қызығушылық бағыттарын және дене белсенділігінің сипатын бағалауға негіз болды.

3-кесте мен 4-сурет деректері студенттердің спорттық белсенділігін көрсетеді.

**3 – кесте. Студенттердің айналысатын спорт түрлерінің құрылымы**

|                  | Абай университетінің студенттері | Дулати университетінің студенттері | Барлығы   |
|------------------|----------------------------------|------------------------------------|-----------|
| 1. Футбол        | 64/32,0%                         | 56/28,0%                           | 120/30,0% |
| 2. Баскетбол     | 18/9,0%                          | 17/8,5%                            | 35/8,75%  |
| 3. Волейбол      | 26/13,0%                         | 28/14,0%                           | 54/13,5%  |
| 4. Теннис        | 8/4,0%                           | 4/2,0%                             | 12/3,0%   |
| 5. Жүзу          | 16/8,0%                          | 12/6,0%                            | 28/7,0%   |
| 6. Каратэ/дзю-до | 4/2,0%                           | 9/4,5%                             | 13/3,25%  |
| 7. Бокс          | 17/8,5%                          | 18/9,0%                            | 35/8,75%  |
| 8. Күрес         | 10/5,0%                          | 14/7,0%                            | 24/6,0%   |
| 9. Ат спорты     | 2/1,0%                           | 6/3,0%                             | 8/2,0%    |
| 10. Басқа        | 35/17,5%                         | 36/18,0%                           | 71/17,5%  |
| Барлығы          | 200/100,0%                       | 200/100,0%                         | 400/100%  |

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*



**Сурет 4. Студенттердің спорт түрлерін таңдау көрсеткіштері**

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*

3-кесте мен 4-сурет деректері студенттердің спорттық белсенділігінде командалық спорт түрлерінің басым екенін көрсетеді. Ең жоғары көрсеткіш футболға тиесілі (30,0%), одан кейін волейбол (13,5%), баскетбол (8,75%) және бокс (8,75%) орналасқан. Бұл студент жастар арасында ұжымдық қарым-қатынасқа негізделген спорт түрлерінің танымал екенін аңғартады. Сонымен қатар жүзу, күрес, теннис және жекпе-жек спорт түрлерімен айналысатын студенттердің үлесі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалып отыр. Респонденттердің 17,75%-ының «басқа» спорт түрлерін көрсетуі студенттердің спорттық қызығушылықтарының әртүрлі екенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер студенттердің едәуір бөлігінің спортпен жүйелі түрде айналысатынын көрсеткенімен, спорттық белсенділіктің құрылымы негізінен кең таралған және қолжетімді спорт түрлеріне шоғырланғанын байқатады.

*Спортқа бөлінетін уақыт*


Студенттердің физикалық белсенділікке бөлетін уақыты олардың салауатты өмір салтына қаншалықты тұрақты түрде бейімделгенін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып

табылады. Осы тұрғыда сауалнама барысында студенттердің спортпен шұғылдануға күнделікті бөлетін уақыты анықталды, бұл олардың дене белсенділігінің деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Студенттердің спортпен шұғылдануға бөлетін уақыты бойынша сауалнама нәтижелері 4-кесте мен 5-суретте көрсетілген.

#### 4- кесте. Студенттердің спортпен шұғылдануға күнделікті бөлетін уақыты

|              | Абай университетінің студенттері | Дулати университетінің студенттері | Барлығы   |
|--------------|----------------------------------|------------------------------------|-----------|
| 1. 30 минут  | 114/57,0%                        | 108/54,0%                          | 222/55,5% |
| 2. 1-2 сағат | 62/31,0%                         | 70/35,0%                           | 132/33,0% |
| 3. 3-4 сағат | 14/7,0%                          | 16/8,0%                            | 30/7,5%   |
| 4.Басқа      | 10/5,0%                          | 6/3,0%                             | 16/4,0%   |
| Барлығы      | 200/100,0%                       | 200/100,0%                         | 400/100%  |

Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен



Сурет 5. Студенттердің спортпен шұғылдануға күнделікті бөлетін уақытының құрылымы

Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен

4-кесте мен 5-сурет нәтижелері студенттердің басым бөлігі физикалық белсенділікке күн сайын белгілі бір уақыт бөлетінін көрсетті. Респонденттердің 55,5%-ы спортпен шамамен 30 минут айналысатынын, ал 33,0%-ы күніне 1–2 сағат уақыт бөлетінін атап өтті. Сонымен қатар студенттердің тек 7,5%-ы ғана спортпен 3–4 сағат айналысатынын көрсеткен. Бұл көрсеткіштер студенттердің көпшілігі дене белсенділігінің ең төменгі немесе орташа деңгейін сақтайтынын, алайда тұрақты әрі қарқынды спорттық жаттығулармен айналысатындардың үлесі салыстырмалы түрде төмен екенін байқатады.

Екі университеттің көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды, бұл студенттердің физикалық белсенділікке қатысты мінез-құлқының ұқсас екенін көрсетеді. Бұған дейінгі нәтижелерде студенттердің университеттердің спорттық инфрақұрылымын жоғары бағалағаны анықталған болатын. Алайда аталған деректер материалдық жағдайлардың қолжетімді болуы әрдайым жоғары спорттық белсенділікке алып келмейтінін көрсетеді. Демек, студенттердің спортпен жүйелі түрде айналысуына материалдық базамен қатар ішкі

мотивация, уақытты тиімді жоспарлау және денсаулыққа деген жауапкершілік сияқты тұлғалық факторлар да әсер етеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер студенттердің салауатты өмір салтына оң көзқарасы қалыптасқанын көрсеткенімен, олардың басым бөлігі физикалық белсенділікті минималды деңгейде жүзеге асыратынын көрсетті. Сондықтан жоғары оқу орындарында спорттық инфрақұрылымды дамыту ғана емес, студенттердің тұрақты дене белсенділігіне қызығушылығын арттыруға бағытталған мотивациялық және тәрбиелік бағдарламаларды күшейту қажеттілігі туындайды.


*Салауатты өмір салты туралы түсінік*

Студенттердің салауатты өмір салты туралы түсінігінің мазмұнын талдау олардың бұл ұғымды қандай компоненттер арқылы қабылдайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта сауалнамада респонденттердің салауатты өмір салтына қатысты көзқарастары мен басым түсініктері зерттелді, бұл олардың денсаулыққа бағытталған мінез-құлықты қалай түсінетінін бағалауға негіз болды. Студенттердің салауатты өмір салты туралы түсініктері бойынша алынған нәтижелер 5-кесте мен 6-суретте көрсетілген.

**5 – кесте. Студенттердің салауатты өмір салты туралы түсініктерінің құрылымы**

|                             | Абай университетінің студенттері | Дулати университетінің студенттері | Барлығы   |
|-----------------------------|----------------------------------|------------------------------------|-----------|
| 1. Спортпен айналысу        | 46/23,0%                         | 48/24,0%                           | 94/23,5%  |
| 2. Дұрыс тамақтану          | 78/39,0%                         | 86/43,0%                           | 164/41,0% |
| 3. Тынығу                   | 26/13,0%                         | 32/16,0%                           | 58/14,5%  |
| 4. Зиянды әдеттен арылу     | 28/14,0%                         | 24/12,0%                           | 52/13,0%  |
| 5. Уақытты ұтымды пайдалану | 14/7,0%                          | 10/5,0%                            | 24/6,0%   |
| 6. Басқа                    | 8/4,0%                           | 0/0,0%                             | 8/2,0%    |
| Барлығы                     | 200/100,0%                       | 200/100,0%                         | 400/100%  |

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*



**Сурет 6. Студенттердің салауатты өмір салты туралы түсініктерінің құрылымы**

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*

5-кесте мен 6-сурет нәтижелері студенттердің салауатты өмір салты ұғымын ең алдымен дұрыс тамақтанумен (41,0%) және спортпен айналысумен (23,5%) байланыстыратынын көрсетті. Сонымен қатар респонденттердің белгілі бір бөлігі тынығуды (14,5%), зиянды әдеттерден арылуды (13,0%) және уақытты ұтымды пайдалануды (6,0%) салауатты өмір салтының маңызды құрамдас бөліктері ретінде атап өтті.

Алынған нәтижелер студенттердің денсаулық мәдениетін негізінен физикалық денсаулық көрсеткіштері арқылы түсіндіретінін көрсетеді. Алайда қазіргі ғылыми көзқарастар бойынша салауатты өмір салты тек дұрыс тамақтану мен дене белсенділігін ғана емес, сонымен қатар психологиялық саулықты, эмоционалдық тұрақтылықты, тиімді қарым-қатынасты, стрессті басқару дағдыларын және өзін-өзі дамытуға бағытталған мінез-құлықты қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің жауаптары салауатты өмір салты ұғымының жекелеген аспектілерін жақсы меңгергенімен, оның кешенді сипатын толық қабылдай бермейтінін аңғартады.

Екі университет студенттерінің жауаптары арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады, бұл жастардың денсаулық мәселелеріне қатысты көзқарастарының ұқсастығын көрсетеді. Сонымен бірге психологиялық денсаулық, өзін-өзі реттеу, күн тәртібін сақтау және уақытты тиімді басқару сияқты компоненттердің салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштерге ие болуы жоғары оқу орындарында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жұмыстарды жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан университеттерде денсаулық мәдениетін насихаттау тек спорттық іс-шаралармен шектелмей, студенттердің тұлғалық дамуын, эмоционалдық әл-ауқатын және жауапты өмірлік ұстанымдарын қалыптастырумен ұштасуы тиіс.


#### *Университеттің тәрбиелік ықпалы*

Университеттің тәрбиелік және ұйымдастырушылық қызметінің студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлін бағалау олардың оқу орнындағы денсаулыққа бағытталған жұмыстарды қалай қабылдайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда сауалнама барысында студенттердің университетте салауатты өмір салтын қолдауға бағытталған іс-шаралар жүйесіне қатысты пікірлері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері 6-кесте мен 7-суретте көрсетілген.

### **6 – кесте. Студенттердің университеттегі салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды бағалауы**

|                        | Абай университетінің студенттері | Дулати университетінің студенттері | Барлығы   |
|------------------------|----------------------------------|------------------------------------|-----------|
| 1. Көп көңіл бөлінуде  | 114/57,0%                        | 122/61,0%                          | 236/59,0% |
| 2. Жеткілікті деңгейде | 68/34,0%                         | 56/28,0%                           | 124/31,0% |
| 3. Аз көңіл бөлінуде   | 10/5,0%                          | 13/6,5%                            | 23/5,75%  |
| 4. Басқа               | 8/4,0%                           | 9/4,5                              | 17/4,25%  |
| Барлығы                | 200/100,0%                       | 200/100,0%                         | 400/100%  |

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*



**Сурет 7. Студенттердің университетте салауатты өмір салтын қалыптастыруға бөлінетін назар деңгейін бағалау нәтижелері**

*Ескерту: авторлардың жеке дереккөздерінен*

6-кесте мен 7-сурет нәтижелері студенттердің басым бөлігінің университеттерде салауатты өмір салтын қалыптастыруға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінетінін көрсеткенін байқатады. Атап айтқанда, респонденттердің 59,0%-ы бұл бағыттағы жұмыстарға көп көңіл бөлінетінін, ал 31,0%-ы жеткілікті деңгейде ұйымдастырылатынын атап өткен. Осылайша, сауалнамаға қатысқан студенттердің жалпы санының 90,0%-ы университеттердің денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған қызметін оң бағалаған.

Сонымен қатар студенттердің 5,75%-ы университет тарапынан бұл мәселеге аз көңіл бөлінетінін көрсетсе, 4,25%-ы басқа пікір білдірген. Бұл көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы жоғары оқу орындарында салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы тәрбиелік жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілетінін көрсетеді. Алайда оң бағалардың жоғары болуы студенттердің нақты мінез-құлықтық дағдыларының да жоғары деңгейде қалыптасқанын білдірмейді. Бұған дейінгі нәтижелер студенттердің көпшілігі спортпен қысқа уақыт қана айналысатынын және салауатты өмір салтын негізінен дұрыс тамақтану мен дене белсенділігі арқылы түсіндіретінін көрсетті.

Осы тұрғыдан алғанда, университеттердің тәрбиелік ықпалы студенттердің денсаулыққа деген оң көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. Дегенмен тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігі олардың санына ғана емес, мазмұнына, студенттердің белсенді қатысуына және алынған ақпаратты күнделікті өмірде қолдану деңгейіне де байланысты. Сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды ақпараттық-түсіндіру шараларымен шектемей, студенттердің жеке жауапкершілігін, өзін-өзі реттеу дағдыларын және тұрақты денсаулық мәдениетін дамытуға бағытталған практикалық бағдарламалармен толықтыру қажет.

*Болжамды тексеру нәтижелері*

Зерттеу барысында университеттік ортаның студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастырудағы рөлін бағалауға бағытталған гипотеза тексерілді. Негізгі болжам ретінде университеттің спорттық инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасы неғұрлым жоғары деңгейде дамыған сайын, студенттердің университетте салауатты орта қалыптасқан деген пікірінің де жоғары болатыны қабылданды. Аталған болжамды тексеру үшін Пирсонның  $\chi^2$  (хи-квадрат) критерийі қолданылды [11, с. 172].

Осы мақсатта «Университетте салауатты орта қалыптастыруға жағдай жасалған ба?» және «Университеттің спорттық кешендерінің материалдық базасы қандай?» деген екі сұрақтың нәтижелері өзара салыстырылды. Есептеу нәтижелері 7-кестеде берілген.

**7 – кесте. Университеттің спорттық инфрақұрылымын бағалау мен салауатты орта қалыптастыру туралы пікірлер арасындағы байланыс**

|               | 1. Ия, жағдай жасалған | 2. Орташа деңгейде | 3. Жоқ жасалмаған | 4. Басқа | Барлығы |
|---------------|------------------------|--------------------|-------------------|----------|---------|
| 1. Өте жоғары | 48/48,2                | 24/25,3            | 6/4,66            | 3/2,84   | 81      |
| 2. Жоғары     | 97/96,39               | 49/50,62           | 10/9,3            | 6/5,67   | 162     |
| 3. Жақсы      | 46/45,22               | 25/23,75           | 3/4,37            | 2/2,66   | 76      |
| 4. Орташа     | 27/26,78               | 15/14,1            | 2/2,59            | 1/1,575  | 45      |
| 5. Нашар      | 17/16,1                | 8/8,4              | 2/1,55            | 0/0,945  | 27      |
| 6. Басқа      | 3/5,355                | 4/2,8              | 1/0,52            | 1/0,52   | 9       |
| Барлығы       | 238                    | 125                | 23                | 14       | 400     |

*Ескерту: автордың жеке дереккөзінен*

7-кестеде көрсетілгендей, студенттердің университеттің материалдық-техникалық базасына берген бағалары мен университетте салауатты орта қалыптасқандығы туралы пікірлері арасында белгілі бір сәйкестік байқалғанымен, бұл байланыстың статистикалық маңыздылығы жеткілікті деңгейде дәлелденбеді. Пирсонның  $\chi^2$  критерийі бойынша есептеу нәтижесінде  $\chi^2 = 5,238$ , еркіндік дәрежесі  $sd = 15$  мәндері алынды.

Статистикалық талдау нәтижелері университеттің спорттық кешендерінің материалдық базасы студенттердің салауатты орта туралы пікіріне белгілі бір дәрежеде ықпал ететінін көрсеткенімен, бұл фактордың шешуші рөл атқармайтынын көрсетті. Демек, студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру тек материалдық инфрақұрылымның даму деңгейіне ғана тәуелді емес.

Алынған нәтижелер студенттердің денсаулыққа бағытталған мінез-құлқына ішкі мотивация, жеке құндылықтар жүйесі, өзін-өзі реттеу дағдылары, әлеуметтік орта және университеттің тәрбиелік жұмыстары сияқты факторлардың да елеулі әсер ететінін көрсетеді. Осылайша, университеттік орта салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды алғышарты болғанымен, оның тиімділігі материалдық, әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық факторлардың өзара ықпалы арқылы жүзеге асатыны анықталды.

Зерттеу нәтижесінде бірнеше ұсынымдарды атауға болады.

1) студент жастардың көпшілігі қозғалмалы, бірақ белсенді емес өмір салтын жүргізеді, яғни белсенді спортпен айналысуды қолға алу керек;

2) студент жастардың жартысынан көбі темекі тартпайды және алкогольді сирек қолданады, осыған орай студент жастардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек;

3) сұралғандардың 75% өзінің тамақтануын бақылауға тырысады;

4) сұралғандардың басым бөлігі 5-6 сағаттан ұйықтайды, адамның қалыпты өмір сүруі үшін кемінде 8 сағат ұйықтауы керек;

5) студент жастардың жартысынан астамы салауатты өмір салты мәдениеті болып табылатынын анық түсінеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері жастар арасында салауатты өмір қалыптастырудың бірқатар көкейкесті мәселелердің бар екендігін атап шығуға мүмкіндік берді.

Жастар алкоголизмді, жұмыссыздықты, нашакорлықты қазіргі қоғамның басты мәселесі ретінде атап, профилактикалық жұмыстардың қажеттігін түсінеді. Жастардың өз денсаулығына және салауатты өмір салтына деген көзқарасын бағалау арқылы біз бұл мәселелерді шешуге ұсынысымызды жоғарыда көрсетілгендей тұжырымдай аламыз.

Қазіргі кезде дене шынықтыру мен спортқа ғана емес, бос уақытты ұйымдастыруға да көп көңіл бөлінеді. Жастардың салауатты өмір салтын сақтауға ынтасын арттыру, денсаулық мәселелері бойынша хабардар ету, насихаттау, әлеуметтік құндылықтарды бағалау еліміздегі, облыстағы және қаладағы жастардың мәселелерін шешуге өз үлесін қосады деп сенеміз.

### Талқылау

Жүргізілген зерттеу университет ортасының студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға ықпалы бар екенін көрсетті, алайда бұл ықпалдың шешуші фактор емес екені анықталды. Зерттеудің бастапқы болжамы – университетте салауатты орта қалыптастыруға қолайлы жағдай болған жағдайда студенттердің салауатты өмір салтына бейімділігі артады – эмпирикалық деректер арқылы ішінара ғана расталды. Материалдық және ұйымдастырушылық жағдайлар студенттердің салауатты өмір салтына оң көзқарасын қалыптастырғанымен, оларды тұрақты мінез-құлықтық дағдыға айналдыру үшін жеткіліксіз екені байқалды.

Бұл нәтиже Шукуров және әріптестерінің зерттеу қорытындыларымен үндес келеді. Авторлар қашықтан оқыту жағдайында да университеттің ұйымдастырушылық және әдістемелік ықпалы маңызды екенін атап өтеді, алайда студенттердің дербес жауапкершілігі мен өзін-өзі реттеу дағдылары жеткіліксіз болған жағдайда бұл ықпал әлсірейтінін көрсетеді. Біздің зерттеу де университеттік ортаның бар болуы автоматты түрде салауатты өмір салты мәдениетінің қалыптасуына әкелмейтінін нақты деректермен дәлелдейді [12, р.7].

Зерттеу барысында анықталған маңызды нәтижелердің бірі – студенттердің басым бөлігінің университеттегі материалдық жағдайларды оң бағалағанына қарамастан, олардың дене белсенділігі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалуы. Бұл жағдай инфрақұрылымның қолжетімді болуы мен оны нақты пайдалану арасында айырмашылық бар екенін көрсетеді. Яғни спорт залдарының, секциялардың немесе арнайы бағдарламалардың болуы студенттердің барлығының бірдей белсенді өмір салтын ұстануына кепілдік бермейді. Мұндай нәтиже денсаулық мәдениетін қалыптастыруда сыртқы жағдайлардан гөрі тұлғаның ішкі қажеттіліктері мен құндылықтық бағдарларының маңыздырақ екенін көрсетеді.

Сонымен қатар алынған деректер студенттердің денсаулыққа қатысты тандаулары көбіне күнделікті тәжірибе, уақытты ұйымдастыру ерекшеліктері және әлеуметтік ортаның ықпалы арқылы қалыптасатынын көрсетті. Университет белгілі бір мүмкіндіктер ұсынғанымен, студенттердің оларды пайдалану деңгейі әртүрлі болып шықты. Бұл жағдай жастардың денсаулық мәдениетін зерттеуде құрылымдық факторлар мен тұлғалық факторларды өзара байланыста қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Демек, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруды тек материалдық ресурстардың немесе инфрақұрылымның болуымен түсіндіру жеткіліксіз.

Сауалнама нәтижелері студенттердің салауатты өмір салты ұғымын көбіне дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділік арқылы түсіндіретінін көрсетті. Бұл жағдай Антви және әріптестерінің еңбегінде сипатталған тұжырымдармен сәйкес келеді, онда студенттердің денсаулыққа қатысты мінез-құлқы көбіне қолжетімділік пен жеке ыңғайлылық факторларына тәуелді екені көрсетілген. Алайда біздің зерттеуде бұл түсініктің тар аяда қалуы тұлғалық алғышарттардың, әсіресе ішкі мотивация мен өзін-өзі реттеу механизмдерінің әлсіздігін айқындады [13, р.3006]. Сонымен қатар студенттердің психологиялық саулық, эмоционалдық тұрақтылық, уақытты тиімді басқару және ұйқы режимі сияқты компоненттерге жеткілікті назар аудармауы салауатты өмір салты мәдениетінің тұтас жүйе ретінде қабылданбай отырғанын көрсетеді.

Бұл нәтиже қазіргі жастар арасында денсаулық ұғымының көбіне физикалық көрсеткіштермен шектеліп қалатынын аңғартады. Шын мәнінде, денсаулық адамның физикалық жағдайымен қатар оның психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын да қамтиды. Сондықтан университеттік ортада жүргізілетін жұмыстар тек спорттық белсенділікті арттырумен шектелмей, студенттердің психологиялық тұрақтылығын, күйзеліске төзімділігін және уақытты тиімді басқару қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Мұндай кешенді көзқарас қана салауатты өмір мәдениетінің тұрақты қалыптасуына мүмкіндік береді.

Материалдық база мен салауатты орта арасындағы байланысты тексеру барысында алынған  $\chi^2$  нәтижелері бастапқы гипотезаның расталмағанын көрсетті. Бұл дерек Берхану мен Шиферав ұсынған модельмен жанама түрде үйлеседі: авторлар салауатты өмір салты мінез-құлқының академиялық және тұлғалық нәтижелерге әсері делдал айнымалылар (мотивация, құндылық бағдар) арқылы жүзеге асатынын дәлелдейді. Осы тұрғыда біздің зерттеу материалдық факторлардың тікелей емес, жанама рөл атқаратынын нақтылайды [14, p.11].

Алынған нәтижелер қазіргі жастардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқын түсіндіретін әлеуметтік-экологиялық тәсілдің өзектілігін де растайды. Бұл теорияға сәйкес адамның өмір салты тек жеке таңдаудың нәтижесі емес, сонымен қатар әлеуметтік орта, құрдастар тобы, отбасы, білім беру ұйымдары және мәдени құндылықтар ықпалының жиынтығы болып табылады. Сондықтан университет деңгейінде жүргізілетін жұмыстар студенттердің жеке мотивациясын дамыту шараларымен ұштаспаса, олардың тиімділігі шектеулі болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің денсаулық мәдениетін қалыптастыруда әлеуметтік қолдау тетіктері маңызды орын алады. Әсіресе құрдастар тарапынан қолдау көрсету, бірлескен спорттық және мәдени іс-шараларға қатысу, ұжымдық жауапкершілік сезімін қалыптастыру студенттердің салауатты мінез-құлқы тұрақты ұстануына ықпал етеді. Бұл жағдай әлеуметтік капитал теориясының негізгі қағидаларымен де сәйкес келеді, себебі жастардың күнделікті әрекеттеріне олардың жақын әлеуметтік ортасы айтарлықтай әсер етеді. Университеттік қауымдастық ішіндегі әлеуметтік байланыстардың беріктігі студенттердің денсаулыққа қатысты құндылықтарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері университеттік бағдарламалар мен іс-шаралардың тиімділігі оларды іске асыру формасына және студенттердің қатысу деңгейіне тәуелді екенін көрсетті. Потапчук және әріптестерінің «Healthy Lifestyle University» бағдарламасын талдауында денсаулық мәдениетін қалыптастыру жүйелі және ұзақ мерзімді педагогикалық қолдауды талап ететіні атап өтіледі. Біздің зерттеу де бір реттік іс-шаралардан гөрі құндылыққа негізделген, қатысымдық модельдің қажеттігін көрсетеді [15, p.4]. Әсіресе студенттердің өздерін ұйымдастырушы әрі бастамашы ретінде тарту денсаулық мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін арттыруы мүмкін.

Бұл тұрғыдан алғанда университеттердің рөлі тек білім берумен шектелмей, денсаулықты қолдайтын әлеуметтік орта қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Егер студенттер денсаулық сақтау бастамаларының белсенді қатысушысы болса, олардың ішкі уәжі күшейіп, салауатты мінез-құлқы тұрақты сипат алады. Сондықтан университеттік саясатта студенттердің бастамаларын қолдау, еріктілік жобаларын дамыту және денсаулық мәселелері бойынша студенттік көшбасшылықты ынталандыру маңызды бағыттардың бірі болуы қажет.

Пуэнте-Идальго және әріптестерінің әдеби шолуында университет студенттерінің денсаулыққа қатысты мінез-құлқы көп жағдайда әлеуметтік орта мен құрдастар ықпалы арқылы қалыптасатыны көрсетілген. Біздің зерттеу нәтижелері де бұл тұжырымды нақтылай отырып, әлеуметтік-психологиялық алғышарттардың (ұжымдық спорт, қолдау атмосферасы, студенттік қауымдастықтар қызметі) институционалдық факторлардан кем түспейтін рөл атқаратынын дәлелдеді [16, p.19]. Әсіресе құрдастар арасындағы оң тәжірибені тарату және ұжымдық іс-шараларға қатысу студенттердің денсаулыққа деген жауапкершілігін күшейтетін факторлардың бірі ретінде байқалды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері студенттердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру көп деңгейлі және күрделі әлеуметтік процесс екенін көрсетті. Бұл үдеріс материалдық ресурстардың болуымен ғана емес, студенттің жеке мотивациясымен, әлеуметтік ортасымен және университеттің тәрбиелік әлеуетімен анықталады. Сондықтан жоғары оқу орындары денсаулық мәдениетін қалыптастыруда кешенді тәсілді басшылыққа алып, инфрақұрылымдық, әлеуметтік-психологиялық және тәрбиелік бағыттарды өзара үйлестіруі қажет.

Зерттеудің белгілі бір шектеулері де бар. Біріншіден, зерттеу екі жоғары оқу орнының студенттері арасында ғана жүргізілді, сондықтан нәтижелерді барлық қазақстандық студенттерге тікелей жалпылау сақтықты талап етеді. Екіншіден, зерттеу сауалнама әдісіне негізделген-

діктен, респонденттердің субъективті бағалаулары нәтижелерге әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, зерттеу көлденең сипатта жүргізілгендіктен, анықталған байланыстардың ұзақ мерзімді динамикасын бағалау мүмкін болмады. Болашақта әртүрлі өңірлердегі университеттерді қамтитын және ұзақ мерзімді бақылауға негізделген зерттеулер жүргізу маңызды болып табылады.

Осылайша, жүргізілген зерттеу алдыңғы еңбектерді қайталамай, университет ортасының рөлін шешуші емес, бірақ қажетті шарт ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл зерттеудің жаңалығы – материалдық, әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық алғышарттардың өзара байланысын эмпирикалық деректер арқылы көрсетуінде. Алынған нәтижелер салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру университеттік саясат, педагогикалық ықпал және студенттің жеке жауапкершілігі бірлігінде ғана нәтижелі болатынын дәлелдейді. Сондықтан жоғары оқу орындарында денсаулық мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, студенттердің ішкі мотивациясын, өзін-өзі реттеу дағдыларын және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталуы тиіс.

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу нәтижелері университет ортасының жастар арасында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда маңызды әлеуметтік-педагогикалық фактор екенін көрсетті. Алайда алынған деректер университеттік жағдайлардың өзі студенттердің салауатты өмір салтын тұрақты өмірлік дағдыға айналдыруы үшін жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Зерттеудің бастапқы болжамы университетте салауатты орта қалыптастыру студенттердің салауатты өмір салтына бейімділігін арттырады деген тұжырымға негізделген болатын. Эмпирикалық талдау нәтижелері бұл болжамның ішінара расталғанын көрсетті: институционалдық жағдайлар қолайлы орта қалыптастырғанымен, шешуші рөлді студенттердің жеке мотивациясы мен құндылықтық бағдарлары атқарады.

Зерттеу барысында студенттердің басым бөлігі салауатты өмір салтының маңызын түсінетіні анықталды, алайда бұл түсінік көп жағдайда нақты мінез-құлықтық әрекетке айналмайтыны байқалды. Бұл жағдай салауатты өмір мәдениетінің негізінен физикалық белсенділік пен дұрыс тамақтанумен шектеліп, психологиялық тұрақтылық, өзін-өзі реттеу және күн тәртібін сақтау сияқты компоненттердің екінші кезекте қалуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, әлеуметтік орта мен ақпараттық ықпалдың жеткіліксіздігі студенттердің тұрақты салауатты мінез-құлық қалыптастыруына кедергі келтіретіні айқындалды.

Осыған байланысты зерттеу нәтижелері негізінде университеттік ортада салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған келесі практикалық ұсыныстар ұсынылады:

#### **1. Университеттің тәрбиелік жүйесін күшейту**

Салауатты өмір салты мәселесін жеке іс-шаралар шеңберінде емес, университеттің ұзақ мерзімді тәрбиелік стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Бұл стратегия студенттердің құндылықтық бағдарлары мен ішкі мотивациясын дамытуға бағытталуы тиіс.

#### **2. Тұлғалық алғышарттарды дамытуға басымдық беру**

Студенттердің өзін-өзі реттеу, уақытты жоспарлау, психологиялық тұрақтылық және жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тренингтер мен элективті курстар енгізу ұсынылады.

#### **3. Әлеуметтік-психологиялық органы нығайту**

Құрдастар арасындағы қолдауды арттыру, командалық спорт түрлерін дамыту және ұжымдық денсаулыққа бағытталған бастамаларды қолдау арқылы салауатты мінез-құлықтың әлеуметтік моделін қалыптастыру қажет.

#### **4. Материалдық базаны мотивациялық құрал ретінде пайдалану**

Спорттық инфрақұрылым тек қолжетімді объект ретінде емес, студенттердің белсенді қатысуын ынталандыратын орта ретінде ұйымдастырылуы тиіс (ерікті клубтар, студенттік бастамалар, марапаттау жүйесі).

#### **5. Ақпараттық-ағартушылық жұмысты жүйелеу**

Салауатты өмір салты туралы ақпаратты тек насихаттау емес, оны студенттердің күнделікті өмірімен байланыстыратын интерактивті форматта (практикалық сабақтар, кейс-талдау, пікірталастар) ұсыну қажет.

Қорытындылай келе, университеттік ортада салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру материалдық жағдайлармен шектелмей, тұлғалық, әлеуметтік және педагогикалық факторлардың бірлігінде жүзеге асуы тиіс. Университет осы тұрғыда білім беруші институт қана емес, студенттердің денсаулық мәдениетін қалыптастыратын және оны қоғамда орнықтыратын маңызды әлеуметтік орта ретінде қызмет атқаруы қажет.

#### Әдебиеттер:

1 Kokhan S., Vlasava S., Eshiev A., Moldokeeva A., Dorohova S. Health promotion landmarks of students // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – Vol. 116. – P. 1-6. – DOI: 10.1051/bioconf/202411607006.

2 Akimova E.A., Levchenko N., Maslova T. Forming university students' healthy lifestyle through the mastering the discipline "Pedagogy" // *SHS Web of Conferences*. – 2020. – Vol. 87. – P. 1-8. – DOI: 10.1051/shsconf/20208700036.

3 Amiri M., Chaman R., Khosravi A. The relationship between health-promoting lifestyle and its related factors with self-efficacy and well-being of students // *Osong Public Health and Research Perspectives*. – 2019. – Vol. 10, № 4. – P. 221–228. – DOI: 10.24171/j.phrp.2019.10.4.04.

4 Rashidi M., Karaman F., Yıldırım G., Genç A., Çakmak S., Durusoy E., Şahin B.S., Elkin N. Healthy life skills and related factors among university students: A cross-sectional study in Istanbul, Turkey // *Journal of Health, Population and Nutrition*. – 2023. – Vol. 42, № 1. – P. 1-7. – DOI: 10.1186/s41043-023-00481-4.

5 Cuberos R.C., Ortega F.Z., Moreno E.M.O., Ruz R.P., Sánchez M.C. An exploratory model of psychosocial factors and healthy habits in university students of physical education depending on gender // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2018. – Vol. 15, № 11. – P. 1-14. – DOI: 10.3390/ijerph15112430.

6 Bachert P., Wolbring L., Hildebrand C., Wöll A., Wäsche H. Analyzing mechanisms of interdisciplinary cooperation in promoting students' health at university // *BMC Public Health*. – 2023. – Vol. 23, № 1. – P. 1-13. – DOI: 10.1186/s12889-023-16786-2.

7 Amaya M., Donegan T.E., Conner D., Edwards J., Gipson C. Creating a culture of wellness: A call to action for higher education, igniting change in academic institutions // *Building Healthy Academic Communities Journal*. – 2019. – Vol. 3, № 2. – P. 27–36. – DOI: 10.18061/bhac.v3i2.7117.

8 Sirojova Z.N. The impact of physical activity on the physical health and psychological well-being of students // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – Vol. 120. – P. 1-10. – DOI: 10.1051/bioconf/202412001054.

9 Åsberg K., Eldh A. C., Löf M., Bendtsen M. A balancing act—Finding one's way to health and well-being: A qualitative analysis of interviews with Swedish university students on lifestyle and behavior change // *PLOS ONE*. – 2022. – Vol. 17, №10. – P.1-10. – DOI: 10.1371/journal.pone.0275848.

10 Hutchesson M., Whatnall M., Yazın N., Fenton S., Duncan M.J., Kay-Lambkin F., Burrows T. Health behavior interventions for university students measuring mental health outcomes: A scoping review // *Frontiers in Public Health*. – 2022. – Vol. 10. – P.1-11. – DOI: 10.3389/fpubh.2022.1063429.

11 Попова Н.В. Спорт как эффективное средство привлечения студентов к здоровому образу жизни // *Актуальные научные исследования в современном мире*. – 2019. – № 3–4. – С. 169–173.

12 Shukurov R.S., Narzullayeva R.R., Husenov N.N. The culture of a healthy lifestyle of students in the context of distance learning and its organizational and methodological features // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – Vol. 120. – P. 1-9. – DOI: 10.1051/bioconf/202412001022.

13 Antwi J., Olawuyi Y., Opara I., Ifafore M. Hindrances and enablers of healthy eating behavior among college students in an HBCU: A qualitative study // *Journal of Racial and Ethnic Health Disparities*. – 2025. – Vol. 12. – P. 3004-3012. – DOI: 10.1007/s40615-024-02108-8.

14 Berhanu K.Z., Shiferaw A.A. The mediating role of healthy lifestyle behavior in the relationship between religious practice and academic achievement in university students // *BMC Psychology*. – 2023. – Vol. 11, № 1. – P. 1-14. – DOI: 10.1186/s40359-023-01455-1.

15 Potapchuk A.A., Vanchakova N.P., Vorontsova E.V., Shaporov A.M., Bogatyrev A. Educational program “Healthy Lifestyle University” for medical students’ vocational adjustment development // *BIO Web of Conferences*. – 2021. – Vol. 29. – P. 1-10. – DOI: 10.1051/bioconf/20212901019.

16 Puente-Hidalgo S., Prada-García C., Benítez-Andrades J.A., Fernández-Martínez E. Promotion of healthy habits in university students: Literature review // *Healthcare*. – 2024. – Vol. 12, № 10. – P.1-24. – DOI: 10.3390/healthcare12100993

### References:

1 Kokhan S., Vlasava S., Eshiev A., Moldokeeva A., Dorohova S. Health promotion landmarks of students // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – Vol. 116. – P. 1-6. – DOI: 10.1051/bioconf/202411607006.

2 Akimova E.A., Levchenko N., Maslova T. Forming university students’ healthy lifestyle through the mastering the discipline “Pedagogy” // *SHS Web of Conferences*. – 2020. – Vol. 87. – P. 1-8. – DOI: 10.1051/shsconf/20208700036.

3 Amiri M., Chaman R., Khosravi A. The relationship between health-promoting lifestyle and its related factors with self-efficacy and well-being of students // *Osong Public Health and Research Perspectives*. – 2019. – Vol. 10, № 4. – P. 221–228. – DOI: 10.24171/j.phrp.2019.10.4.04.

4 Rashidi M., Karaman F., Yıldırım G., Genç A., Çakmak S., Durusoy E., Şahin B.S., Elkin N. Healthy life skills and related factors among university students: A cross-sectional study in Istanbul, Turkey // *Journal of Health, Population and Nutrition*. – 2023. – Vol. 42, № 1. – P. 1-7. – DOI: 10.1186/s41043-023-00481-4.

5 Cuberos R.C., Ortega F.Z., Moreno E.M.O., Ruz R.P., Sánchez M.C. An exploratory model of psychosocial factors and healthy habits in university students of physical education depending on gender // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2018. – Vol. 15, № 11. – P. 1-14. – DOI: 10.3390/ijerph15112430.

6 Bachert P., Wolbring L., Hildebrand C., Wöll A., Wäsche H. Analyzing mechanisms of interdisciplinary cooperation in promoting students’ health at university // *BMC Public Health*. – 2023. – Vol. 23, №1. – P. 1-13. – DOI: 10.1186/s12889-023-16786-2.

7 Amaya M., Donegan T.E., Conner D., Edwards J., Gipson C. Creating a culture of wellness: A call to action for higher education, igniting change in academic institutions // *Building Healthy Academic Communities Journal*. – 2019. – Vol. 3, № 2. – P. 27–36. – DOI: 10.18061/bhac.v3i2.7117.

8 Sirojova Z.N. The impact of physical activity on the physical health and psychological well-being of students // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – Vol. 120. – P. 1-10. – DOI: 10.1051/bioconf/202412001054.

9 Åsberg K., Eldh A. C., Löf M., Bendtsen M. A balancing act—Finding one’s way to health and well-being: A qualitative analysis of interviews with Swedish university students on lifestyle and behavior change // *PLOS ONE*. – 2022. – Vol. 17, №10. – P.1-10. – DOI: 10.1371/journal.pone.0275848.

10 Hutchesson M., Whatnall M., Yazin N., Fenton S., Duncan M.J., Kay-Lambkin F., Burrows T. Health behavior interventions for university students measuring mental health outcomes: A scoping review // *Frontiers in Public Health*. – 2022. – Vol. 10. – P.1-11. – DOI: 10.3389/fpubh.2022.1063429.

11 Popova N.V. Sport kak effektivnoe sredstvo privlecheniya studentov k zdorovomu obrazu zhizni // *Aktualnye nauchnye issledovaniya v sovremennom mire*. – 2019. - №3–4. – P.169–173. (in Russ.)

12 Shukurov R.S., Narzullayeva R.R., Husenov N.N. The culture of a healthy lifestyle of students in the context of distance learning and its organizational and methodological features // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – Vol. 120. – P. 1-9. – DOI: 10.1051/bioconf/202412001022.

13 Antwi J., Olawuyi Y., Opara I., Ifafore M. Hindrances and enablers of healthy eating behavior among college students in an HBCU: A qualitative study // *Journal of Racial and Ethnic Health Disparities*. – 2025. – Vol. 12. - P. 3004-3012. - DOI: 10.1007/s40615-024-02108-8.

14 Berhanu K.Z., Shiferaw A.A. The mediating role of healthy lifestyle behavior in the relationship between religious practice and academic achievement in university students // *BMC Psychology*. – 2023. – Vol. 11, №1. – P. 1-14. – DOI: 10.1186/s40359-023-01455-1.

15 Potapchuk A.A., Vanchakova N.P., Vorontsova E.V., Shaporov A.M., Bogatyrev A. Educational program “Healthy Lifestyle University” for medical students’ vocational adjustment development // *BIO Web of Conferences*. – 2021. – Vol. 29. – P. 1-10. – DOI: 10.1051/bioconf/20212901019.

16 Puente-Hidalgo S., Prada-García C., Benítez-Andrades J.A., Fernández-Martínez E. Promotion of healthy habits in university students: Literature review // *Healthcare*. – 2024. – Vol. 12, № 10. – P.1-24. – DOI: 10.3390/healthcare12100993

FTAMP 04.21.51

DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6270.2026.94.2.017>

Д.С. Нұрпейсова<sup>1\*</sup> , Н.П. Танкиш<sup>2</sup> , Қ.Т. Туғанбаев<sup>3</sup> , Хан Муаззам Али<sup>4</sup> 

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Шымкент, Қазақстан

<sup>3</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

<sup>4</sup> Миссури университеті  
Колумбия қ., Миссури штаты, АҚШ  
\*e-mail: [dnurpeisova1983@mail.ru](mailto:dnurpeisova1983@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

### Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы демографиялық саясаттың эволюциясы тар салалық реттеу шеңберінен шығып, ұлттық дамудың стратегиялық архитектурасымен ұштасқан көпдеңгейлі басқару кеңістігіне айналған үдеріс ретінде талданады. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі демографиялық өзгерістердің мазмұнын, олардың институционалдық логикасын және ұзақмерзімді демографиялық орнықтылыққа ықпал ету әлеуетін бағалау. Әдіснамалық негіз ретінде аралас зерттеу дизайны қолданылып, ұлттық статистика, халықаралық салыстырмалы деректер, стратегиялық құжаттар және құрылымдық-салыстырмалы талдау біріктірілді. Зерттеу Қазақстандағы демографиялық өзгерістерді туу, көші-қон, урбанизация және қартаюдың жеке-жеке қозғалысы ретінде емес, бірін-бірі күшейтетін әрі шектейтін жүйелік байланыстар жиынтығы ретінде қарастырады. Біз қазіргі ахуалды «өсімнен орнықтылыққа өтудің» кезеңі деп пайымдаймыз: халық санының артуы мен салыстырмалы жоғары фертильділік елге қолайлы мүмкіндік терезесін ашқанымен, бұл артықшылық әлеуметтік инфрақұрылымның сапасымен, аймақтық теңгеріммен, көші-қонды басқару тиімділігімен және қартаюға институционалдық бейімделумен бекітілмесе, ұзақмерзімді дивидендке айналмайды. Мақалада демографиялық саясаттың жаңа мазмұны адами капиталды ұдайы өндіру, кеңістіктік дисбалансты әлсірету, күтім экономикасын күшейту және дерекке негізделген өңірлік басқаруды қалыптастыру міндеттерімен сабақтастырылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан үшін демографиялық орнықтылық халық санының механикалық сақталуы емес, демографиялық құрылымның сапалық теңгерімі мен әлеуметтік институттардың бейімделу қабілетіне тәуелді екенін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** демографиялық саясат, демографиялық трансформация, демографиялық орнықтылық, адами капитал, көші-қон, урбанизация, қартаю, Қазақстан

D.S. Nurpeisova<sup>1\*</sup>, N.P. Tankish<sup>2</sup>, K.T. Tuganbaev<sup>3</sup>, Muazzam Ali Khan<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> M. Auezov South Kazakhstan University  
Shymkent, Kazakhstan

<sup>3</sup> Kazakh National Women's Teacher Training University  
Almaty, Kazakhstan

<sup>4</sup> University of Missouri  
Columbia, Missouri, USA

\*e-mail: [dnurpeisova1983@mail.ru](mailto:dnurpeisova1983@mail.ru)

## TRANSFORMATION OF KAZAKHSTAN'S DEMOGRAPHIC POLICY AND SUSTAINABILITY PROSPECTS

### *Abstract*

The article examines demographic policy in the Republic of Kazakhstan as a process that is moving beyond narrow sectoral regulation and gradually becoming a space of multi-level governance linked to the strategic architecture of national development. The aim of the study is to assess the content of demographic changes during the independence period, their institutional logic, and their potential contribution to long-term demographic sustainability. The methodological framework combines a mixed research design with national statistics, international comparative data, strategic policy documents, and structural-comparative analysis. Demographic change in Kazakhstan is interpreted not as a mechanical sum of fertility, migration, urbanization, and ageing trends, but as an interconnected system in which each process amplifies or constrains the others. We argue that the current stage should be understood as a transition from growth to sustainability: population increase and relatively high fertility create a favorable window of opportunity, yet this advantage cannot become a durable demographic dividend without stronger social infrastructure, lower regional disparities, higher-quality migration governance, and institutional adaptation to population ageing. The article shows that the new substance of demographic policy must be tied to the reproduction of human capital, the mitigation of spatial imbalances, the strengthening of the care economy, and the development of data-driven regional governance. The findings demonstrate that Kazakhstan's demographic sustainability depends not on the mechanical preservation of population size, but on the qualitative balance of demographic structure and the adaptive capacity of social institutions.

**Keywords:** demographic policy, demographic transformation, demographic sustainability, human capital, migration, urbanization, ageing, Kazakhstan

Нурпейсова Д.С. <sup>1\*</sup>, Танкиш Н.П. <sup>2</sup>, Туганбаев Қ.Т. <sup>3</sup>, Хан Муаззам Али <sup>4</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова  
Шымкент, Казахстан*

<sup>3</sup> *Казахский национальный женский педагогический университет  
Алматы, Казахстан*

<sup>4</sup> *Университет Миссури  
г. Колумбия, штат Миссури, США  
\*e-mail: dnurpeisova1983@mail.ru*

## ТРАНСФОРМАЦИЯ ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА И ПЕРСПЕКТИВЫ УСТОЙЧИВОСТИ

### *Аннотация*

В статье демографическая политика Республики Казахстан рассматривается как процесс, выходящий за пределы узкосекторального регулирования и постепенно превращающийся в пространство многоуровневого управления, связанное со стратегической архитектурой национального развития. Цель исследования заключается в оценке содержания демографических изменений периода независимости, их институциональной логики и потенциала влияния на долгосрочную демографическую устойчивость. Методологическую основу составляет смешанный исследовательский дизайн, объединяющий национальную статистику, международные сравнительные данные, стратегические документы и структурно-сопоставительный анализ. Демографические процессы в Казахстане интерпретируются не как сумма отдельных тенденций рождаемости, миграции, урбанизации и старения, а как взаимосвязанная система, в которой одни процессы усиливают либо ограничивают другие. Авторы полагают, что нынешний этап следует описывать как переход «от роста к устойчивости»: рост численности населения и сравнительно высокая фертильность открывают для страны окно возможностей, однако данное преимущество не превращается автоматически в долгосрочный дивиденд без развития социальной инфраструктуры, снижения региональных дисбалансов, повышения качества миграционного управления и институциональной адаптации к старению населения. Обосновывается, что современное содержание демографической политики должно быть связано с воспроизводством человеческого капитала, управлением пространственными неравенствами, укреплением экономики ухода и развитием регионального управления, основанного на данных. Результаты исследования показывают, что демографическая устойчивость Казахстана определяется не механическим сохранением численности населения, а качественным балансом демографической структуры и адаптивностью социальных институтов.

**Ключевые слова:** демографическая политика, демографическая трансформация, демографическая устойчивость, человеческий капитал, миграция, урбанизация, старение, Казахстан

### **Кіріспе**

XXI ғасырда демографиялық үдерістер мемлекет дамуының қосалқы көрсеткіші емес, оның экономикалық қуатын, әлеуметтік тұрақтылығын және институционалдық келешегін айқындайтын стратегиялық факторға айналды. Туу деңгейінің өзгеруі, халықтың қартаюуы, урбанизацияның жеделдеуі және халықаралық көші-қон ағындарының күрделенуі демографияны статистикалық есептің тар шеңберінен шығарып, мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналдырды. Қазіргі жағдайда демографиялық саясатты тек халық санын арттыру немесе әлеуметтік қолдау шараларымен шектеу жеткіліксіз, өйткені ол еңбек нарығының дамуы, адами капитал сапасы, денсаулық сақтау, білім беру және ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен тығыз байланысты [1],[2].

Заманауи ғылыми зерттеулер әлемнің көптеген мемлекеттерінде демографиялық өзгерістердің күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. Әсіресе туу деңгейінің төмендеуі мен халықтың қартаюы ХХІ ғасырдың негізгі жаһандық сын-қатерлерінің бірі ретінде қарастырылуда [2],[3]. Демографиялық транзичия теориясы қоғамдардың жоғары туу мен өлім көрсеткіштерінен төмен туу мен өлім деңгейіне өтуін түсіндірсе, кейінгі зерттеулер бұл өзгерістердің әлеуметтік құндылықтармен, отбасылық мінез-құлықпен және институционалдық факторлармен де байланысты екенін дәлелдейді [1],[4].

Қазақстан Республикасындағы демографиялық ахуал да аталған жаһандық үрдістердің ықпалында қалыптасуда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елде халық санының қысқаруы, көші-қон шығынының артуы және туу көрсеткіштерінің төмендеуі байқалды. Кейінгі кезеңде әлеуметтік-экономикалық тұрақтану, отбасыларды қолдау бағдарламалары және әлеуметтік саясаттың күшеюі демографиялық өсімнің қалпына келуіне ықпал етті [5],[6]. Алайда қазіргі демографиялық жағдайды тек оң динамика ретінде бағалау жеткіліксіз. Халық санының артуымен қатар урбанизацияның күшеюі, өңірлік демографиялық теңсіздік, ішкі және сыртқы көші-қон ағындарының өзгеруі, еңбек ресурстарының аумақтық қайта бөлінуі және халықтың қартаю белгілері байқалуда [7],[8].

Соңғы зерттеулер Қазақстандағы демографиялық мінез-құлықтың күрделі және сызықтық емес сипатқа ие болғанын көрсетеді. Фертильділіктің өсуі экономикалық тұрақтанумен қатар мәдени құндылықтармен, отбасы институтының ерекшеліктерімен және әлеуметтік қолдау шараларымен байланысты [5],[6]. Сонымен бірге бала күтімі инфрақұрылымының қолжетімділігі мен әйелдердің еңбек нарығындағы орны репродуктивтік шешімдерге тікелей әсер етеді [9,р.396]. Көші-қон үдерістері де тек халық қозғалысы ретінде емес, адами капиталды қайта бөлудің маңызды механизмі ретінде қарастырылады [7],[10]. Ал халықтың қартаюы әлеуметтік қорғау жүйесіне ғана емес, денсаулық сақтау, ұзақмерзімді күтім және еңбек нарығына жаңа талаптар қояды [11], [12].

Осыған қарамастан, ғылыми әдебиеттерде демографиялық саясаттың трансформациясын кешенді түрде қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз. Көптеген еңбектерде туу, көші-қон, урбанизация және қартаю үдерістері жеке бағыттар ретінде зерттеледі, ал олардың өзара байланысы мен демографиялық орнықтылыққа әсері толық ашылмаған [7], [1], [12]. Сонымен қатар демографиялық саясаттың институционалдық эволюциясы мен оның ұзақмерзімді нәтижелері арасындағы байланыс та жеткілікті деңгейде талданбаған.

Осыған байланысты зерттеудің негізгі сұрағы Қазақстан Республикасындағы демографиялық саясаттың трансформациялық үдерістері қандай мазмұнға ие және олар демографиялық орнықтылыққа қалай әсер етеді деген мәселеге негізделеді. Зерттеудің гипотезасы Қазақстандағы демографиялық саясат халық санын реттеуге бағытталған дәстүрлі тәсілден адами капиталдың сапасын арттыруға, өңірлік теңгерімді қамтамасыз етуге және әлеуметтік институттардың бейімделу қабілетін күшейтуге бағытталған кешенді стратегиялық модельге ауысып жатыр деген тұжырымға сүйенеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы демографиялық саясаттың эволюциясын талдау арқылы қазіргі трансформациялық үдерістердің мазмұнын, ішкі қайшылықтарын және стратегиялық әлеуетін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін демографиялық саясаттың тарихи кезеңдерін жүйелеу, туу, көші-қон, урбанизация және қартаю үдерістерін өзара байланыста қарастыру, қазіргі саясаттың нәтижелері мен шектеулерін бағалау, демографиялық орнықтылық ұғымын теориялық тұрғыдан негіздеу және болашақ саясаттық басымдықтарды айқындау міндеттері қойылады.

Мақаланың ғылыми жаңалығы демографиялық өзгерістерді жеке индикаторлар жиынтығы ретінде емес, өзара ықпалдасатын жүйелік құбылыс ретінде қарастыруында көрінеді. Сонымен қатар зерттеуде демографиялық саясаттың институционалдық эволюциясы талданып, Қазақстан жағдайына бейімделген демографиялық орнықтылық тұжырымдамасы ұсынылады.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу әдіснамасы демографиялық саясатты қатардағы статистикалық деректер жиынтығы емес, тарихи, институционалдық және кеңістіктік өлшемдері бар күрделі әлеуметтік процесс ретінде қарастыруға негізделді. Осы себепті зерттеуде аралас дизайн қолданылды: бір жағынан, ресми статистика мен халықаралық салыстырмалы мәліметтерге сүйенген сандық талдау жүргізілді; екінші жағынан, саясаттық құжаттар мен ғылыми еңбектерді құрылымдық-салыстырмалы және интерпретациялық тұрғыдан түсіндіру жүзеге асырылды. Мұндай тәсіл «саннан мағынаға» өту логикасын қамтамасыз етеді және демографиялық саясаттың тек нәтижесін ғана емес, оның ішкі логикасын да ашуға мүмкіндік береді.

Теориялық негіз ретінде Ландридің демографиялық революция идеясы және Уикстің көпдеңгейлі демографиялық өтулер туралы тұжырымдамасы алынды [1, p.512]. Бұл база Қазақстандағы процестерді классикалық транзицияның дайын үлгісіне сыйғызбай, бірнеше өзара ықпалдасатын өтулердің жүйесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеуде өлім-жітім, туу, көші-қон, урбанизация және жас құрылымындағы өзгерістер бөлек индикаторлар ретінде емес, бір-бірін күшейтіп немесе әлсіретіп отыратын байланыстар желісі ретінде қарастырылды.

Эмпирикалық база ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының 2014–2024 жылдар аралығындағы халық саны, туу, өлім-жітім, көші-қон, өмір сүру ұзақтығы және жас құрылымы жөніндегі ресми деректері пайдаланылды. Бұл кезеңді таңдау бірнеше себеппен негізделеді. Біріншіден, ол пандемияға дейінгі, пандемия кезеңіндегі және пандемиядан кейінгі демографиялық ауытқуларды бір аналитикалық траекторияда көруге мүмкіндік береді. Екіншіден, дәл осы аралықта Қазақстан халқы 20 миллиондық межеден асты, ал миграциялық сальдо мен өмір сүру ұзақтығының динамикасында сапалық өзгерістер байқалды. Үшіншіден, кезеңнің ұзақтығы қысқамерзімді конъюнктуралық ауытқулар мен орнықты құрылымдық үрдістерді ажыратуға жеткілікті.

Сандық талдаудың базалық логикасы демографиялық тепе-теңдік теңдеуіне сүйенді: халық санының өзгерісі табиғи өсім мен көші-қон сальдосының қосындысы ретінде қарастырылды. Алайда біз бұл модельді механикалық есеп құралы ретінде ғана пайдаланбаймыз. Керісінше, ол демографиялық серпіннің қай компонент арқылы қамтамасыз етіліп отырғанын айқындауға мүмкіндік беретін аналитикалық рамка ретінде қолданылды. Мысалы, табиғи өсімнің үлесі жоғары болған кезеңдерде әлеуметтік қолдау мен жас құрылымының ықпалы күшейсе, көші-қон сальдосының жақсаруы еңбек нарығы мен геосаяси факторлардың маңызын көрсетеді.

Зерттеудің екінші әдіснамалық тірегі – құрылымдық-салыстырмалы талдау. Осы мақсатта Қазақстан демографиялық саясаты үш кезеңге бөлінді: кеңестік кезең, өтпелі кезең және қазіргі стратегиялық кезең. Мұндай кезеңдеу демографиялық көрсеткіштерді оқшау уақыттық қатар ретінде емес, институционалдық құрылымдармен сабақтастыра қарауға мүмкіндік береді. Кеңестік кезеңдегі индустриялық қоныстандыру және орталықтандырылған әлеуметтік саясат қазіргі өңіраралық дисбаланстың тарихи негізін түсіндіреді; 1990-жылдардағы дағдарыс мемлекеттің әлсіреуі мен демографиялық күйзелістің байланысын ашады; ал 2000 жылдан кейінгі серпін жаңа демографиялық саясаттың мүмкіндіктерін көрсетеді.

Салыстырмалы интерпретацияны күшейту үшін халықаралық зерттеулер мен жаһандық сценарийлер тартылды [2], [3], [13]. Бұл Қазақстанды дамыған елдермен немесе посткеңестік кеңістікпен жай қатар қою емес, оның ұқсас және ерекше траекторияларын айқындау мақсатында жасалды. Біз мұнда контекстуалдық салыстыру қағидасын ұстандық: ұлттық ерекшелікті абсолюттендіру де, жаһандық заңдылықтарды механикалық көшіру де қате болар еді. Сондықтан Қазақстанның жоғары фертильділігі, салыстырмалы жас құрылымы және күшейген урбанизациясы бір мезетте жаһандық демографиялық қысқару логикасының ішінде де, одан ішінара ауытқитын кеңістікте де талданды.

Зерттеуде көпдеңгейлі басқару логикасы да пайдаланылды. Демографиялық саясаттың нәтижесі тек ұлттық деңгейдегі шешімдермен шектелмейді; оның іске асуы өңірлік еңбек нарығының ерекшелігіне, қалалық және ауылдық инфрақұрылымға, білім мен денсаулық

сақтау жүйесінің сыйымдылығына, сондай-ақ жергілікті басқару сапасына тәуелді. Осы себепті макро, мезо және микро деңгейлер арасындағы үйлесім зерттеудің маңызды өлшеміне айналды. OECD және өңірлік саясат жөніндегі сараптамалық құжаттар ұсынған институционалдық өлшемдер осы талдауда көмекші рамка ретінде қолданылды [14], [15].

Зерттеу барысында «демографиялық орнықтылық» ұғымы аналитикалық модель ретінде қолданылды. Біз оны қатаң эмпирикалық индекс ретінде емес, үш негізгі құрамдасқа сүйенетін түсіндірмелік схема ретінде пайдаландық: басқару сапасы, адами капитал және өңіраралық тепе-теңдік. Егер басқару сапасы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі мен өңірлік үйлестіруді күшейтсе, ал адами капитал білім мен денсаулық көрсеткіштерін жақсартса, демографиялық серпін орнықты сипат алады. Керісінше, өңіраралық дисбаланс күшейіп, инфрақұрылым сұранысты сіңіре алмаса, халық санының өсуі өзі әлеуметтік қысымға айналады. Бұл тәсіл демографиялық саясатты жай есептік көрсеткіштерден шығарып, оның сапалық мазмұнын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ақпараттың сенімділігін арттыру үшін триангуляция қағидасы қолданылды: ресми статистика, халықаралық деректер, ғылыми еңбектер және саясаттық құжаттар өзара салыстырылып отырды. Әдіснамалық тұрғыдан бұл бір дереккөздің шектеулерін екіншісі арқылы өтеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар зерттеу дизайнінің шектеулері де бар. Біріншіден, біз бұл мақалада өңірлік деңгейдегі бастапқы сауалнама немесе сапалық интервью материалдарын пайдаланған жоқпыз; демек, талдау негізінен екінші реттік деректерге сүйенеді. Екіншіден, ұсынылған демографиялық орнықтылық моделі пилоттық-аналитикалық сипатта, сондықтан оны толық эмпирикалық валидациялау келесі зерттеулердің міндеті болып табылады. Дегенмен дәл осы тәсіл Қазақстандағы демографиялық саясаттың қазіргі мазмұнын жүйелік деңгейде пайымдауға жеткілікті негіз береді.

### 1 – кесте. Демографиялық орнықтылықтың аналитикалық өлшемдері

| Өлшем                       | Мазмұны   | Негізгі тәуекел   | Саясаттық салдар   |
|-----------------------------|---|---|--|
| Туу орнықтылығы             | Фертильділіктің күрт құлдырауға ұшырамай, әлеуметтік қайта өндіруді қамтамасыз ету қабілеті | Бала күтімі инфрақұрылымының әлсіздігі; еңбек-отбасы теңгерімінің бұзылуы | Отбасын қолдау саясатын күтім экономикасымен ұштастыру                 |
| Жас құрылымының орнықтылығы | Еңбекке қабілетті және егде буын арасындағы тепе-теңдікті сақтау                            | Қартаюдың жеделдеуі; тәуелділік коэффициентінің өсуі                      | Белсенді қартаю, қайта даярлау, өмір бойы білім алу саясатын күшейту   |
| Кеңістіктік орнықтылық      | Халықтың аумақтық орналасуы мен инфрақұрылым сыйымдылығы арасындағы үйлесім                 | Агломерациялық шоғырлану; өңіраралық дисбаланс                            | Өңірлік жоспарлауды дерекке негіздеу, инфрақұрылымды саралап дамыту    |
| Институционалдық орнықтылық | Әлеуметтік институттардың демографиялық өзгерістерге бейімделу қабілеті                     | Салалық фрагментация; саясаттардың үйлеспеуі                              | Көпдеңгейлі басқару және межесекторлық үйлестіру механизмдерін кеңейту |

*Ескерту: Авторлардың жеке дереккөздерінен*

Кестеде ұсынылған демографиялық орнықтылықтың аналитикалық өлшемдері демографиялық саясатты бағалаудың көпқырлы тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл модель демографиялық үдерістерді тек сандық өсім немесе кему ретінде емес, әлеуметтік, институционалдық және кеңістіктік тепе-теңдікпен тығыз байланысты жүйелік құбылыс ретінде қарастыруды көздейді. Әрбір өлшем өзара тәуелді болып табылады және олардың біріндегі әлсіздік жалпы демографиялық орнықтылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сондықтан ұсынылған құрылым демографиялық саясатты жоспарлау мен бағалауда кешенді тәсілді қолданудың теориялық негізі ретінде қызмет етеді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасындағы соңғы онжылдық демографиялық өзгерістерді тек сандық өсім динамикасы ретінде емес, сапалық құрылымдық қайта құру кезеңі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Демографиялық үдерістердің қазіргі эволюциясы халық санының артуымен қатар оның кеңістіктік, жас құрылымдық және әлеуметтік-институционалдық параметрлерінің күрделенуімен ерекшеленеді. Бұл жағдай демографиялық саясатты тек статистикалық өсімге бағытталған құрал емес, көпдеңгейлі басқару жүйесі ретінде қайта қарастыру қажеттігін айқындайды. Демографиялық өзгерістер енді тек халық санын өлшеу емес, қоғамның ішкі құрылымын қайта ұйымдастыру процесі ретінде көрініс табуда, бұл өз кезегінде мемлекеттік жоспарлау логикасын да өзгертеді және ұзақмерзімді стратегияларды қайта қарауды талап етеді.

Ең алдымен, халық санының өсуі Қазақстанда негізінен табиғи өсім есебінен қамтамасыз етілгені анықталды. 2023 жылдың соңында халық санының 20 миллиондық межеден асуы туу мен өлім-жітім арасындағы оң айырманың шешуші рөлін көрсетеді. Бұл үрдіс бірнеше құрылымдық факторлардың бір мезгілде әсер етуімен түсіндіріледі. Біріншіден, 1980-жылдары қалыптасқан демографиялық толқынның қазіргі уақытта репродуктивтік жасқа енуі табиғи өсімді күшейтті. Екіншіден, мемлекет тарапынан енгізілген әлеуметтік қолдау шаралары, отбасылық жәрдемақылар, аналық капитал элементтері және бала күтімі бойынша инфрақұрылымның кеңеюі туу көрсеткіштеріне қолайлы институционалдық орта қалыптастырды. Үшіншіден, отбасы институтының мәдени және әлеуметтік маңызының сақталуы демографиялық мінез-құлықтың тұрақтылығына ықпал етті. Сонымен қатар өңірлік деңгейдегі туу айырмашылықтары да жалпы өсім динамикасына әсер етуде, бұл демографиялық саясаттың аумақтық өлшемін күшейтеді және өңірлік басқарудың маңызын арттырады.

Сонымен қатар 2021 жылы тіркелген жоғары туу көрсеткіші Қазақстанды жаһандық демографиялық қысқару үрдісімен салыстырғанда салыстырмалы түрде ерекшелендіреді. Дегенмен бұл құбылысты ұзақмерзімді тұрақты тренд ретінде интерпретациялау ғылыми тұрғыдан негізсіз болуы мүмкін. Фертильділік деңгейі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға өте сезімтал болып келеді. Урбанизацияның күшеюі, тұрғын үй құнының өсуі, бала күтімі инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, балабақша мен мектеп жүктемесінің артуы және еңбек пен отбасылық өмір арасындағы теңгерімнің институционалдық әлсіздігі алдағы кезеңде туу деңгейіне қысым түсіруі ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі демографиялық серпін белгілі бір уақыттық терезедегі қолайлы сәйкестік ретінде қарастырылуы тиіс, ал оның орнықтылығы институционалдық саясатқа тікелей тәуелді және экономикалық факторлармен тығыз байланыста дамиды.

Көші-қон динамикасы да зерттеу нәтижелерінің маңызды бағыты ретінде ерекшеленді. Ұзақ уақыт бойы Қазақстан үшін тән болған теріс көші-қон сальдосы 2023 жылы оң мәнге ие болып, жаңа демографиялық және экономикалық тартымдылық кезеңінің басталуын көрсетті [16,р.54]. Бұл өзгеріс геосаяси факторлармен, аймақтық тұрақсыздықпен және Қазақстанның транзиттік әрі тартушы кеңістік ретіндегі рөлінің күшеюімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар еңбек нарығындағы сұраныс құрылымының өзгеруі және шетелдік жұмыс күшіне қажеттіліктің артуы да әсер еткен факторлардың бірі. Дегенмен көші-қон сальдосының оң болуы мәселенің толық шешілгенін білдірмейді. Мигранттардың кәсіби құрылымы, еңбек нарығына интеграция деңгейі, тілдік және әлеуметтік бейімделуі, білім жүйесіне қолжетімділігі және ұзақ мерзімді орнығуы көші-қон саясатының нақты тиімділігін анықтайтын негізгі индикаторлар болып қала береді. Осылайша көші-қон тек сандық көрсеткіш емес, адами капитал сапасын қайта бөлудің күрделі механизмі ретінде қарастырылуы қажет және мемлекеттік саясаттың кешенді тәсілін талап етеді.

Урбанизация үдерісі Қазақстан демографиясының ең маңызды құрылымдық трансформацияларының бірі ретінде анықталды. Халық санының жалпы өсуіне қарамастан, оның кеңістіктік таралуы біркелкі емес сипатта дамуда. Ірі қалалар мен агломерациялық орталықтар демографиялық тартылыс нүктесіне айналып отыр, ал солтүстік және шығыс өңірлерде халық санының салыстырмалы азаюы мен қартаю үрдісі байқалады. Бұл жағдай тек урбанизация деңгейімен емес, оның асимметриялық сипаты арқылы ерекшеленеді. Демографиялық өсімнің белгілі бір географиялық аймақтарға шоғырлануы инфрақұрылымдық жүйеге, тұрғын үй нарығына, білім беру мен денсаулық сақтау қызметтеріне, қоғамдық көлікке және еңбек нарығының құрылымына қосымша қысым түсіреді. Осылайша урбанизация демографиялық саясаттың нәтижесі ғана емес, оның негізгі құрылымдық сынақтарының біріне айналған стратегиялық фактор және өңірлік теңсіздікті күшейтетін механизм ретінде көрінеді.

Жас құрылымын талдау Қазақстанның әлі де болса демографиялық дивиденд кезеңінің әлеуетін толық жоғалтпағанын көрсетеді. Еңбекке қабілетті және жас халық үлесінің салыстырмалы жоғары болуы экономикалық даму үшін уақытша мүмкіндік терезесін қалыптастырады. Алайда бұл мүмкіндік автоматты түрде экономикалық артықшылыққа айналмайды. Егер білім беру сапасы, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі, еңбек нарығының өнімділігі, инновациялық қабілет және өңіраралық теңгерім жеткіліксіз болса, демографиялық дивиденд әлеуметтік қысымға айналуы мүмкін. Сонымен қатар цифрлық трансформация мен жаңа технологиялық секторлардың дамуы да осы демографиялық ресурстың тиімді пайдаланылуына әсер етеді. Демек жас құрылымының тиімділігі институционалдық сапамен тікелей байланысты және адами капиталға инвестиция деңгейімен анықталады.

Қартаю үдерісі қазіргі кезеңде апатты сипат алмағанымен, оның тұрақты әрі қайтымсыз тренд ретінде қалыптасып келе жатқаны байқалады. Егде жастағы халық үлесінің біртіндеп артуы әлеуметтік қорғау жүйесіне, денсаулық сақтау саласына және күтім инфрақұрылымына қосымша жүктеме түсіреді [11], [12]. Бұл құбылыс аймақтық деңгейде біркелкі емес таралған: солтүстік өңірлерде қартаю деңгейі жоғары болса, оңтүстік өңірлерде жастар үлесі басым. Мұндай кеңістіктік дисбаланс әлеуметтік саясатты бірыңғай стандартпен емес, сараланған өңірлік тәсілмен жүргізуді талап етеді. Сонымен қатар ұзақмерзімді күтім жүйесін дамыту қажеттілігі күшейіп отыр, бұл демографиялық саясаттың жаңа институционалдық кезеңін айқындайды және әлеуметтік мемлекеттің функцияларын кеңейтуді талап етеді.

Жүргізілген талдаудың жинақталған нәтижелері Қазақстандағы демографиялық ахуалдың екіұдай сипатын айқын көрсетеді. Бір жағынан, халық санының өсуі, салыстырмалы жоғары туу деңгейі және жас құрылымының қолайлы болуы ел үшін маңызды демографиялық ресурс қалыптастырады. Екінші жағынан, урбанизацияның шоғырлануы, өңіраралық теңсіздік, көші-қон құрылымының толық тұрақтанбауы, еңбек нарығының аймақтық дисбалансы және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз бейімделуі бұл ресурстың ұзақ мерзімді орнықтылыққа айналуын шектейді. Осыған байланысты демографиялық саясаттың тиімділігі тек халық санының өсуімен емес, осы өсімді әлеуметтік, экономикалық және институционалдық жүйелердің сңіре алу қабілетімен өлшенуі тиіс деген қорытынды жасалады.

### **Талқылау**

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы демографиялық саясаттың қазіргі кезеңде терең парадигмалық трансформацияны бастан өткеріп отырғанын айқын көрсетеді. Демографиялық үдерістерді басқару логикасы бұрынғыдай тек халық санын реттеуге немесе туу деңгейін ынталандыруға бағытталған тар әкімшілік модельден шығып, қоғамның ұзақ мерзімді әлеуметтік ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін кешенді институционалдық жүйеге айналууда. Бұл өзгеріс демографиялық саясаттың объектісін түбегейлі қайта анықтайды: мәселе енді сандық көрсеткіштерде емес, адами капитал сапасында, кеңістіктік теңгерімде, жас құрылымының тұрақтылығында және әлеуметтік институттардың бейімделу қабілетінде жатыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы демографиялық даму бір мезетте екі қарама-қарсы үрдісті қатар көрсетеді. Бір жағынан, салыстырмалы жоғары туу деңгейі мен табиғи өсім елге демографиялық ресурсты кеңейтуге мүмкіндік беріп отыр. Екінші жағынан, осы өсім әлеуметтік инфрақұрылымға айтарлықтай қысым түсіреді. Мектептер, балабақшалар, алғашқы

медициналық көмек жүйесі, тұрғын үй нарығы және қалалық көлік инфрақұрылымы демографиялық өсім қарқынына толық бейімделе алмай отыр. Бұл жағдай демографиялық саясаттың табыстылығы тек макродеңгейдегі көрсеткіштермен емес, институционалдық жүйелердің “сіңіру қабілетімен” өлшенуі тиіс екенін дәлелдейді.

Қазақстандағы демографиялық дисбаланстың тарихи тамыры кеңестік кезеңдегі индустриялық қоныстандыру моделіне және орталықтандырылған аумақтық жоспарлауға барып тіреледі. Бұл модель солтүстік пен шығыс аймақтарда өнеркәсіптік шоғырлануды күшейтсе, оңтүстік өңірлерде демографиялық өсімнің жоғары болуына әкелді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1990-жылдардағы экономикалық дағдарыс көші-қон ағындарын күшейтіп, өңірлік теңсіздікті одан әрі тереңдетті. 2000-жылдардан бастап экономикалық тұрақтану демографиялық өсімді қалпына келтіргенімен, кеңістіктік құрылымды түбегейлі теңестіре алған жоқ. Сондықтан қазіргі кезеңдегі негізгі проблема — демографиялық өсімді сақтау емес, оны аумақтық және инфрақұрылымдық тұрғыдан теңгерімді басқару.

Қазақстандағы өңірлік демографиялық теңсіздік тек статистикалық айырмашылық емес, ол әлеуметтік-экономикалық дамудың кеңістіктік моделін айқындайтын құрылымдық фактор болып табылады. Сол себепті демографиялық саясатта өңірлік ерекшеліктерді ескеретін дифференциалды тәсілдерді енгізу маңызды. Әсіресе инфрақұрылымдық инвестицияларды халық тығыздығына және көші-қон бағытына сәйкес қайта бөлу ұзақмерзімді теңгерімді қамтамасыз етудің негізгі тетігіне айналады.

Осы контексте «демографиялық орнықтылық» ұғымы зерттеудің орталық аналитикалық категориясына айналады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, демографиялық орнықтылық тек халық санының тұрақтылығын білдірмейді. Ол, ең алдымен, демографиялық жүйенің сыртқы және ішкі күйзелістерге бейімделу қабілетін, адами капиталды үздіксіз қайта өндіруін, жас құрылымының тепе-теңдігін сақтауын және кеңістіктік теңсіздіктерді басқару мүмкіндігін қамтиды. Осылайша орнықтылық статикалық емес, динамикалық сипатқа ие құбылыс ретінде қарастырылады. Демек, қазіргі демографиялық өсім автоматты түрде орнықтылықтың дәлелі емес, тек оның институционалдық қолдау болған жағдайда ғана жүзеге асатын әлеуеттік шарты.

Осы тұрғыдан алғанда, демографиялық орнықтылықты қамтамасыз ету тек демографиялық көрсеткіштерді бақылау арқылы емес, институционалдық өзара үйлесімділікті күшейту арқылы мүмкін болады. Мемлекеттік басқару жүйесі, әлеуметтік саясат және экономикалық жоспарлау арасындағы байланыс әлсіреген жағдайда, демографиялық өсімнің өзі теңгерімсіздік факторына айналуы ықтимал.

Қартаю үдерісін талдау да осы логиканы растайды. Дәстүрлі саясаттық дискурста қартаю көбіне фискалдық қысым көзі ретінде түсіндіріледі: зейнетақы шығындарының артуы, денсаулық сақтау жүйесіне жүктеменің өсуі және еңбек ресурстарының қысқаруы. Алайда мұндай көзқарас мәселені тым тар шеңберде қарастырады. Перспективалық жас тұжырымдамасы көрсеткендей, қартаюдың салдары тек хронологиялық жаспен емес, функционалдық белсенділікпен анықталады [17,р.1287]. Егер мемлекет егде жастағы халықтың еңбек нарығына қатысуын кеңейтсе, қайта даярлау жүйесін дамытса және белсенді қартаю саясатын енгізсе, қартаю әлеуметтік жүктемеден гөрі институционалдық жаңғырудың факторы бола алады. Бұл бағытта адами капиталға инвестиция шешуші рөл атқарады [18,р.587].

Көші-қон саясатына қатысты нәтижелер де маңызды қайта ойлауды талап етеді. Қазақстан үшін миграциялық саясаттың тиімділігі тек таза сальдо көрсеткішімен өлшенбеуі тиіс. Негізгі назар мигранттардың сапалық сипаттамаларына — білім деңгейіне, кәсіби дағдыларына, еңбек нарығына бейімделуіне және әлеуметтік интеграциясына аударылуы қажет. Көші-қонды тек “келу-кету” логикасы ретінде емес, адами капиталды кеңістіктік қайта бөлудің стратегиялық механизмі ретінде қарастыру демографиялық саясаттың тиімділігін арттырады. Бұл өз кезегінде өңірлік даму саясатымен тікелей үйлесімді талап етеді.

Сонымен қатар көші-қон үдерістерін басқаруда ұзақмерзімді стратегиялық жоспарлау ерекше мәнге ие. Егер көші-қон тек қысқа мерзімді еңбек тапшылығын жабу құралы ретінде қарастырылса, онда ол өңірлік дисбалансты күшейтуі мүмкін. Сондықтан көші-қон саясаты демографиялық емес, сонымен бірге экономикалық және кеңістіктік даму стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет.

Осы талдаулар Қазақстан демографиялық дамуының эволюциясын “дағдарыстан қалпына келуге, ал қалпына келуден орнықтылықты жобалауға” өту кезеңі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Алайда бұл трансформация автоматты түрде жүзеге аспайды. Демографиялық өсімнің әлеуметтік артықшылыққа айналуы білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй саясаты, күтім экономикасы және өңірлік жоспарлау жүйелерінің тиімділігіне тәуелді. Егер бұл салалар бір-бірімен үйлеспесе, демографиялық серпін жаңа әлеуметтік қысымдардың көзіне айналуы мүмкін.

Осыған байланысты зерттеу нәтижелері демографиялық саясаттың болашақтағы басым бағыты ретінде төрт негізгі блокты көрсетеді: әлеуметтік инфрақұрылымды демографиялық болжаммен үйлестіру, көші-қонды сапалық басқару, қартаюға бейімделген әлеуметтік модель қалыптастыру және дерекке негізделген басқару жүйесін дамыту. Бұл бағыттар өзара байланыста болған жағдайда ғана демографиялық өсім ұзақмерзімді орнықтылыққа трансформациялана алады.

## 2 – кесте . Қазақстандағы демографиялық саясаттың басым бағыттары

| Бағыт                       | Нақты саясаттық міндет  | Күтілетін әсер  |
|-----------------------------|---|---|
| Әлеуметтік инфрақұрылым     | Мектепке дейінгі тәрбие, емхана, тұрғын үй және қоғамдық көлік сыйымдылығын демографиялық болжаммен үйлестіру | Халық өсімінің инфрақұрылымдық қысымға айналу қаупін азайту                 |
| Көші-қонды басқару          | Білікті кадрларды тарту және ұстап қалу, өңірлік қоныстандыруды мақсатты үйлестіру                            | Адами капиталдың сапасын сақтау және аумақтық дисбалансты төмендету         |
| Қартаюға бейімделу          | Ұзақмерзімді күтім жүйесін, белсенді қартаю бағдарламаларын және икемді жұмыспен қамтуды дамыту               | Әлеуметтік жүктемені жұмсарту және егде жастағы халықтың әлеуетін пайдалану |
| Дерекке негізделген басқару | Өңірлік демографиялық мониторинг пен болжамдауды тұрақты саясаттық циклге енгізу                              | Шешім қабылдау сапасын арттыру және ресурстарды дәл бөлу                    |

*Ескерту: Автордың жеке дереккөздерінен*

Осыған байланысты кестеде (Кесте 2) ұсынылған бағыттар Қазақстанның демографиялық саясатының тек теориялық емес, қолданбалы деңгейдегі стратегиялық басымдықтарын нақтылайды. Әрбір бағыт жеке сектор ретінде емес, біртұтас демографиялық басқару экожүйесінің өзара байланысқан элементтері ретінде қарастырылуы тиіс. Әсіресе әлеуметтік инфрақұрылым мен көші-қон саясатының үйлесімі, сондай-ақ қартаюға бейімделу мен дерекке негізделген жоспарлау жүйесі демографиялық орнықтылықты қамтамасыз етудің негізгі шарттары болып табылады. Осылайша, кесте тек жіктеу құралы емес, зерттеудің эмпирикалық нәтижелерін саясаттық ұсыныстарға айналдыратын аналитикалық көпір қызметін атқарады.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасындағы демографиялық саясаттың соңғы онжылдықта мазмұндық және институционалдық тұрғыдан елеулі трансформациядан өткенін көрсетті. Демография енді халық санының статистикалық қозғалысын сипаттайтын тар сала емес; ол адами капиталдың сапасын, кеңістіктік орнықтылықты, әлеуметтік институттардың бейімделу қабілетін және ұлттық дамудың ұзақмерзімді траекториясын айқындайтын стратегиялық платформаға айналды.

Талдау нәтижелері Қазақстанның қазіргі демографиялық ахуалының екіұдай сипатын айқындады. Бір жағынан, салыстырмалы жоғары фертильділік, табиғи өсім және жас құрылым

елге демографиялық мүмкіндік терезесін ашып отыр. Екінші жағынан, урбанизацияның шоғырланған сипаты, өңіраралық теңсіздік, күтім инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, көші-қон сапасын басқарудың әлсіздігі және қартаю инерциясы бұл мүмкіндіктің ұзақмерзімді орнықтылыққа айналуын шектейді. Демек, демографиялық табысты енді халық санының өсуімен ғана өлшеу жеткіліксіз.

Мақалада ұсынылған тұжырым бойынша, Қазақстандағы демографиялық орнықтылық халық санының механикалық сақталуымен емес, демографиялық құрылымның сапалық теңгерімімен, адами капиталдың өнімділігімен және әлеуметтік институттардың жаңа шындыққа бейімделу қабілетімен анықталады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ саясаттың басымдықтары дерекке негізделген өңірлік басқаруды күшейтуге, бала күтімі мен ұзақмерзімді күтім инфрақұрылымын дамытуға, көші-қонды селективті әрі сапалы басқаруға және урбанизацияны жоспарлы арнаға түсіруге бағытталуы тиіс.

Біз пайымдаймыз: Қазақстан үшін негізгі міндет енді демографиялық өсімді сақтау емес, сол өсімді сапалы әлеуметтік қайта өндірудің шартына айналдыру. Егер бұл міндет орындалса, қазіргі демографиялық серпін елдің ұзақмерзімді тұрақтылығын күшейтетін артықшылыққа айналады; егер орындалмаса, ол жаңа әлеуметтік және аумақтық дисбаланстарды тереңдетуі мүмкін. Сондықтан демографиялық саясатты ұлттық дамудың өзегіндегі жүйелік институт ретінде қарастыру – тек теориялық тұжырым емес, нақты саяси қажеттілік.

### **References:**

1 Weeks J. R. *Population: An Introduction to Concepts and Issues*. – 13th ed. – Boston: Cengage Learning, 2021. – 512 p.

2 Vollset S. E., et al. *Fertility, mortality, migration, and population scenarios for 195 countries and territories from 2017 to 2100 // The Lancet*. – 2020. – Vol. 396, Issue 10258. – P. 1285–1306. – DOI: 10.1016/S0140-6736(20)30677-2.

3 Bhattacharjee N. V., et al. *Global fertility in 204 countries and territories, 1950–2021, with forecasts to 2100 // The Lancet*. – 2024. – Vol. 403, Issue 10440. – P. 2057–2099. – DOI: 10.1016/S0140-6736(24)00550-6.

4 Lesthaeghe R. *The second demographic transition: A concise overview // Proceedings of the National Academy of Sciences*. – 2014. – Vol. 111, №51. – P. 18112–18115. – DOI: 10.1073/pnas.1420441111.

5 Kan M. *Sustained and universal fertility recuperation in Kazakhstan // European Journal of Population*. – 2023. – Vol. 39, №1. – Art. 23. – DOI: 10.1007/s10680-023-09671-6.

